


С (Башк.)  
1957

МҰСТАЙ КӘРІМ

YШ  
ТАҒАН



78451



— (Башк  
К 57

# Мұстай Кәрім

## YШ ТАҒАН

П О В Е С Т Ъ

Хульяма һәм һырәк  
китаптар бүлеге

Отдел рукописной и  
редкой книги



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ АЛМАТЫ-1965

Башқырдың халық ақыны Мұстай Кәрім — көп-теген тамаша олеңнің, поэмалардың, пьесалардың авторы.

Ол жас үландарға арнал екі повесть жазды, оның біріншісі — «Біздің үйдің қуанышы» — халықтар достығына, Ұлы Отан соғысы кезінде халқымыздың қаһармандық ерлігіне, соғыс қасіретіне душар болған балалардың тағдырына арналған. Осынау повесть алғаш рет 1952 жылы жарық көрді, сонан соң екі рет қайта басылды.

Мұстай Кәрім фашизмге қарсы шайқастарға өзі де белсене қатысқан адам. Сондықтан да болар, сол бір киян-кеекі кезеңді шындықпен суреттеп берді.

«Үш таған» атты бұл жаңа повесі башқыр бала-ларының соғыстан кейінгі шақтағы өмірін, істерін бағынадайды. Автор повесіндегі төрт кейіпкерінің — төрт достың қунделікті ойынын, өкпелесіп, қайта та-туласқанын, күлкілі қызықтарын, елеулі істерін әзілдей отыра, шын ықыласпен әдемі суреттейді.

Қаршадай достардың пайдалы да улкен іске үм-тылған талабы, қажымас күшті жігіт болғысы келген ниеті кітап оқушыларды ынтықтырмай қоймайды.

Башқырдың осы заманғы деревнясын, оның адамдарын жазушы жетік бледі, сондықтан да асқан су-йіспеншілікпен суреттейді.

Кең пейілді азамат, ер жүрек жауынгер, әрі ақын Мұстай Кәрімді халық та ерен қадір тұтады.

Мұстай Кәрім бүгін таңда РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары және РСФСР жазушылар Одағы Басқармасының Секре-тары.

78451

Аударған Ы. Төребаев

Башк. республиканская  
БИБЛИОТЕКА  
им. Н. К. КРУПСКОЙ



## БҮРКІТТІ АУЛЫ

Сендер Бүркіттіде болып көріп пе едіңдер? Жоқ? Дүниедегі ең көрікті ауылдың бірі — Бүркіттіні көрмей, қалай ғана өмір сүріп келгенсіңдер? Эрине, сендерге қызын да шығар... Ал шынын айтсақ, Бүркіттіні көру былай тұрсын, тіпті сонда туып, сонда өскен адамдар да бар. Айтып-айтпай не керек, нағыз бақытты жандар, міне нақ солар! Ойлап көріңдерші, олар жарық дүниеге келісімен-ақ Бүркіттіге тап болады! Қалай дегенмен, әр кімнің көңліндегісін табу қызын. Тіпті Бүркіттіде туып-өскендердің арасында да қызылы адамдар бар, солар Бүркіттіден өз ықтиярымен кетіп, көз көріп, құлақ естімеген жерлерге барып, туған аулына қайтып келгенде, әр қылы қызықтарды айтып, аузійның суы құриды. Мұны айтқанда, мен соғысқа барғандар жайында айтып отыргам жоқ. Біздің ауылдан да көп адамдар соғысқа барды. Бірақ олар тамаша көрейін деп барған жоқ қой. Соғыста оған мұрша келмейді. Шіркін бейбітшілікке не жетсін! Ауылдан аттап шығып көрмеген шалдар да қиялдың қанатына мініп, апельсин мен лимон өсетін жақтарға баруды, түпсіз де тұңғылық

теңіздер мен мұхиттарды, қыс түспейтін елдерді, тұн болмайтын шалғай жерлерді көруді арман етеді...

«Шіркін-ай, сол жақтарға барып, өз көзімізben көрсек еді!» — деп армандайды олар. Неге екенін кім білсін, «Шіркін-ай, Бұркіттің көрер ме еді!» — деген жанды мен күні бүгінге дейін көре алмадым.

Жалғанда осындай еш нәрсеге қызықпайтын енжар адамдардың бар екеніне таң қаласың. Эрине, олардың халі аянышты-ақ.

Әлгіде ғана айттым ғой, біздің Бұркіттіде дүние көрген кісілер көп деп. Тіпті қарыс жерге қадам баспаған адамдардың өздері де құр алақан емес. Олар да акты қарадан айыра біледі. Біздің ауылдың шопаны Шарифолла атайды-ақ мысалға алайықшы. Шарифолла атайдың жасы алпыста. Ол бесіктен белі шыққаннан бері өзіміздің ауылдан күндік жерге барып көрген жан емес, сөйтсе де әмбе әлемді бес сауағындағы біледі! Оның сөзіне тек құлақ сала қойыңыздаршы!

«Қызыл бояуды Қызыл теңіздің суынан, қара бояуды — Қара теңіздің суынан, ақ бояуды — ақ теңіздің суынан жасайды... Сондай-ақ,— дейді ол,— сары да, көк те, жасыл да теңіздер бар... Қандай бояуды қаласаң да таба аласың. Ал жылы жақта мидай жазық, теп-тегіс жерлер бар, сол жер бетімен кәдімгі жұмыртқаны күн шыққанда домалатып жіберсең, күн батқанға дейін тоқтамай домалай береді. Домалай береді!»

Міне, Шарифолла атай осындай! Еш жерге барып көрген жоқ, білмейтіні тағы жоқ!

Біздің Бұркіттің қарағайлы, қайыңды қалың орман жамылған Орал тауы қоршап жатыр. Ауылдың екі жағында үлкен екі көл бар. Бұл көлдердің бірін Қалқанкөл деп атайды, ал екіншісі — Қылышкөл. Қалқанкөл алысырақ, ал Қылышкөл — ауылдың дәл іргесінде. Көктемде тау бектері жасыл кілемдей жайқалған шақта, Қалқанкөлдің суы да жылиды, Қылышкөлдің суы шыжыған шілдеде де мұздай сұпсуық, түссен жененді қарып кетеді.

Дүниеде еш нәрсе де өздігінен жараган емес, осынау екі көлдің жараганы жайында да қылыш-қи-

лы аңыз бар. Баяғы өткен заманда, Оралды жат жерден келгендерден қорғаған шақта, қас батырлардың біріне садақтың оғы тиіпті-міс. Әлгі батыр жан тапсырып, гұрс етіп жерге құлап түскенде, оң қолындағы қылышы бір жаққа, сол қолындағы қалқаны — екінші жаққа ұшып кетіпті. Қылыш түскен жерде сұық көл орнапты да, қалқан түскен жерде — сұы жылды көл орнапты. Осынау екі көлдің сұы не себепті екі түрлі болды екен деп сұрайтын болсаңыз, біздің Шарифолла атай:

«Мұның себебі, қылыш — адамды өлтіретін та-  
жал құрал, қалқан — адамды ажалдан қоргайтын  
жақсы құрал!» — деп ықыластانا жауап береді.

Бұл екі көл де — сұы көлкіген терең, әдемі көлдер. Бүркіттің көркін келтіріп тұрган осынау көлдер ғана екен деп ойладап жүрмеңдер. Бүркіттің төңірегінде өркештері жарыса аспанмен ойнаған биік таулар бар. Көкорай шалғынды сансыз сай-саланың ұшы-қыры көз жеткісіз. Мөп-мөлдір бұлақ сұы сылқ-сылқ күледі. Қия бетте тау ешкілер тастан тасқа секіріп, ойнақ салғанда, әр түрлі әнге басып, күн шуақ көктемнен бастап, күзгі боз қырау түскенге дейін тамылжыта сайраған құстар үні бір тынбайды. Көктемде күн күркіреген шақта тау іші дамылсыз гүрілдеп, айналаны жаңғырықтырады, асқақ тау төбесімен көкті тіреп, аспанды қақ айырып жібергендей. Соңан соң жаз шығады, сол кезде орман ішіндегі өсімдікке көз тұнады: жуандығы білектей аюбалдырған, үлкендігі — торғайдың басындар булдірген... Асқақ таудың жан баспаған сонау ұшар басында қыран бүркіт ұя салып, балапан шығарады. Сол балапандар қанаты қатып, өскен шақта, саңқсанқ етіп, ауыл үстін айнала ұшады. Міне, осыған орай бұдан талай жыл бұрын біздің мекеніміз Бүркітті аулы деп аталыпты.

## КӨКІРЕК ТАУДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Қылышкөлдің іргесіндегі биік тауды Көкірек тау деп атайды. Сол таудың теріскей беті ну қарагай болғанда, күнгей жағы — көсліп жатқан кең дала. Осынау тау бір қараганда, шашын жартылай алған адамның басына ұқсайды. Бұл маңда ағаштар дайым таудың қапталын өрмелей өседі, теріскейден соққан үскірік желден тауды жапырағын жауып, қорғап тұрғандай. Егер Көкірек таудың басына шығып, айналаға көз салсаң, көгілдір аспанның көк жиегіне көз жетпейді, ал төменде Жайық өзені бойын жайлалған Терме аулының үйлері ара ұясындаған болып көрінеді. Тіпті, тау беткейінде қойшылар жаққан оттың түтіні біздің Шарифолла атайдың трубкасынан шыққан түтіннен де жіп-жіңішке сияқты.

Жаздың алтап ыстық күніне дейін басынан ақ қар кетпейтін Керемет тауы шыңының өзі ғана соған қарай жүгірген көкжал толқын сияқты басқа шыңдардың ортасында күн нұрына шағылышып ерекше жарқырап көрінеді. Керемет шыңының алыстағы ұшар басына қараган сайын, шың көкке өрлеп, көз алдыңа келіп, қасыңа жақындаі түсіп, қол созым жерде тұрғандай көрінеді.

Кереметтің шыңына шығу — әр баланың-ақ арманы. Бұл үшін ит мұрыны батпас орманнан, тік қиядан, терең сайдан, иір-иір хауіпті соқпақ жолдан өтіп, бір күн, бір түн жол журу керек. Әрине, тәуекел еткен ер жігіт Кереметтің шыңына қалайда шықса керек.

Әрине, шығады да...

Әзірге Көкірек таудың күнгей бетінде Шарифолла атайдың қойы көк шөпті күрт-күрт шайнап жайылышып жүр. Тау басында үлкенді-кішілі бес кісі отыр. Бұлардың ішіндегі ең үлкені — ат жақты, жирен мұрт — Шарифолла атай, бұл кісіні сіздер білесіздер. Ал қалған төртеуі жайында, тегі, ешқашан да естімеген шығарсыздар. Бұған таң қалатын ештеңде де жоқ. Олар әзірге ауызға ілігіп те көрген емес. Бұлардың үшеуі күні кеше ғана әртүрлі бағамен бесінші класты бітірді, тәртіп жағы да мақтарлық болған

жоқ, бір жақсысы, әйтеуір қайта емтихан бермей, аман құтылып кетті... Тау басында отыргандар әр түрлі адамдар, есімдері де өзгеше. Тұмсығы біздей арық бала Фабдолла, оның шашы күйедей қап-қара. Қолың тиіп кетсе, жабыса түсетін сияқты. Ана бір жалпақ танау, домалақ бет, дембелше келген жуан бала — Вәзир. Оның екі беті ыстықта да, сүйкта да әрдайым нарттай қып-қызыл. Вәзириң көзі дамылсыз жыптылыштап тұратын әдеті бар. Бір кезде жаңадан келген мұғалім апай сотанақтық істеп отыр екен деп, осы қылышы үшін оны кластан қуып шыққанды. Вәзириң көзі жыптылыштап тұrsa да, рогатқадан атқанда, қалт жіберіп көрген емес. Құралайды көзге ататын мерген.

Үшінші адам — Айдар. Бұркіттідегі жирен шашты бала — осы Айдар ғана. Оның тағы бір аты — Ортеке. Ортекедей оргитын болғандықтан жұрт оған осылай ат қойыпты. Төртінші адам — қызы бала, ол басқалардан шеткерірек отыр. Оның жасы әлі жетіге толған жоқ. Тышқанның қүйрыйғындаі жіп-жіңішке бұрымына қызыл лента тағыпты, бұл қыздың аты да әдемі — Гүлнұр. Ізгі жақсының бәрі есіміне сыйып тұр: әрі гүл, әрі нұр. Бәрі де жарасып тұр-ау. Тал бойында бір кемшілігі бар — күрек тісі жоқ, сондықтан аузында сөзі де тұрмайды.

Қазір бұл тәртеуі Шарифолла атайдың сөзін ынтыға тыңдал отыр. Құн арқан бойы көтеріліп қалған, сол құн сәулесі Шарифолла атайдың ысталған мұртын жылт-жылт еткізіп барып, астыңғы ернін аймалады, сондықтан болар, Шарифолла атайдың аузынан шыққан әrbіr сөз құлаққа ерекше әсерлі естіледі.

Осы атай не айтып отыр екен? Біз де тыңдал көрейік.

— Кереметтің басына шығу — қыран бұркіттің ғана қанаты жететін биікке шыққанмен бірдей,— дейді Шарифолла.— Оның ұшар басында ымырт жабылғаннан бастап жарқыраган жарықты шыр айнала ұшқан көбелек сияқты жұлдыздар секіріп, ойнақ салады. Жұлдыздар тау басын жанап, тәмен түседі, тіпті қол соз да ала бер. Қайсы бір тентек

жұлдыздар абайсызда шатқалға соғылып, быт-шыты шығады. Жұрттың әлгі жұлдыз құлады деп жүретіні міне осы. Керемет асағажап тау! Сөйтсе де Кереметтің үлкен қасіреті де бар: ерте заманда сол таудың басындағы кішкене көлдің ішінде алтын, күміс түстес балық көп екен. Аспандагы жұлдыздар тау басына түскенде, бәлкім, көлдегі әлгі балықтармен ойнайын деп түскен болар. Қөл ішіндегі балық әлде-қашан құрып біткен, бірақ жұлдыздар ескі дағдысын қоймaston күні бүгінге дейін айналсоқтап, Керемет маңынан кетпей, түсе береді... Алтын, күміс түстес балықтарды бір мыстан кемпір құртып жіберіпті. Әлгі мыстан көлге не бәрі бір гана шортан жіберсе керек. Со шортан көлдегі балықтарды жеті күн, жеті түнде жұтып бітіріпті. Керемет бұған қатты қайғырады. Қайғының қасіретінен көлдің де сұы тартыла бастапты. Қөл құргап кетсе, Керемет су қараңғы соқыр болып қалмақ. Сонда Керемет дайым келіп-кетіп жүрген бұлтты да, жарқыраған күн сөулесін де, түнде асыр салып ойнайтын жұлдыздарды да көре алмайды... Жалмауыз шортан да құрып кетіпти, амал қанша, ол пәле көлдегі тірі жәндікті туғел құртқаннан кейін барып өзі өліпті. Егер ел ішинен ерен ер жігіт шығып, көлге қайтадан алтын, күміс түстес балықтар жібермейтін болса, көл шынында сарқылып бітеді, сонда Керемет тау да қайғыға төзе алмай, мерт болады. Егер, күндердің бір күнінде, жарқыраған ақ басты сонау биік тау жымжылас жоқ бол кетсе, әрине, оның өкінішінің орны әсте тола қоймас... Солай емес пе, жігіттер? — деп сұрады Шарифолла.

Бірақ «жігіттер» ештеңе деп жауап қата қоймады.

## БАСТЫҚ САЙЛАУ

Күн көзі алыстағы орманға барып үялағанда, Шарифолла атай қойын фермаға қарай қаптатты, балалар болса үйлеріне қайтты.

Осынау сәтте бірінші болып сөз бастаған Вәэзир еді.

— Ия, Кереметтің халі мұшкіл екен...  
— Бәрі де жалмауыз шортанның қырсығы! —  
деп қостады Айдар.

— Шортан емес, әлгі мыстанның пәлекеті,— деп  
түзетті Габдолла сәл ойланып, кесімді сезін айтып,—  
жоқ, Кереметке қасірет шектіре беруге болмайды!

— Көп етіп уылдырық жинайық та,— деп кеңес  
берді Вәзир,— көлге апарайық. Балық уылдырықтан  
жаралады ғой.

Айдар оның сезін кілт үзді.

— Уылдырық емес, тірі балық апару керек!

— Қызыл уылдырық магазинде де сатылады,—  
деді Гүлнұр.

Сол сол-ақ екен, балалар бір-біріне жалт қарасты.  
Осындай елеулі іс жайында әңгіме болып жатқанда,  
мынадай жандай шаптың қажетсіз екенін олар бір-  
ден-ақ үгystы.

Сол замат Айдар қарындастына сұстана қарап:

— Кәне, тайып тұр! — деді.

Бұған қаймыққан Гүлнұр жоқ, қарсыласа түсті.

— Кетпеймін... бар, керек болса, өзің тайып тұр!

— Саған айттым ғой, тайып тұр!

— Кетпеймін, өзің кет!

Гүлнұр сияқты қызбен қатал сөйлесуге бол-  
майды. Құр әмірден ештеңе шығар емес. Мұны Ай-  
дар тез аңғарып, жаңа тәсілге көшті. Енді ол қарын-  
дастын алдаусыратып, уәдемен жарылқады.

— Гүлнұр, егер сен менің тілімді алсан, мен са-  
ған торғайдың балапанын ұстап берем, бір емес, еке-  
үін ұстап берем!

— Шың айтасың ба?

— Шың айтам!

Гүлнұр бұған тез иланды. Отырган орнынан атып  
түрді. Кішкене тұлымы селт етті де, секіре басып  
ауылға қарай жүгіре жөнелді. Әп-сәтте-ақ оның шұ-  
бар көйлегі желп етіп бір көрінді де, көзден ғайып  
болды.

Біздің жақта еркектер үлкен іс жайында сөйлес-  
кенде, ешқашан да түрегеліп тұrmайды. Ақылды ой  
отырган кезде келмек. Міне бұл дәстүрді балалар да  
ұмытқан жоқ. Ес жинап, ақыл тоғыту үшін олар да

алдымен көк шөптің үстіне жайласып отырды. Кереметті аман сақтап қалу керек пе, жоқ па? — деген мәселені талқылап жатудың қажеті де жоқ. Керемет тау қалай да аман болуға тиіс? Ал қазір сол Кереметті аман сақтап қалу амалы жайында әр кімнің пікірі әр түрлі болды. Колхоздың балықшылар бригадасынан барып жәрдем сұрауга Айдар кеңес берді. Бұған Вәзир қатты қапаланды, күйіп кетті білем, кекете сөйледі.

— Жәрдем, жәрдем бе саган керегі! Бар, айқай салып, ауылды шарла, жәрдем сұра! Бишара! Тыфу! — деп жақтырмаған көзбен теріс бұрылды.

Мұның қараптан-қарап осыншама бүлінгеніне Айдар ашуланды, ол Вәзиридің жағасынан ала түсейін деп тап беріп еді, Габдолла арашаға түсті.

— Батырлар, шекісп жататын уақыт емес! Ең алдымен бір-бірімізге ант берейік, осы жердегі уәдемізді өңімізде де, түсімізде де тірі жанға тіс жарып айтпайтын болайық. Бұл өзімізден бөтен жан білмейтін аса құпия сыр болсын. Етімізден ет кесіп алса да, дарға асса да осы құпия сырды ешкімге де ашпайық! Кім тіліне сақ бола алмаса, сол — қара бет болсын. Міне осыған ант етейік!

Габдолла екі қолын мандайына қойып, бірінші болып ант берді:

— Ант етем!

Оның бұл сөзін Айдар мен Вәзир де шын ықыласымен қайталады:

— Балалар, енді былай етейік,— деді Габдолла,— біз бір шелек, бәлкім екі шелек балық аулап алайық, мұның бәрі де жәй балық емес, түгелдей үйлдышық шашатын балық болсын!

Вәзир отырган орнынан ұшып тұрды.

— Балықты аулап, әуре болып не керек? Қылышкөлден балық аулайтын балықшылардың аулап алған балықтарын қайда сақтайтынын мен білем! Қас қарайса-ақ болғаны, сендерге мен бір шелек емес, тіпті екі шелек балық әкеп берейін! Тек ең алдымен сол балықты сақтайтын себет тоқу керек болар.

— Болмайды. Адал істі арам қолмен атқармас болар! — деді Габдолла салмақпен.

Осынау сөзді ол бір кезде Шарифолла атайдың аузынан естіген-ді. Есінде берік сақталып қалыпты.

Бұл аталы сөзге Вәзир құлақ асқан жоқ.

— Мынау неге сонша шекіре耶 қалды,— деп, енді ол Ғабдоллаға жақтырмадан пішінмен сығырая қарады.— Ақылгөйсінүін қарашы? Білмеген жан мұны бастық шығар, деп те ойлар, сірә...

— Балалар! — деді сол сәтте Айдар.— Бізге шынында да, бір бастық керек. Кім бастық бола алады?

Айдардың бұл сұрағына ешкім іле жауап қайтарған жоқ. Қалай жауап қатсын. Оп-оңай нәрсе емес. Келелі кеңес болып жатқан шақта, әлдекімнің пікіріне ойланбастаң, бірден қосыла кету ер азаматқа лайық па екен? Балаларда әлі үн жоқ. Осы қалыпта олар біраз отырысты, қалай дегенмен, Айдардың сөзін аяқсыз қалдыруға да болмайды.

— Әлбетте, бастық сайлау керек,— деді сайлау тәртібін мейлінше жақсы билетін Ғабдолла.

Әшейінде де сыпайыгерліктен бойы аулақ,— оның мәнісіне түсіне алмайтын Вәзир, үсті-үстіне жыптылық қағып, балаларға жатып кеп жалбарынбасы бар ма?

— Балалар деймін, ә балалар, мен өмірімде бір-де-бір рет бастық болып көрген жоқ едім... Айдар класком болды, Ғабдолла болса — қабырға газетінің редакторы. Ол аудандық слетке де барды... Санатқа қосылмай жүрген жалғыз мен...— Вәзириң даусы дірілдеп, екі көзі мөлтілдеп жасқа толғалы да түр еді.

Вәзириң мына бір қылышы Ғабдолланың намысына тиді білем. Қатты зекіріп, таудың желіндегі ызғарлы үні Вәзириң бір желпіп өтті.

— Бастықты сұрап алмас болар!

Вәзир бір сәт үнсіз тұрып қалды, дегенмен ілкі уміттен кенет бас тартқан жоқ, жалтарып, тағы бір амал тапты.

— Зеребе! Зеребе салайық! Немесе таяқ үстаса-ыйық, кімде-кім үске шықса, сол бастық болсын!

Бұған Айдар қарсы шықты.

— Зеребе салу, таяқ ұстасу ойынға қолданыла-  
тын тәсіл. Ал біздің ісіміз тіпті де ойын емес. Менің-  
ше, жарысайық: кім озса, сол — бастық болсын.

Вәзир желаяқ жүйрік емес-ті, дегенмен оның да  
тал бойына біткен бір қасиеті бар-ды, ол мергендік.  
Осы бір жайтты арқаланып, ол қарқылдаپ келіп күл-  
месі бар ма.

— Ха-ха! Тапқан екенсің! Сонда сен жүйрікті  
бастық қоймақсың ба? «Бастық» — бас деген сөзден  
шыққан, аяқ деген сөз емес! Білмесең, аузыңды жап  
та жайына тұр! Ең әбзелі, келіндер, мергендігімізді  
сынасып көрейік! Кімде-кім, мұлт жібермей, мер-  
ген атса, сол командир! Төрелігін ана Габдолла-ақ  
айтын!

Габдолланың да өз ойы бар, ол да сөз кезегін асы-  
га күтіп тұрган-ды, енді саспастан:

— Ең дұрысын айтайын ба? — деді.

— Айт!

— Ең дұрысы — күресіп, күш сынасу керек.  
Кімде-кім алышқанда алып ұrsa, сол бастық болмақ!

Габдолламен сөз таластырып жатудың қажеті  
жоқ еді, әйтсе де балалар көп айтысты. «Қара күш  
көрсетіп бастық болатын заман әлдеқашан өткен», —  
деген сөздерді айтам деп Вәзир тіпті қас пәлеге қала  
жаздады.

Сайып келгенде әділеттілік жеңді. Үш ұсыныс-  
тың үшеуі де қабылданды. Олар алдымен жарыспақ.  
Ауылдың арғы шетіндегі жалғыз қарагайға дейін  
жүгіру керек. Үшеуі де балақтарын түріп сапқа тұр-  
ды. Айдар қолына таяқ алды да, жүгіретін жерге  
белгі қойды.

Вәзир команда беріп тұр.

— Бір, екі, үш.

Садақтан атылған жебедей болып, Айдар ә деген-  
де-ақ алға үздік шықты. Жүгіргенде желдей есті!  
Табандары тіпті жерге тимейді, тек өкшесі ғана ан-  
да-санда бір жалт-жұлт етеді! Габдолла да көпке  
дайін одан қалысқан жоқ. Вәзир енесіне ерейін бе,  
ермейін бе деген жалқау құлын сияқты, шаңға да  
ілесе алмай қалып қойды.

«Жириң шайтан! — деп ұрысты ол Айдарды.—

Тас атып аяғын сындырар ма еді өзінің! Сүрініп те кеттейді екен, оңбаған, зымырауын қаraphы!»

Шынына келгенде Айдардың сүрінер түрі жоқ еді, ол Ғабдолланы делбе бойы артта қалдырып, белгіге бірінші болып жетті де, жалғыз қарагайды ба-рып құшты. Ғабдолла екінші орын алды. Ал Вәзир бишара жарты жолға жеткенде, жерге жалп етіп құлады, тұра сала табанына үңіліп, әлденені шұқы-лап отыр. Бәлкім оның аяғына тікен кіріп кеткен шығар. Сол тікенді қарап отырган болар, әлде аяғы-на кірген тікенді алды ма кім білсін, әйтеуір біраз отырып орнынан тұрды да, ақсай басып, жолдастарына келді.

— Неге соңша жан-пәрменіңді салып жүгіресің, аяғыңды аясаң болмай ма? — деп күлді Айдар оған қарап.

— Аяғыма тікен кірді,— деді Вәзир.— Мен жа-рысқа қатысқам жоқ. Солай есептеңдер!

Балалар қолма-қол Вәзиридің табанын мұқият қа-рап шықты. Көп үңілді, бірақ былтырғы жараның орнынан бөтен ештеңе де таба алмады. Вәзир де сөз таластыра қойған жоқ. Амал қанша, бұл жарыста жеңіліп қалғанын еріксіз мойындағы. Балалар енді істі ұзаққа созбай, жарыстың жаңа турін бастады. Үшеуі де шалбарларының қалталарынан жауынгер құралдарын — рогаткаларын қолдарына алды. Рогатканы олар ешқашан да жандарынан тастамайтын. Жарыстың шарты бірауыздан қабылданды. Қара-гайдың төменгі сынық бұтағына Айдардың кестелі тақиясы ілінді. Мұнан соң, қарагайдан отыз қадам өлшеніп, жерге қазық қағылды. Осы жерден тұрып ату керек. Қалтада әрқашан дайын жүретін тастар-дан, жұмыр үш домалак тас санап алынды. Жарыс-тың шарты бойынша, кімде-кім тақияға үш рет дәл тигізсе, сол адам — жеңіп шықпак. Ату кезегі алфа-вит бойынша белгіленді. Бірінші болып Айдар атты. Әуелгі тас быж етіп, тақияның үстінен өтті. Екінші тас дүңк етіп қарагайға тиді. Үшінші ретте Айдар ұзақ көздеді. Дәл осы жолы тақиясының быт-шытын шығарғысы келді оның, амал не, тас өз жайына кетті, ал тақия табжылмай әлі тұр.

Екінші болып майданға Вәзир шықты. Әуел баста, көзін сыйырайтып, нысанага сәл қарап түрдү ол, онан соң рогаткаға тас салып, резинканы кере тартты. Сол заматта оның жалпақ танауының устіне келіп бір маса қона қалды. Оған Вәзир тіпті былқ етпеді. Мұны көріп тұрған Айдар іштей масага кейіді.  
«Ақымақ шіркін! Танауына қонғанша, көзін шұқып алсаң еді!»

Айдар масага кейіп үлгіріп болмай жатып-ақ, бұтақта ілулі тұрған тақиясы жерге топ ете түсті.

— Бір құймақ майланды дей бер! — деді Вәзир масаттанып.

Ғабдолла жүгіріп барды да, тақияны қайтадан орнына ілді. Зу етіп, тас екінші рет атылғанда, тақия тағы да жалп етті. Бұл жолы Айдардың басы дың етті. Атылған тас тақияға емес, оның маңдайына тарс еткендей болды.

— Екінші құймақ майланды дей бер,— деді тағы да үлкен мақтанышпен.

Ушінші атыс даулы болды. Тақия жерге тусуін түсті, бірақ бұтақ қозғалып кетті, содан болса керек. Бұл жолы тас тақияға тимей, бұтаққа тиген-ді.

Вәзир бұрынғыдан бетер шаттанып, «ушінші құймақ майланды!» — дей бергенде, енді Айдар қуаныш кетіп:

— Майлауынды қоя тұрарсың — майың жетпес.

— Ә бәлем, шымбайыңа батты ма? Ішің қүйіп бара ма? — Ушінші атқанда, тақияға тигізе алмай, мұлт кеткенін Вәзирдің өзі де білетін. Дегенмен, жүгіргіш мақтаншактың көңілін әбден басып тастағысы келді.— Міне, көрдің бе, осылай ату керек, Айдар достым! — деп лепірді ол.— Бұл саған өкшенді жалт-жұлт еткізіп, безек қағатын жүгіріс емес.

— Осыншама бөсуден тілің қалай ғана талмайды! — деп кейіді Ғабдолла.— Вәзир, өзің-ақ әділін айтшы, ушінші тасың тақияға тиген жоқ қой!

Әйтсе де, Вәзир оған қысылған жоқ... Атысқа келгенде, Айдар сияқты Ғабдолланың да озып кете алмайтыны оған жақсы мәлім. Ақыры солай болып шықты. Ғабдолла үш рет атып, бір-ақ рет тигізді. Сейтіп, ол екінші орында қалып қойды.



Балалар күрес алаңын таңдап алыш, соңғы сайысқа түскен шақта, күн ұясына таяп, жалғыз қарағайдың көлеңкесі картоп егісіне жетіп қалған-ды. Зеребе салынды. Вәзир мен Айдар алақандарына түкіріп, бір-біріне қарсы тұр.

— Алыспақ керек пе, жұлдыспақ керек пе? — деп сұрады Айдар нағыз балуандарға еліктеп.

— Алыспақ та керек, жұлдыспақ та керек! — дейді Вәзир, алақанына үсті-үстіне түкіріп.

Сабан тойда сан рет күреске түскен балуандардың ежелгі дәстүрін де ұмытқан жоқ олар, ең

алдымен жауырын түйістірді. Соңан соң жейделерінің етектерінен бүре ұстасып алды да, белдесіп кетті. Бір-бірін ұршықша үйіріп, шыр кебелек айналыш жүр.

Әркімнің-ақ алысқанын жерге алып ұрып, басынан аттап өткісі келеді-ақ. Біздің балуандар арсыл гүрсіл көп алысты. Ентігіп, бір-біріне берісер емес. Айдар әлденеше рет тіресіп, Вәзирді басынан асыра лақтырмақ та болды. Бірақ Вәзир бар салмағын салып, шаттан тіреп жатыр. Осы бір сәтте Айдардың қеудесі қысылып, жүрегі алқымына тығылды. Балуандар көп алысты, өте әділ күресті, бірде-бірі аяқтан шалған жоқ, құлық-сұмдық қолданбады. Вәзир кенет бар күшін бойына жинап, Айдарды бүріп алып қеудесін қысты да жерден тік көтерді. Айдардың тілім-тілім болып жарылған жалаң аяғы салақтап аспанға көтерілді. Вәзирдің өзі де тәлтіректен зорға тұр. Сейтсе де, бар күшін жинап оқыс қимылдады. Ә дегенше-ақ, Айдарды басынан аса бір-ақ лақтырды. Осы бір сәтте, әлдене пыр етіп, қарыс айрылды. Айдар жерде сұлап жатыр. Оның екі уысында Вәзирдің үстіндегі көк жейденің ұзынша екі жыртығы оралып қалыпты.

Әуел баста ешкім ештеңе аңғарған жоқ еді. Енді бір қарағанда, Вәзир түрегеліп жатыр екен, басы-көзін тер басып кетіпті, қеудесі тыр жалаңаш. Үстіндегі көк жейдеден небәрі екі жені, ал мойнында жағасы бөлек қалыпты.

— Ха-ха! — Фабдолла қарқ-қарқ құледі.— Балуан кейпіңе енді келіпсің!

Жығылған кезде Айдардың жамбасына тас батып, ауырып қалған еді, онысы да есінен шығып кетсе керек, Фабдоллаға қосыла қарқылдалап енді ол да құлді:

— Ха-ха-ха! Жолбарыс терісін киген батыр!

Қаннен-қаперсіз Вәзир тұр. Басы-көзін тер басып кеткен. Қалың терді сүртпек ойы болып, үстіндегі жейдесінің етегін іздеді. Сол мезетте, қолы жалаңаш денесіне барып тиді. Айдардың қолындағы шұбалаңдаған шүперек өз жейдесінің етегі екенін сондаған аңғарды Вәзир.

Вәзир мойнында қалған жағасын сипап көрді, сыр білдірер емес, ренжитін түрі көрінбейді. Танауын көтеріп, ерлене сөйлеп тұр.

— Бас аман болса, дұние табылар!

Устіндегі кек жейденің пәре-пәре болғаны Вәзирдің ойына кіріп те шықлады. Бәлкім, басқа бір бала болса, бұл үшін бақырып жылар ма еді, әлде Айдармен тәбелесер ме еді. Вәзир мұндай ұсақ-түйекке айылын жияр емес... Бұған қоса Вәзирдің үйде тагы бір жейдесі бар-ды. Рас, сол жейденің түсі қандай екені Вәзирдің есінде жоқ. Қүнге құйіп онып кеткен. Қалай дегенмен дәтке қуат. Жейде бары рас.

Сайды қуалай салқын самал есті. Құрес алаңы теп-тегіс, шаңы шығып тапталып қалған. Балуандардың алысқанына көп болды. Әлі ешкім батыл қимыл көрсеткен жоқ. Вәзир етті болатын. Оның арқасын шып-шып тер басыпты. Ғабдолланың жейдесі әлі құп-құрғақ. «Жарау аттан тер шыққанша, шабан

**И** аттай әлі тың. Дегенмен, бекер арпалыстың да мезгілі жеткендей. Ғабдолла Вәзирмен алыса-алыса жалықса керек. Ол бір сәт табан тіреп тұра қалды да, өзі жата қалып, Вәзирді басынан асыра атып жіберді. Вәзир бұлай болады-ау деп күткен жоқ-ты. Жерге қалай топ ете түскенін өзі де байқамай қалды. Ұзаққа созылған арпалыс осылайша әп-сәтте-ақ тынды. Мұны бірінші болып Айдар анғартты.

— Сайлау аяқталды,— деді ол.— Кәне, бастық, енді бізді қол астына ал.


Төрт көз бірден Ғабдоллаға қадала қалды. Оның бастыққа лайық екені кімге болса да аян. Ол күшті де батыл.

Вәзир жаратылсында күншілдік, қызғаншақтық дегенді білмейтін. Бірінші болып сөзді сол бастады.

— Отқа салсаң да, суға айдасаң да біз әзір! Біз сенің адад досыныз!

Бұл сөз Ғабдоллаға қатты ұнады білем, ол да егіле сөйледі.

— Балалар, ертегіде айтылатын үш батыр да айнымас дос болған: бірі — жүйрік, екіншісі — мерген болғанда, үшіншісі — балуан!



— Ал, бастық біреу-ақ болады.

— Сен — бастық! Саган ура! — деп айқай салды Айдар!

— Ура! — деп қолдады Вәзир. Даусы аса қатты шықты, тау да «Ура-а-а!» лап күнгірледі.

Габдолла киіміндегі шаңды қағып, белбеуін тузып буды. Кәдімгі бастықтар сияқты тамағын қырнап қойып, әмірлі үнмен алғашқы жарлығын пашетті.

— Кереметті құтқару үшін ұйымдастын отряд — «Үш таған» аталсын. Осыған ризасындар ма?

— Ризамыз! Ошақ үш тағанын тірек етеді. Жәнеде осындаі бір би де бар,— деп әзіл айтты Вәзир.

Айдар риза екенін білдіріп басын изеді.

Балалар осындаі тарихи қарап қабылдады да, құшақтасып, ауылға қарай аяңдады.

Осынау мезетте «Үш таған» мызғымастай берік сезінді, оның үш мүшесі ақ ниетпен ант берді, сейтіп мәңгілікке айнымас дос болды.

## ВӘЗИРДІҢ АЛҒАШҚЫ АҒАТТЫҒЫ

Мерген Вәзирдің көңіл күйі көтеріңкі. Оң қолымен бастықты құшақтап келе жатыр. Откен күнге ой жіберді. Он екі жасқа дейін бастық болмай-ақ келген екен, бұдан былай да бастық болмай-ақ жасай берер. Барлық адам бірдей бастық бола бермек емес. Вәзирдің өз есебі түгел. Міне енді ол «Үш тағанның» бір тіреуі. Ол болмаса, таған құлап қалады! Ол енді осындаі қадірлі жан. Өзінің осыншама қажетті адам болғанына Вәзирдің көңлі судай тасыды. Әлдекімді қуантпақ та ойы бар. Әлдекімге бір жақсылық жасамақ, игілікті іс істемек. Ол шалбарының сол жақ қалтасын сипап қояды. Осынау қалтада бағалы бір зат жатыр. Манадан бері оның мазасын алып келе жатқан да сол нәрсе. Оны өзі де әлі анықтап көрген жоқ.

— Балалар, ә балалар,— деді ол кенет.— Сәл тоқтаңдаршы. Бастық деген қарусыз журмес болар! — Ол қалтасына қолын салды да, мүйіз сапты

әдемі бәкіні сұрып алып, бастыққа берді.— Мә, Габдолла, осы бәкіні сен ал.

Бастық пен жүйрік екеуі сілейіп тұрып қалды, бәкіні көргенде олардың төрт көзі сегіз болды. Мұндағы асыл затты өмірінде көргендері осы.

— Қайдан алдың?

— Қайдан алғанымда нең бар!

— Берген соң ал!

Бастық бәкіні алуға асықпады. Әрине, бәкі оған ұнап-ақ тұр, ұнаганда өте қатты ұнады! Ол тіпті бәкіге қолын да соза бергенде, әлдеқайдан бір сұық ой сап ете түсті. «Осынау асыл зат Вәзирдің қолына жаңылыста түскен жоқ па екен?» Бұл мергеннің қолының ұғанақтығы да бар-ды, ебін тауып, оңай жатқан нәрсе болса, іліп алып кете беретін.

— Қайдан алдың, шыныңды айт! Шыныңды айтпасаң, бәкіңе бармағымның ұшын да тигізбеймін! — деді қатулы бастық.

— Саған неғылған шындық керек?.. Берген соң ал, іс бітті.

— Жоқ алмаймын! Шыныңды айт, бұл бәкіні сен қайдан алдың?

Вәзир томсырайып тұр.

— Қайдан алдың дейсің бе? Шынымды айтсам...

— Дұрысын айтсам не болмақ?

— Дұрысын айтатын болсам, мен бұл бәкіні бағана Шарифолланың дорбасынан сұрып алып едім. Немене, ұнамай ма? — Осыны айтқанда, Вәзирдің өні қашып кетті. Кешіргісіз бір ағаттық іс істегенін өзі де енді сезді.

Габдолланың түсі сазарып, екі көзі шатынап барады.

— Ұрладың ба? — деп ақырды ол, ашуға бұлып, екі жолдасын екі жаққа итеріп жіберді.— Ұрладың ба, оңбаған?

— Ұрлагам жоқ, жәй сұрып алдым,— деп ақталды Вәзир,— сабы көрініп тұр екен.

Габдолла құлашын сермен, жақтан періп жіберді.

— Жұзі қара, ұры!

Құлашын сермен тағы да ұмтыла бергенде, Айдар қолын шап беріп ұстап жібермеді.

— Бастық, қолыңды былгама! — деді ол, өзі Вәзирге жиіркене қарады.

Бастық әзер шыдап, Вәзирге тесіле қарап тұр. Сол заматта ол екінші әмірін жариялады.

— Шопан Шарифолланың сүйек сапты бәкісін үрлағаны үшін ұры Вәзир «Үш тағаннан» шығарылсын, біздің жолдасымыз деп саналмасын, оған қол берілмесін, онымен ешкім сөйлесспесін! Жүзі қара!

— Ұры, жүзі қара! — деді Айдар да.

Вәзирдің төбесінен жай түскендей болды. Оның жаңағана кекке алып ұшқан жайдары көңлі су сепкендей басылды. Басы төмен салбырап кетті. Сол мезетте оның көзі көң домалатқан қоңызға түсті. Элгі қоңыз жаңағана інінен шығып тұр екен. Жан-жағына қарады да жоргалап жайына кете барды. Бұл сәтте қоңыз екеш қоңыздың да халі Вәзирден әлдеқайда жақсы еді. Вәзирдің үстіндегі көк жейденің өрім-өрімі шыққан, оның жалбыраған жыртығын жел жүлқылайды. Мандайдан тер сорғалап, албыраған екі бетінде айғыз-айғыз із қалды, көздері бұрынғыдан бетер жыптылықтап кетті. Тек жейдесінің жағасында үзілмей аман қалған жалғыз-ақ түймеғана ештеме де болмагандай, өз орнында тыныш тұр. Сол бір минутта Вәзирдің тал бойындағы бірден-бір ақ нәрсе сол жалғыз түйме болатын. Вәзирдің осынау халі адамның жаны ашырлық. Ал жолдастарының оған жүргегі жібір емес. Бастықтың қатал үкімі мызғымастай берік.

Сол кеште құғынға түскен Вәзирге үшінші үкім шығарылды: үрланған бәкі Шарифоллаға дереу қайтарылып берілсін, ал Вәзир Шарифолланың алдына барып, аяғына жығылып, кешірім сұрасын. Егер Вәзир осы айтқанды іstemейтін болса, оны бүкіл ауылға масқаралап, ұры деп атау керек.

Бастық аяуды қойып:

— Вәзир — ұры! Бұдан былай оған ешқайсымыз да қол ұшын бермейміз, онымен сөйлеспейміз,— деді тағы да.

Сонымен «Үш тағаннаның» екі мүшесі сырт айналып, үйлеріне кетті. Бейшара болған үшінші таған жалғыз қалды. Қараңғы түсіп, көз байланды, ал ол

өз басындағы қасіретті жағдайды ойлап орнында әлі тұр. Бастықтың үшінші әмірі — бәкіні иесіне дереу қайтарып бер — дегені Вәзирдің жанына бәрінен де қатты батты. Ертең ақыр заман болады десе, онда Вәзир ойланып, қиналмас та еді, бірақ ертең ақыр заман емес қой, ертең де таң атып, күн шықпақ. Осыны ойлағанда, оның қабырғасы қатты қайысты. Талғы да біраз тұрды. Соңан соң аяғын ілбіп басып, фермаға бет алды. Бұл кезде Шарифолла шопан шаруасын бітіріп, үйіне қайтып келе жатыр еді, бұл екеуі жол үстінде кездесті.

— Атай,— деді Вәзир жалтақтап,— міне, бәкініз, Көкіректаудан таптым...

Шынын айтып, кешірім сұрауға Вәзирдің батылы жетпеді. Шопан болса, ештеңені аңғарған жоқ, бәкісін тауып әкеп бергеніне қатты қуанды.

— Жарайсың, жігітім! Көп рахмет! Адал азамат екенсің,— деді Шарифолла.

Ертеде «Бір рахмет мың пәледен құтқарап» — дейтін. Бірақ Шарифолланың мақтауы да, «рахметі» де Вәзирдің басына түскен пәлеге шамасы келер емес. Ол жолдастарынан айрылды, оның өзегін өртеп бара жатқан міне осы пәле еді.

## ҮЙ ШАРУАСЫ

Енді әлгі үш баланың үй ішіне үңіліп бір көрейік. Кімнен бастасақ екен? Бастықтан бастағанымыз жөн шығар. Өйтпесек, бастық шіркін бізге өкпелеп жүрер.

Ғабдолланың үйінде үш адам бар. Оның шешесі — сауыншы. Жаз басында-ақ көк жайлauғa көшіп кеткен. Үйде әжесі Нагима апай екеуі қалған. Оның әкесі соғыста қаза тапты. Ауыл адамдары оны гармоншы Мұхаммед деп күні бүгінге дейін ауыздан тастамай жүр.

Мұхаммед жайындағы қара қағаз соғыс бітуге еki апта қалғанда келген болатын. Сол қара қағазда: «Отан үшін ұрыста ерлікпен қаза тапты», — деген-ді. Осы қара қағазды алғанда шешесі мен әжесі

көз жасын көл етіп, көп жылады. Оナン соң үндері шықпай қалды, ұзақ күнге ауыз ашып, тіл қатқан жан болған жоқ. Ол кезде Ғабдолла жетіге де келген жоқ-ты. Солай бола тұрса да, бұл үйдің орны толмас қасіретке тап болғанын оның кішкене жүргегі сезетін, үлкендердің қатты қайғысына өзі де егіле қосылатын.

Сол бір кундерде Ғабдолла әкесінің ескі шапаны на оранып алғып, қақпа алдындағы тас үстінде ұзақ күнге мелшиіп отырды да қойды. Сол жылғы көктем күн шуақты болды. Апрель бітпей тұрып-ақ жер беті көгеріп, құлпырып кетті, тамылжып құс сайдады, көлде ақ шабақтар секіріп ойнақ салды. Көшпеден кетіп бара жатқан апайлар Ғабдолланың үйінің алдына бір тоқталмай өткен емес. Олар тұра қалып, қақпа алдында бүріспіп отырган балаға егіле қарайтын. Өзара ақырын ғана сыйырласып, «Бейшара» — дер еді. Қайсы біреулері жеңінің ұшымен көз жасын сүртетін. Ғабдолла ол кезде әкенің кім екенін, оның не үшін қажет екенін жете біле қойған жоқ-ты. Сөйтсе де, жас сәбидің нәзік көңілінен ауыр бір зіл арылған емес.

Арада біраз уақыт өтті. Бір күні Мұхаммедтің «Ерлігі үшін» медалі келді. Бұл медальді Мұхаммедтің майдандас жолдастары жіберсе керек. Содан бері міне алты жыл өтті. Ал Нагима әже әр бейсенбі сайын әлгі медальді жалтырата тазартады да, ұлының қабыргада ілулі тұрган портретінің астына қайтадан іліп қояды.

Міне, бүгін де күн бейсенбі болатын. Ғабдолла үйге кіріп келгенде, Нагима әже ұлының медалін тазартып отыр еді.

— Әкесіз бала — жүгенсіз ат. Тіл алуды қойдың. Түн болғанша қайда қаңғырып жүрдің? — деді әжесі ашуланып.— Ана Жақыптан үлгі алсаң болмас па? Қашан көрсөң де, үйдің айналасында жүргені. Уақытымен тамағын жеп, уақытымен сұын ішеді. Үстібасы да мұнтаздай, тап-таза! Ал сен болсаң, Вәэзирден екі елі айрылмай, қыр соңына ересің де жүресің! Үсті-басыңа қарашы, не боп кеткесің! О, аллай!

— Әже, олай демеңіз, Вәэзирдің өзі менің соңыма

еріп жүреді, әлі де еріп қалмас еді, тек мен оған соныма еруге рұқсат еткем жоқ,— деп мінгірледі Ғабдолла.

Нагима әже ештеңеден хабары жоқ болса керек. Осынау тұрған кішкене бала, өзінің немересі Ғабдолланың «Үш тағанға» бастық болғанын бұл кісі қайдан білсін. Егер, білген болса, әрине, Ғабдолламен бұлай сөйлеспесе керек-ті...

— Ана Жақыптан өнеге алсаң игі еді! — деп ұрысты әжесі.

— Қойыңызшы сол Жақыпты, әже! — деді Ғабдолла.

Жақып осы ауылдағы ең жуас, ең тіл алғыш бала болатын. Оның оқуға зеректігі де шамалы, дегенмен де хал-хадерінше тырысып оқитын, сол себепті сабакқа үлгерімі де жаман емес-ті. Мектепте мұғалімдер, үйде апалар мен әжелер балаларға ұрысқанда әр дайым Жақыпты өнеге етіп алға тартатын. Алысып-жұлысып ойнаған шақта, балалардың күмдерінің пәре-пәресі шығатын. Төбелесіп, жұдырықтасып қалғанда, ауыздары қанап, шекелері де жарылып қалып жүрді. Ал үйге қайтқанда, олардың еститіні әр қашанда «Ана Жақыптан өнеге алсаңдаршы!» деген бір ғана сез.

Осының арқасында бейшара Жақыпқа «Өнегелі Жақып» деген ат өзінен-өзі жабысты да қалды.

Балалар Жақыпты жек көреді, кейде тіпті төмпештеп те алатын. Ал Жақып болса бала болып, тірі жанға не үн қатып, не қол көтеріп көрген емес, ешбір шағым да айтқан емес.

Ғабдолланың жолы болды. Әжесінің ашуы ұзаққа бармады. Стол үстінде буы бүркырап бір тостаған бекпен тұрған-ды. Немересіне ұрысып болғанша, мына бекпен сұып кетер ме екен деген ой келді оның әжесіне.

— Бар да жақсылап қолынды жу, асқа отыр! — деп әмір етті әжесі. Өзі ауыр бір күрсініп алды да, тазартқан медальді ұлының портретінің астына апарап іліп қойды.

Стол үстінде шам жанып тұр. Жаңа ғана тазартылған медаль электр жарығына шағылысып

жалт-жұлт етеді. Бүгін Ғабдолла бөкпенде ерекше сүйсініп жеді. Бөкпенде тақырлап тауысқанша ол әлгі медальдан көз алған жоқ.

Қалай дегенмен, жаман болмады, әуел баста аздаған реніш болғаны рас, ақыры бұл үй біздің жаңа бастықты майлы бөкпенмен қарсы алды гой.

Ал Вәзириң шешесі Құрбанбике апай ұлын көре салысымен бүкіл ауланы басына көтерді. Амал не, Құрбанбике апай жаратылыста ашуы қатты адам. Тіпті сиыры жайылымынан қайтпай қалса да, көшени бойлай жүгіріп, ойбай салып жүргенін көресің.

— Құдай-ай, қасқыр жарып кетпейді еken сол қарасан келгірді! Әжмагұл молдаға қуана-қуана садақага берер ем.

Егер тауықтар бақшага кіріп кетсе, сол заматта Құрбанбикенің аңы қарғысы көршілердің құлағын жарады.

— Қырылыш қалғырлары, қырылыш қалмайды еken, сонда бір жаным тыныш табар еді! Кіш-кіш!

Айталақ тауық болмаса, сиыры болмаса, сонда Құрбанбикенің көрген күні не болар еді?

Вәзир бүгін үйге кірмес бүрын бір шама сақтық істеді. Үстіндегі жыртық көйлегін шешіп алды да, бүктеп, қолтығына қысыпты. Қақпаны ашып, аулаға кіре бергенде-ақ шешесінің ызбарлы дауысын естіді.

— Вәзир! Қараң өшсін, қараң өшкір! Осыдан үйге кіріп көр, бәлем! Өлтірем! Мойның үзілсін, мойның үзілгір! Жұмыс десен кегежең тартады, ойын десен дап-дайын тұрады, ойының осылғыр! Зәредей де зейінің болса, ана Жақыптан үлгі алар едің гой.

Вәзир он екі жасқа биыл шықты, осы өмірінің ішінде ол мұндаидар қарғап-сілеудің талайын естіген. Сондықтан да алар сыбагасына алдын ала мойын-ұсыныш, үйге қарай журді. Әділін айтқанда, Вәзирдің шешесі Құрбанбике тілі аңы болғанымен, Вәзирге қол жұмсал көрген емес. Вәзир жыртық көк жейдесін ауыз үйдегі сандықтың артына тықты да, үйге кірді. Экесі үйде жоқ еді, жұмысқа кеткен. Оның экесі Самиголла соғыстан бір аяғынан айрылып қайтқан, сол себепті колхоздың қоймасын күзеттетін.

Вәзиридің өзінен үш жас кіші Насиф дейтін інісі бар, үйге келсе, сол інісі қабыргаға қарап ұйықтап жатыр. Оның екі ұрты бұлтиып кетіпті, сірә ол аузына салған тамағын шайнап, жұтып үлгіре алмастан ұйықтап кеткен болса керек.

— Жейдең қайда, оңбаған? — деп тағы да зекірді Құрбанбике.

— Мама, мен биыл жазда жейде кимесем деймін. Денені шынықтыру керек қой,— деп, Вәзир аспай-саспай жауап берді.

— Шынықтыру емес, сені шықпыртып сабау керек! Жейдең қайда?

— Жейдем аздап сөгіліп еді, ауыз үйге қойып келдім.

— Ана, Әбіреш ақымаққа ұсап тыр жалаңаш жүр. Дамбалыңды да шешіп таста...

— Мама, маған көкірегімді ғана шынықтыру керек...

Құрбанбикенің ашуы құрғақ сабан сияқты: лау етіп жанатын да, лап етіп сөнетін. Бұл жолы да оның ашуы ұзаққа барған жоқ. Кенет мейірленіп кетті.

— Кел, қозым, отыр, тамағыңды іш.

Сонымен, шамалы ғана ұрыс-қарғыс естігеннен кейін Габдолла бастық сияқты мұның да аузына тәтті тағам тиді.

Ал, Айдарды ешкім де елең қылған жоқ, еске де алған жоқ. Тоғыз баланың ішінде оның бар-жоғын білген жан болмады. Айдар ас үйге кірді де кіреккеде тұрган айранды бір-ақ сімірді. Сонан соң сарайға барып, өз орнына жатты. Жастыққа басы тиісімен-ақ қор етіп, үйықтап та кетті.

Вәзиридің үйқысы келмей қойды. Ол есік алдына шығып, табалдырыққа отырды да аспандарғы жұлдыздарға қарады, Қереметтің үстінде қаптап тұрган көп жұлдыздың ішіндегі ең күңгірт жұлдызы — менің жұлдызым болар деп ойлады ол. «Осы қырсық шіркін не себепті менің қыр сонынан қалмайды екен? Неге?» — деп қамықты Вәзир.

Бұл түнде осы ауылда тағы бір адам көпке дейін көз жұма алмады. Бұл — Габдолла болатын. Оған үлкен жауапкерлік жүктелді. Осы бір шақта ол сан

қылыш ой үстінде жатыр. Не шара, «Үш тағанның» бір тіреуі шірік болып шықты. Енді үшінші тіреу табу керек. Айнымас адал үшінші жолдас қайдан табылар? Осынау маңызды да жауапты істі кімге сеніп тапсырарсың? Кімді таяныш етуге болады?

### ҮШІНШІ ТІРЕУ

Ғабдолла ұйқысынан оянған шақта әжесі үйде жоқ екен. Оның көзі ілкіде үйдің қабыргасына тұсті. Қабыргада жалтыраған дөңгелек медаль ілулі тұр. Ол орынан секіріп тұрды да медальға қолын соза беріп, кілт тоқтады. Әжесі Нагима есіне тұсті. Әжесі бұл медальді ешкімнің де қолына ұстаптایтын. Қолға ұстап та не керек? Былайда көрініп тұр ғой. Башқұрт кемпірлері алқа етіп таққан теңгелердің берінен де үлкен. Осынау жарқыраған күмісте қандай жазу бар екенін, бәлкім, Ғабдолла ұмытқан болар! Жоқ, ұмытқан жоқ, бұл жазуды жатқа біледі ол. Дегенмен, буын-буынға бөліп, бар даусымен айқайладап тағы да оқыды. «За от-ва-гу», «За от-ва-гу» осы бір шақта, ол қатты тебіренді, бұл сөздің терең мағнасын алғаш рет айқын аңғарғандай. Құміс медальға жазылған «За отвагу» — «Ерлік үшін» деген сөздің мағынасына Ғабдолла күні бүгінге дейін жете мән бермесе керек. Енді санасына берік қонғандай. Демек, оның әкесі — Ер адам болған! Олай болса, оны Мұхаммед батыр деп неге атамайды? Сірә, ешкім білмейтін болар...

Ертегіде айтылады ғой: батыр өлсе, ол өзінің қылышын, қалқанын, сауытын мұра етіп баласына қалдырып кетеді... Бәлкім, Ғабдолланың әкесі де «Мениң медалімді ұлымға беріңдер, мені есінде сактап, омырауында тағып жүрсін», — деген болар. Шынында да, дәл осылай деген шығар. Олай болмаса, әкемнің жолдастары бұл медальді біздің үйге жібермеген де болар еді-ау.

Ғабдолла қабыргада ілулі тұрған медальді ақырынғана алды. Соңан соң тозығы жетіп, қарай бастаған ескі айнаның алдына келді де, аяғының

ұшынан басып тұрып, оң жақ омырауына тақты. Бастық кісіге мына медаль жарасады екен. Бұдан былай ол медальді тастанмай тағып жүрмек. Әжесімен әр қашан да келісе алады. Азар болса аздап үрсар да қояр.

Медаль таққан соң Ғабдолланың омырауы жарқырап кетті. Сол бетінде далаға шыға келсе, қақпа алдында адад досы Айдар отыр. Айдардың мұнда келгеніне көп болған. Үйге кіруге батылы бармады. Соңан соң асықпай күтіп отыра берген-ді. Ғабдолланың омырауындағы медальді көргенде, қатты таң қалды ол. «Мұнысы несі? Әкениң медалін ойыншық сияқты бұлайша тағып жүргуге болар ма екен?» — деп ойлады. Дегенмен, бастықтың көңлін жасытқысы келген жоқ, жайғана күлімсірей сөйлемеді.

— «Ерлік үшін» медальді оң жаққа тақпайды, сол жақ омырауга тағады...

Медальді көргенде, досының шаттана қуанбағанына Ғабдолла іштей ренжіп қалды. Эйтсе де сыр білдірген жоқ. Медальді оң жағынан алғып, сол жақ омырауына қадады.

«Осы Айдардың білмейтіні жоқ», — деп ішінен күбірледі Ғабдолла.

Балалар енді өз істерінің жайын сөйлесіп кетті.

— Дұрысын айтқанда, Шарифолла атай Керемет құлайды деп аздап бөсіп жіберді білем, — деді



Айдар.— Егер, жер сілкінбесе, тау өзінен өзі құла-  
майды гой. Ол үшін қорықпау керек.

— Оның есесіне «Ұш таған» мерт болар деп сен  
қорқып жүрсің! — деп ашуланды Ғабдолла. Бұл  
кезде оның өзі де ренжіп тұрған болатын.— Қоян  
жүрек неме, несіне қорқасың?

— Мен қорқам ба?

— Ия, сен!

— Мен ештеңеден де қорықпаймын. Сен бекер-  
ден-бекер шытынама,— деді Айдар сабырмен.— Мен  
жай ғана әкемнен сұрадым. Әкем айтты. Рас, Кере-  
меттің басында көл бар. Ол келде балық жоқ. Әкем  
де айтады. Балықсыз көл — соқыр көзге тең. Біл-  
дің бе!

— Немене?

— «Немене!» Егер, біз сол келде балық өсірсек,  
өте жақсы болмақ! Көл жанданып кетпек!

— Сен солай деп әкеңе айттың ба?

— Тіпті де олай емес! Мен өйтіп айта қоймас-  
пын!

Досына қатты сөз айтып, ренжіткеніне Ғабдолла  
өзіне-өзі кейіді. Енді ол даусын жұмсартып, өз кінә-  
сін жуып-шая сөйлемеді.

— Білесің бе, Айдар! — айталық Керемет құла-  
май-ақ қойсын. Біз адамдарға бір көл балық өсіріп  
берсек, одан ғажап не бар! Балық еш қашан да жер-  
де қалмайды. Тек балықты немен ауласақ екен? Ең  
алдымен себет тоқу керек. Аулаган балықты соған  
жинаймыз. Қылыштың арғы бетінде бір шоқ қамыс  
бар. Сол жерде балық үйір-үйір болып жүреді!

— Себетті мен ә дегенше-ақ тоқимын,— деді  
Айдар.

Балалар Қылыштың арғы бетіне бүгін-ақ барып,  
сол жерде талдан себет тоқуды үйғарды. Осы бір  
сәтте «Ұш тағанның» екеуі-ақ қалуы бұларды қатты  
қүйіндерді. Осының бәрі бір адамның кесірі. Құллі  
істі бұлдірген әлгі тентек Вәзир! Қалай да, үшінші  
тірек табу керек! Балалар осы жайтты ойладап, күңгір-  
күңгір сөйлесіп отыр. Осы кезде өнегелі Жақып  
қолына шыбық алғып, көлге қарай қаз айдалап бара  
жатты. Бұлардың көзі енді Жақыпқа түсті. Сол

сәтте-ақ екі дос бірін-бірі тіл қатыспастан-ақ ұғысты.

— Ей, Жақып, бері келші! — деді Айдар.

Жақып тоқтай қалды.

— Көлге қаз айдап бара жатырмын,— деді ол, келер-келмесін білмей, сәл ғана езу тартып түр.

— Қаздар көлге сенсіз-ақ барады. Шақырғанда келер болар, кел деген соң — бері кел!

Кісі шақырған соң, Жақыптың келмеске шарасы қалмады. Шыбығын сүйретіп, шауып келді ол.

— Отыр,— деп бұйырды оған бастық.

Жақып оған бойұсынып, отырды.

— Осы сенің батыр болғың келе ме?

— Эрине, келеді... Тек қалай батыр болу керек? — Жақыптың екі көзі жалтырап, Габдолланың омырауындағы медальға қадала қарады. Соңан соң, «Бұл дүниеде не бақытты жандар бар-ау»... — дегендей ауыр күрсінді.

Бастық Жақыптың басынан аяғына дейін тағы бір қарап өтті. Габдолланың қадала қараган өткір көзін көргенде, Жақып бүрісіп, кіп-кішкентай болып кетті.

«Бұлар не істегелі отыр екен?» — деген үрейлі ой келді оған.

Сөйтсе, бекер-ақ күдіктенген екен!

Габдолла баптап сөз бастады, онымен кәдімгі өз теңдесіндей сөйлесіп отыр.

— Жақып, сен Көкірек таудың басына шығып көріп пе едің?

— Эрине, шыққамын.

— Кереметтің ақ басын көріп пе едің?

— Эрине, көргем!

— Эне сол таудың басында көл бар. Ал, сол көлде балық жоқ.

— Қой әрі, балықсыз көл болмайды ғой!

— Болады екен! Біздің — «Үш таған» деген отряд сол көлде балық есірмек. Сен бізге үшінші болып қосыласың ба? Отряд бастығы мына мен!

Жақып сасып қалды, бірден не дерін білмей, ыржалақтап күле берді.

Бастық сұрағын тағы да қайталады.

— Қосыласың ба?

— Шешемнен сұрап көрейін.

— Жақып-ау, өзің ынжық екенсің гой! Бұл құпия сыр. Біліп қой: дарға асса да, етіңнен ет кесіп алса да бұл жайында ешкімге ештеңе айтпа! Тіпті, шешене де айтпа! Ұқтың ба?

Габдолла отрядтың алдында тұрған міндетті тәп-тиштеп, асықпай түсіндіріп жатыр.

— Ең алдымен, уылдырық шашатын балықтарды көп етіп аулап алып, себетке жинаимыз. Сонан соң шелекке салып, Керемет таудың басына апарамыз. Біз баар жолда әр қадам аттаған сайын бұлақ бар, суды ауыстырып отыруға болады. Қорқатын болсаң басынан-ақ айт!

— Бұл үшін ұрыспас па екен?

— Кім ұрсуши еді?

— Апамшы...

— Ұрысатыны сөзсіз. Несі бар, біраз ұрсады да қояды. Жаңадан үлкен іс бастаған адамдарды ерте заманда да әуел баста ешкім қостамаған.

Алда тұрған істің маңызын, әрине, Жақып та ту-сіне қойған жоқ. Оны еліктірген басқа нәрсе болатын. Оны балалар әрдайым сыртқа теуіп жүруші еді, енді міне, қол ұшын беріп, іш тартып отыр. Құрдастар-мен бірге болуға жаңы құмар. Сол себепті, ол тіпті тілге келмestен-ақ келісті, ешкімнен ақыл сұраған жоқ. «Уш тағанға» өз еркімен енді, айнымас адал дос болам деп ант берді. Бастық оның алдына қосым-ша тағы бірнеше шарт қойды.

— Енді өнегелі болудан үш күннің ішінде біржо-лата қоштасасың! Рогатқадан мерген ат, ағашқа өрмелеп шыға біл, қарғуды, суда жүзуді үйрен! Мұның бәрі де қажет. Тағы да бір айтарым бар — Вәзирге қол бермейтін боласың!

— Ол не үшін!

— Оны саған әзірге білудің қажеті жоқ... Осы шарттарға ризамысың? Риза болсаң, ант бер!

— Ризамын! Ант етем! — деді «Уш тағанның» жаңа мүшесі.

Баstryқ үндемей тұрды да, тағы бір жайтты ес-кертті.

— Маған өздері жалынды гой, бұлардың күні

маған қарап қалған екен деп ойлап жүрмө! Біз сені адам етпекпіз. Мұны біліп қой!

— Жарайды,— деп Жақып басын изеді.

Сол сағаттан бастап үлкен саяхатқа зор әзірлік басталды. Жалпы келісім бойынша Габдолла мен Айдар Қылыштың аргы басына барып, себет тоқымақ. Ал Жақып болса, өнегелі болудан арылу үшін әзірге ауылда қала тұруға тиіс.

Оған берілген үш күннің біреуі әлдеқашан басталған-ды.

### ДАҢҚ — ӘКЕ БӨРКІ ЕМЕС

Айдар көшеде қалды, Габдолла жүгіріп үйіне кетті. Ол үйге келді де, бір жапырақ наң, әжесінің тек кеспені кесетін пышағын алып, баспалдаққа шыға келсе, әжесі үйге кіріп келе жатыр екен. Габдолла пышақты жалма-жан артына тыға қойды. Мұнысын әжесі байқамай да қалды білем, оның есесіне, немересінің омырауындағы медальді бірден-ақ көрді. Жүрегі дір етті де, бетіндегі әжімдері терендей түскендей көзінен үлкен бір қапалықтың ізі байқалды. Эйтсе де, сыр білдірмеуге тырысып, айқайлаған да жоқ, кейіген де жоқ. Немересін еркелеткендей, арқасынан қағып, жайлап қана:

— Ұлым, жүр үйге кірейік,— деді.

— Эже, біз Айдар екеуміз көлге бармақ едік.

— Барсандар, баарсыңдар. Айдар аздап күте тұрап.

Үйге кіргеннен кейін, Нагима әжей немересінің арқасынан тағы бір қақты.

— Медаль өзіңе жақсы жарасады екен.

— Рас айтасың ба, әже,— деп қуанып қалды Габдолла.

— Әжең жалған айтып көрген емес. Мына сен бес қыс сабак өкілдің ғой, әжеңе мына бір нәрсені түсіндірші: осы медаль не үшін беріледі?

— Ерлік үшін! Эже, мына медальда орысша со-лай жазылған,— деп түсіндірді Габдолла.

Әжесі мейірлене басын изеді.

— Жарайды, оқып бердін, жақсы түсіндірдің, рахмет. Ал бұл медальді кімге береді?

— Кімге дейсіз бе? Ерлерге, батырларға, батыл адамдарға!

Нагима әже иегімен гана немересінің омырауын көрсетіп (біздің жақта қасиетті атаулының бәрін сау-сақпен тұртіп көрсетпейтін бір дәстүр бар):

— Ал, мына медальді кімге берген?

— Әже, өзің білесің гой — әкеме берген! — деп таңқалды, әжесінің бұл сұрағына ол.

— Олай болса, бұл медальді кім тағып жүргуге тиіс?

— Эрине, әкем... ал ол соғыстан қайтпады ғой...  
Әже, әкемді есте сақтап, бұл медальді мен тағып жүрем.

Нагима шешей біраз уақыт үндемей қалды. Ғабдолла кете алмай, қипақтап отыра кетті. Шешей ауыр күрсініп, терең ойға шомды. Кім білсін, кәрі ана бір кездे мына немересі сияқты сәкі үстінде аяғын салбыратып отырған өз ұлын есіне алған болар. Ғабдолла әкесінен айнымайтын. Оның қылықтары, сабырлы құлкісі, дауысы әрдайым өз ұлы Мұхаммедтің балалық шағын кәрі анаға елестететін де тұратын. Мұхаммед те осы үйде туып, ержеткен-ди. Нагима әжей немересіне қарап бірсек қуанса, бірсек қамығатын. Мұны Ғабдолла да әрдайым анғарушы еді. Мұндай кездерде әжесіне еркелеп сүйкімді болуға тырысатын. Әжесінің дәл қазір не ойладап отырғанын бұл жолы да сезді ол.

Міне, Нагима әжей тағы бір рет ауыр күрсініп алып, жаңағы үзілген сөзді жәймен гана қайта бастады:

— Олай болса, балам, менің сөзіме құлақ сал... Батыр қаза тапса, — ұлына қылыш қалады, мерген өлсе — ұлына садағы мен жебесі қалады... Мезгіл жетіп, керек шақта әке қаруын балалар қолына алған. Әкеден мұра болып қалған соқамен баласы егін егеді, курегімен — жер қазады, балғасымен — темір соғады... Әкесінен қалған бөрікті баласының киоіне болады... Мына сенің басыңдағы бөркің де — әкеңнің бөркі. Ал әкеңнен қалған даңқ — бөрік емес!

Ол балаларына алма-кезек ауыса бермейді. Моржадан шыққан тұтін барша дүниені жылыта алмайды, сол сияқты ата даңқы да балаға қонбайды. Мына өзің әкеңе лайық болып, сенің істеген ісіңде адамдар танқалатын болса, онда әңгіме басқаша болмақ.

— Әже, біз де сондай іс істейміз. Оны өзің де әлі-ақ көресің! — деді Ғабдолла қыза сөйлеп.

— Лайым көрерге жазсын! — деді Нагима әжей жәймен ғана: — Өзіңе ұнаса тағып жүре бер... Мен медаль жайында айтып тұрмын. Мен қарсы емеспін...

Ғабдолла үндеген жоқ. Омырауындағы медальді алды да, қабыргадағы портреттің астына іліп қойды.

Сол шақта көшеден Айдар қатты бір ыскырды. Сірә, оның да шыдамы таусылса керек.

— Бар, бара ғой,— деді әжесі Ғабдоллаға.— Тек пышақты жогалтпағайсың.

Басқа уақыт болса, әжесі пышақты үйден алып шығуға рұқсат етпеген болар еді. Ал бүгін, бөтен сөз айтқан жоқ. Екі нәрсені бірден айтып, бір-біріне қөлденең түсетін нәрсемен немересінің көңілін қалдырығысы келмеді білем.

— Жарайды, әже! — деп, Ғабдолла атылып үйден шықты.

Немересі үйден шыққанинан кейін Нагима әжей медальді уысына алып біраз тұрды да: сонсоң жеңінің ұшымен ақырын ғана сүртіп, бұрынғы орнына қайтадан ілді.

## ӨНЕГЕЛІ ӨЗГЕРЕ БАСТАДЫ

Жақып үйге қайтып келген соң «өнегеллігінен» қалай тез арылуды ойлап, көп бас қатырды. Бұл үшін неден бастау керек? Жақып кішкентайынан әр қадамын байқап басуға дағыланған. Ол өзің әрдайым солқылдақ қыл көпірдің үстімен келе жатқандай сезініп... жазбаса, құлап кететіндей көрінуші еді.

Жақып бір үйдің жалғызы. Шешесі Жақыпты жасынан төңіректегінің бәрінен сақтандырып, абый болуға тәрбиеледі. Кішкене Жақыптың өмірмен ал-

ғаш танысының өңкей бір «болмайды» дегеннен басталды. Шарбаққа өрлеп шығуға болмайды, тас лақтыруға болмайды, Сабыр көршінің итін сипауға болмайды. Осының бәрін шешесі оған әрбір минут сайын ескертетін, сонымен «тыйым салынатын» нәрселер көбейе береді, көбейе береді. Жолдастарымен орманға баруға болмайды — адасып кетесің, көлге барып, суға түсуге болмайды — суға кетіп қаласың; тау басына шығуға болмайды — құлайсың, жазда басындағы тақияңды шешуге болмайды — күн өтіп кетеді, көктемде үстіңдегі тоныңды шешуге болмайды — сұық тиеді. Осынау «болмайтынның» ұшықыры жоқ сияқты. Ал осының бәрінің бір шегі болуы керек қой!

Шешесі жалғызының көзінен екі елі таса етіп көрген емес. Құрдас балалардың жаман қылышы, жат мінездері Жақыпқа жұғып кетпегей деп, жар құлағы жастыққа тимеді. Зар қақсап, анаумен ойнама, мынаумен дос болма, ананы үйге жуытпа, әне біреудің үйіне барма деп, пысықтай береді. Жақып шешесінің айтқанына көнді, айдауына жүрді. Бірте-бірте жолдас атаулыдан жұрдай болды. Әуел баста Жақыптың бұл қылышы жолдастарын ызalandырды. Олар Жақыпты мазақтап, келеке етті, кейде тіпті жұдырықтың астына алған кездері де болды, кейіннен осының бәрі оларды да жалықтырса керек, оған акырында біржола көніл бөлмей қойды. Жақыптың бұл дүниеде бар-жогымен ешкімнің де іci болған жоқ. Тек аналар мен әжелердің аузынан түспеді. Олар қит етсе өз балалары мен немерелеріне Жақыпты өнеге етіп, көлденең тартуды шығарды. Дегенмен, біздің ауылда да не қылы тоң мойын балалар бар, олардың әр қайсысының дүниеге көзқарасы өзгеше. Сол себепті дайым Жақыптан өнеге алу олар үшін бойға қорлық.

Ғабдолла мен Айдар қасына шақырып алған кезде, Жақып шу дегенде абыржып, сасып қалды да бұлардың шақыруы шын ба, өтірік пе дегендей таң қалды. Неге десеңіз, оны көптен бері ешкім керек етпейтін, шақыру түгіл, маңына да жуытпайтын. Ал Ғабдолла онымен достарша, жылы лебізбен сөйлес-

кен кезде, Жақыптың қуанышы қойнына сыймады. Бақса, құрдастары бұдан біржола күдер үзген жоқ еken. Жақыпты да керексінетін жан бар еken. Қарашы, тіпті мынадай үлкен іске қатысуға шақырды ау! Біреудің бақытсыздығы екінші бір адамды қуанышқа тап ететінін Жақып білмейтін, кім білсін, егер Вәзир ақымақтығынан масқара болмаса, онда Жақып мәнгі «өнегелі» болып қала беруі де ықтинал еді гой.

Оның есесіне, міне енді ол «өнегелілікпен» ақырғы рет қоштасайын деп тұр.

«Тек неден бастау керек? Неден бастасам еken?» — деп ойлады Жақып. Бастық қойған шарттарды тез орындауға асықты.

Сірә, рогатқадан бастаған жөн шығар. Ең маңыздысы осы болса керек. Өзін адам қатарында саңайтын әрбір бала қалтасына рогатка салып жүреді емес пе?

Ол үйге жүгіріп кірді де, пышақ алып, ауланың аргы бұрышына жөнелді. Рогатқага жарамды айыр ағаш тапты. Енді тегістеп жонуғана қалды. Балта томарға шаншулы тұрған болатын. Сол балтаны ол зорға суырып алып, іске кірісті. Икемсіздігін бірден-ақ көрсетті. Қолындағы бұтақтың ұшын кесе бергенде, ашаның бір басын шауып түсті. Енді басқа ағаш іздеу керек. Жақыптың жолы болды. Ағаш оңай табылдып, өте епті әдемі етіп кесіп те алды. Жақсы рогатка болатынға ұқсайды. Енді тек пышақпен ағартып жону керек. Соңан соң Вәзир сияқты қып-қызыл етіп боямак. Жақып бұған бояуды аямайды. Соңан соң, әкесінің велосипедінің ескі камерасынан резинка тіліп алады да, ескі етіктің қоншынан дөңгелек былғары ойып алмақ. Әлбетте, күні бүгінге де йін мұндаи құрал жасап көрген жан емес ол. Дегенмен, басқалардың рогатканы қалай жасағанын көргені бар, тіпті қолына ұстап көріп те еді. Басқалардың қолынан келгенде, Жақып неге жасай алмайды? Жасауын жасайды! Оナン соң жұмыр тастарды қалтасына толтырып алады да, бір көзін қысып тұрып, анау қойма үстінде қалғып отырған мысықты атып та көрмек.

Жақып осындай тәтті ойға шомып, ағашты алаң-сыз жонып отыр еді, өткір пышақтың бас бармағын тіліп кеткенін байқамай да қалды. Бармақтан қан зу ете түсті. Жақыптың зәресі ұшты, пышақты тастай беріп, айқай салды.

— Эсэй!<sup>1</sup>

Абайсызда даусы шығып кеткенін ол бірден аңғарды. Балалардың біреуі қолын немесе аяғын жара-лап алып, қан шықса, шешесіне қарай тұра жүгірген емес, ағаштың үгіндісін алады да жарага себеді. Міне аяғының астында шірік томар жатыр... Жақып саусағындағы қанын сілкіп тастап, өзін өзі емдеуге кірісе бергенде, үйден шешесі жүгіріп шықты.

— Балам, бауыр етім, не болды?! — деп айқай салды шешесі.

Мына отырган Жақып өзі де мөніреп, шешесінің де көз жасын ағызатын баяғы жасық Жақып емес-ті. Ол жаралы қолын тез ғана артына тыға қойды.

— Ештеңе болған жоқ! Апау, мен сені шақырғам жоқ, ана мысыққа — Бесэй!<sup>2</sup> деп айқайлаған едім.

— Сенің даусың шыққанда жүрегім зу ете түстіғой! — деп, бір күрсініп алды да, шешесі үйге кіріп кетті.

Жақып шірік томардың бір кесегін омырып алды да, майдалап үгіп, үйге теріс қарап отырып, жаралы саусағына септі. Ағаш үгіндісі қып-қызыл болып кетті, қан кілт тыйылды. Енді бастаған істі аяқтау керек. Жақып жаңа ғана қолын кескен пышақты қайтадан қолына алды. Бірақ іс алға басар емес. Жаралы бармақ қол тигізбей қойды, сыздап, ақырысында мұлдем ауырды.

Мұнан соң Жақып «өнегелікке» қарсы күрес жоспарын өзгертуді үйғарды. Ол жаңада жасай бастаған рогаткасын бір бұрышқа апарып тығып қойды да, ойланана бастады...

Жарайды, айталық бүгін қолым еш нәрсеге жарамайды екен, оның есесіне аяқ сау! Сондықтан, ол

<sup>1</sup> Э с э й! — Мама!

<sup>2</sup> Б е с э й —мысық. Бұл арада «Эсэй», «бесэй» деген сөздер ете үқсас естіледі.

қазір Көкірек таудың қия тасты бөктеріне барады да, тастан тасқа секіріп үйренеді. Бастық қойған шартты орындаиды. Ол үй жаққа тағы бір қарап алғып, шешесінің көзіне түспей, жаймен ғана қақпа алдына келді. Қақпа алдында жатқан допты қолына алды да, қақпаға соғып, біраз ойнаған болды... Біраздан соң добын көшеге домалатып шығарды, оның ізінше қақпаны ашты. Қақпа сықыр ете түсті, осы сықырды Жақыптың шешесі естіп қалса керек, сол замат тере- зеден қарап, айқай салды:

— Әй, Жақып, сен қайда барасың?

— Мама, добым көшеге домалап кетті,— деді Жақып.

Мамасы терезе алдынан кеткенше, Жақып көшеде ойнады, добын қақпаға ұрып, әр біреуін дауыстап санай берді. Енді бір сәтте, тарс етіп, терезе жабылды, сол заматта-ақ доп секіріп түсіп, тауга қарай домалап бара жатыр. Жақып допты қуа жөнелді. Доп жеткізер емес, зымырап барады, зымырап барады, оның соңынан ентігіп Жақып жүгіріп келеді. Жақып допты енді қуып жете бергенде, доп секіріп түсіп, онаң әрі домалады... Міне, көше де бітті, доп қаша зымыраса да ұзаққа бара алмады, шөп арасына кіріп, оралып қалды, ал Жақыпшы, оның қатты жүгіргені сонша, тіпті екпінін тоқтата алған жоқ, сол жүгіргеннен жүгіріп отырып, Көкірек тауга ба- рып жетті. Енді жалтақтайтын ештеңе жоқ. Ол алғашқы кездескен қияға өрмелеп шыға бастады. Бұл жерде үлкендігі сандықтай, тіпті одан да үлкен сұр тастан қатпар-қатпар, өркеш-өркеш болып жататын.

Ауылдың балалары «соғыс» ойнағанда осы жерге келіп тастандардың арасына бұғынып жатып, «жауды» атқылайтын. Бірақ, бұл жерлерде ойнау қауіпті-ақ. Аяғыңды жаза бассан, тайып кетіп, жығылып, бас жарылады. Жақып әуелгіде, аласа тастандарды таңдалап алғып, тастан тасқа секіре бастады. Секірген сайын екі қолын былғақтатып, қалай да жығылмаудың амалын істеп бақты. Вір жолы сүрініп кеткенде тізесі қаң-қаңсал, қатты ауырды, тас шынтағын сүріп кетті. Жақып оған қинала қойған жоқ. Секіріп ойнай берді, ойнай берді, әбден жаттығып алғанға дейін

тоқталмады. Сонан соң барып үлкен тастардан се-  
кирді.

Егер, осы мезетте ауыл жақтан бұл маңға көз  
салған жан болса, қуыршақтай гана адамның тастан  
тасқа секіріп жургеніне таң қалар еді. Бірақ Жақып-  
қа көз салған адам болған жоқ, шешесі де қаннен-  
қаперсіз. Ұлы мұндай жарамсыз іске бара қояды-ау  
деген ой онда болған жоқ еді. Жақып болса, тістеніп  
алып, ешбір тыным таппастан секіре берді. Осынау  
секіру ол үшін жай балалық ойын емес-ті. Өзінше  
аса шұғыл, аса маңызды іс. «Үш тағаниң» басты-  
ғына берген уәдесін жан аямай, адал ниетімен орын-  
дады ол. Жақып талай рет сүрініп, жығылды. Сонда  
да мойыр емес. Қайта тұрып, қайта секірді. Шына-  
шағын тас сүріп кетті, маңдайы торсиып ісіп те  
шықты. Кенет оның бойына албырт күш бітті. Де-  
несіне түскен жарасы көбейген сайын өжеттеніп кет-  
ті. Шарифолла айтқандай, бәлкім оның жүрегіне де  
бүркіт ұялаған болар, тек бұл күнге дейін қанатын  
еркін жая алмай келген шығар...

Жақыптың қызығына қараймыз деп, күні кеше  
қатты қайғылы халде қалған Вәэзирді мұлде ұмытып  
кетіппіз гой. Жақып өз ісімен айналыса берсін, енді  
бір сәт біз Вәэзирге оралайық. Ол Жақыптың үйінен  
сәл қиғаш сонау бір көшеде тұрады.

### ТАРҚАЛШЫ, ЖІБІМ, АЙНАЛА

Соғыс жылдарында да, соғыстан кейінгі жылдар-  
да да Вәэзирдің үй-ішінің күн көрісі, көптеген басқа-  
лар сияқты, өте ауыр болды. Сондықтан болар, Вә-  
зирдің шешесі Құрбанбике жеңгейдің бір ерсі  
дағдысы бар-ды. Ол нанды, тұзды, майды, қаймақ-  
ты, шайды, қантты қүйеуінен, балаларынан жасы-  
рып, тығып қоятын, ал сандықтың, шкафтың кілтін  
әрдайым өзінің қалтасына салып жүретін. Тұрмыс  
түзелді, әрбір үй молшылыққа кенелді, тек Құрбан-  
бике жеңгей баяғы дағдысынан арылған жоқ. Ол  
ішіп-жейтін тамақтың бәрін де құлыпта, тыққыш-  
тауын қоймады. Оның киім-кешекпен мұлде ісі бол-  
мады.

Үйдегі нәрсенің бәрі құлыштаулы болуы себепті Вәзир қаршадайынан бастап, үй-ішін түгел ақтарып-төңкеріп жүргуге дағдыланды. Бес жасында ол жастықтың арасына тығып қойған құлшені тауып алды. Бірақ қомағайлышқ еткен жоқ, жалғыз өзі асай салмады. Құлшені қақ бөліп, жартысын інісі Насифке берді. Енді бірде ол сарайдың есігін шегемен ашып, інісі екеуі сүт ішкен-ді. Соナン соң шешесінің сандығын ашатын кілт тауып алды. Сандықты ашып, шешесі қонаққа деп қалдырган қантты алды. Сол қантты балтамен шапты да, кішілеуін Насифке берді. Бара-бара балалар құлыш ашуға әбден жаттығып алды. Ақыр аяғында, Құрбанбикенің үйіндегі құлыштардың бәрі де іске алғысыз болып шықты.

Тығып қойған тамағының не себепті жоғалыш кеттінін көп ұзамай Құрбанбике жеңгейдің өзі де аңғарды, балаларды қарғап, сілеп ұrsa беретін болды. Балалар қарғысқа қаймыға қоймады, өз білгендерін істей берді. Құрбанбике жеңгей де құлышқа сенуді қойып, хайласын өзгерту. Ол енді тамақты сандыққа немесе сарайға тықпайтын болды. Қант, конфет сияқты тәтті тағамдарды ол ескі тонның қалтасына, үй төбесінде елеусіз жатқан пиманың қоншына, көптен бері ілулі түрған дорбаның тубіне жасырды, май, қаймақ погребтен ескі моншаның пешіне көшірілді. Бірақ бұл шаралар да күткендей нәтиже берген жоқ-ты. Балалар қоярда-қоймай іздел жүріп, шешесінің құпия қоймасын бірінен соң екіншісін іздел тауып ала берді. Әділетін айту керек, балалар қомағайлышқтан аулақ, тапқан тамақты түгел жапырып, жойып жіберіп көрген емес. Жасырып қойған нәрсені іздел табу — бұл кезде балалар үшін әуес ермек, қызық ойын, ерекше бір кәсіп сияқты болып кетті.

Бұл ойыннан ақша деген зат та оқшаша қалған жоқ. Айтайық, пештің қуысын тіміскіп жүріп, ескі шамның астынан бес сом ақша тауып алу, соナン соң оған пряник сатып алу, жолдас балаларымен бірге бөлісіп жеу қызық емес пе? Вәзир үшін бұл өте бір қызық қарекет еді, ол әзірде солай істеп те жүр.

Ұрсу, қарғысқа бұл күнде оның құлағы үйреніп

кеткен, кәдімгі үй төбесіне тарс-тарс жауып, секіріп түсіп жатқан бұршақтай. Дегенмен, тығып қойған ақшаны табу оңай іс емес. Бір тапты, екі тапты, ал үшіншіге келгенде, тапқырлығы жетпеді...

Ал бүгін Вәзирге ақша өте-мөтө қажет. Бұл ойын да, қалжың да емес. Кешегі қорлық та мазасын ке-тіріп тұр. Жолдастарымен татуласып, жақсылықпен гана жуып-шаюға болады. Вәзирге жақсы бір ой келді — ақша керек, оған дүкеннен пряник сатып алып, жолдастарымен осылайша татуласпақшы. Біздің жақта ересектер де осылай істейді гой: егер әлдекім біреуді жөнсіз ренжітсе, әлгі ренжіткен адам жәбір көрген кісіні қонаққа шақырып, сыйлайды да, кешірім сұрайды. Вәзирдің де дәл осылай іstemek ойы бар.

Әкесі тұнгі қарауылдан қайтқан, шоланда үйиқтап жатыр. Шешесі жұмысқа кеткен. Бұл жолы олжасын бөтен жанмен бөлісе алмайды, сондықтан ешкімнің де көзіне түспеу керек. Вәзир қазды қара деп Нәсифті көлге жіберді. Жалғыз қалған соң үйдің астан-кестенін шығарып, ақша іздеді. Үйдегі бар кітапты түгел сілкіп шықты, тұз сауытқа да үңілді. Есік, терезе бастарын сипалап көрді. Пештің ішін де қарады. Жым-жылас, қапаланып, күйіп-пысты. Шаршады білем, бөлменің ортасына келіп сәл тұрды да айналға тағы да көз салды... Сол бір сэтте, пештің жиегінде тұрган бір домалақ жіпке көзі түсті.

Вәзир әлгі жіпті қолына алып, айналдырып көрді. Жіп асығыс оралған сияқты, мулде бол-бос. Вәзир жіпті құлагына тақап, қысып көрді. Ораулы жіптің ішінде әлдене сыйырлағандай. Сірә, мұнда бір сыр бар шығар. Вәзир тағы да қысып көріп, жіптің үшін тапты да қолма-қол тарқата бастады.

Ол асыға қимылдады, осы жіптен бір үміт күтіп тұр, жүрегі аттай тулады. Аюдың ізіне түскен аңшының жүрегі осылайша согатын. Жіпті тарқата тұрып, Вәзир тіпті әндептің те жіберді, әннің сөзін де сол заматта-ак өзі қыистырып алды:

Тарқалшы, жібім, домалап,  
Ақшамды тапсан ғолғаны-ак,

сол домалақ жіп үшін өзі әндептің жауап берді.

Тарта берсең тарқалам,  
Тарқатып болсаң айта алам,

Вәзир әндете тұрып, жіпті лезде-ақ тарқатты. Жіп ішінен қаттап бүктелген қағаз көрінді. Сол қағазды асықпай қолына алды. Oho! Жап-жаңа шытырлаған елу сом! Оның ішінен жиырма бес сом шықты, тағы да бес сом көрінді. Бұл мол қазына! Ал Вәзирге онша көп керек емес.

— Мынау өзі үшеу — әкесі, шешесі және баласы, әкесі мен шешесіне тимейік, бізге баласы да жетіп жатыр,— деп, Вәзир бес сомды шаттана қалтасына салды. Қалған ақшаны бұрынғысынша бүктеп, оған жіпті қайта орады. Жіпті орап тұрып ақырын гана тағы да әндettі.

Тарқалдың, жібім, домалап,  
Не білдің, сонда не көрдің?  
— Ай көрдім, қалған қорғалап,  
Мен ештеңе көрмедім...

Вәзир жіпті орап болды да, алған орнына қойып, дүкенге тұра шапты. Дүкеннен бес сомға пряник өлшетіп алды да, шалбарының екі қалтасына нығызыдап жатыр. Осы бір сәтте сатушы оған құдіктене қарап тұргандай көрінді. Сонша қадалғаны несі? Вәзир пряникке ақша таба алмайтын бала ма екен!

Жоқ, дүкеншінің ойлағаны мұлде басқа, ол Вәзирдің дүкенге жейдесіз жалаңаш келгеніне таңдағып тұр, сол заматта дүкенші: «Е, мұның шешесі, сірә кір жуып жатқан шығар. Сонда бұл бейбақтың ауыстырып киер жейдесі болмағаны ма?» — деп ойлады. «Бұл бейбақтың» денесін шынықтырып жүргенін дүкенші қайдан білсін!

Вәзир үйге қайтып келді де, сарайдың ішіне кіріп, қалтасындағы пряникті шарбақпен қоршалаған сабанның арасына тықты. Бір сәті түсіп, кезеңі келіп тұрганда ол жолдастарына айтарлық сыр барын аңгартпақ, соナン соң үшеуі оңаша тауға барады. Жолдастары бұл не айтар екен деп ынтыға күтіп тұрган шакта, ол қалтасындағы сегіз пряникті көк шөптің

үстіне қояды да, үшке бөледі. Мейлі, Габдолла мен Айдарға үш прянкten айналсын делік, ал өзіне екеуі қалса да риза.

Тіпті, біреуін де алмауға риза, қонақты қалай сыйлау керек екенін біледі ол!

Осыны ойлағанда, оның төбесі көкке жеткендей болды. Осынау минутта одан асқан шат, одан асқан бақытты адам жоқ болса керек!

Вәзир мұлде масаттанып, төбесі көкке жеткендей болды. Ол маңғаздана басып, көшеге шықты да жалаңаш қарның шартитып, екі қолын артына ұстап, қақпа алдында көп тұрды. Ол өзіне өзі мұлдем риза.

Со бір мезетте, көшениң тау жақтағы иінінен жылт етіп, Жақып шыға келді. Оның тұла бойында сау жері жоқ, бет-аузы, қол-аяғы көкпеңбек, ісік, жырым-жырым.

— Эй, Өнегелі, қайдан жүрсің? — деді оған Вәзир.

— Мен өнегелі емеспін, мен — Жақыппын, — деп дүрсө жауап қатты Жақып.

— Батырым, аюмен алысқансың ба өзің?

Жолдастарына берген антын Жақып әлі ұмытқан жоқ-ты. Бірақ, үндемей кете беруге де қолайсыз. Айтпақшы, ол Вәзирге қол бермеймін деп ант еткені қайда! Сөйлесу бар да, қол беру бар. Екеуінің арасы жер мен көктей. Қысқасын айтқанда, Жақып Вәзирмен сөйлеспей өте шығуды өзінше тәкаппарлық деп білді.

— Мен бұзау іздеп жүрмін, — дей салды ол.

— Сен бұзау іздегендеге маңдайыңмен тасты сүзе жүріп іздеген шыгарсың сірә.

— Солай болғаны да рас, — деді Жақып. Мән жайды тәптіштеп айтып жатудың қажеті жоқ деп үйгарды ол.

— Айтып-айтпай не керек, әп-әдемі-ақ болыпсың... Ештеңе етпейді! Әлі-ақ жазылып кетеді! Жыртылған жерлеріңе жамау салудың қажеті жоқ! — деп уатты оны Вәзир!

Бүгін оның көnlі көтеріңкі! Шамасы келсе кімге болса да қалай да жақсылық іstemek. Сондықтан әл-

деқашан санаттан шыққан Жақыпқа да достық ықылас білдіріп, өн бойын жаралап алғанын көргенде, жаны ашыды. Тіпті бұл да аз сияқты көрінді.

Жақыпты әлденемен қуантқысы келді.

Ал осынау минутта Жақыптың ойы да мүлде басқаша. Вәзирмен амандаспай өте шығудың орына, оны аяп шүйіркелесе сөйлесуі — қайырымдыштық-ақ...

Егер, Жақыптың бұл ойын Вәзир сезген болса, өнегелінің маңдайына бір-екі ісік тағы да қосылатыны сөзсіз. Бір тәуірі Вәзир ештеңені сезбеді. Адамның көніл күйі көтерінкі кезде, ештеңені аңдамайды гой. Жақыптың өзі жайында не ойлап тұрғанын Вәзирдің аңғармағаны былай тұрсын, керісінше өнегеліге мейірі түсті. Ол ұзақ ойлап тұрмастан, шалбарының қалтасынан асыл затын — рогаткасын сұрып алды. Бұл бүкіл ауылға әйгілі қызыл сапты рогатка болатын.

— Ұнай ма мынау саған? — деді Вәзир.

— Неге ұнамасын, әрине ұнайды...

— Осы керек пе саған?

— Керек, бірақ... — Жақып не дерін білмей қалды...

— Керек болса, ала гой. Саған осыны басымен бергенім!

Жақыптың басы айналып, әлдебір қызыл сайтандар кез алдында секендей тұрғандай болды. Вәзир қызыл сапты рогатканы оның қолына ұстата берді.

— Беріп тұрғанда — ал! — деді Вәзир нығыздап.

Бұл сөздерді естігенде, Жақып есін жигандай болды.

— Ал мен саған резинка доп пен велосипедтің званогын де беремін. Өте әдемі шылдырайды! — деді Жақып масаттанып.

— Керек емес. Сыйды сатып бермес болар. Рогатка дегенің менде көп...

Жақып сенер-сенбесін де білмей, рогаткаға қолын созды. Әлі де күдіктеніп тұр: осының өзі алдаап тұрған жоқ па, мазақ етіп тұрған жоқ па екен? Бірақ та кең пейілді, жомарт пейілді Вәзир алдау-

арбаудан, қорлаудан бұл сәтте мұлде аулақты. Жақып қолы қалтырап рогатканы алды да дереу шалбарының қалтасына сұңгітіп жіберді.

— Мен саған... — деп тағы да бірдене дегісі келіп еді. Бірақ Вәзир оның сөзін кілт үзіп.

— Ештеңенің де керегі жоқ. Қайт, үйіңе бар да атып үйрен.

— Жарайды,— деп басын изеп, Жақып тұртиген қалтасын қолымен басып, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

Сол-сол-ақ екен, Вәзирдің қарсы алдынан Гүлнұр шыға келді. Екі езуі екі құлағында, таңдана қарап қапты әлгі кішкене қыз. Қызыл матаға түйілген әлденені қолтығына қыстырып алыпты ол.

— Ой, үятсыз, тіпті жейдесін де кимепті! — деп тыжырына шінгірледі ол.

— Бар, бар, жөніңе жүре бер! — деді Вәзир оның сөзін жақтырмай.

— Барам! Мен Ямлиха тәтеме шыт апара жақтырмын, ол маған қызыл көйлек тігіп береді! — деді қыз бір жаққа қарай басын изеп, тағы да: — Айдар мен Габдолла Қылыштың арғы шетіне кетті. Олар мені ерткен жоқ. Бірақта олар маған торғайдың ба-лапаның ұстап береді. Екеуін.

Гүлнұр шатып-бұтып айтты да, жөніне кете барды. Оның сөзін естігенде Вәзирдің мұңайып, іші өртеніп кете жаздағанын ол білген жоқ. Аштың жайын тоқ білмес деген осы-ау. Жаңа ғана қуанышы қойнына сыймай тұрган Вәзирдің аяқ астынан еңсесі төмен түсті де қалды. Оның күні кешегі қасіреті қайта жаңарып мазасын алды: демек, жолдастарының одан сырт айналып кеткені рас екен! Вәзирдің шынымен-ақ Жақыптың халіне душар болғаны ма! Бәрінің де одан безгені ме!

Бүгіннен бастап Жақыптың асығы алшысынан тұрган болатын. Мұны ол білген жоқ-ты. Білген болса, қолындағы қаруын өз қолынан оған бермес еді...

«Қалай да бір қисынын тауып, бүгін кеште жолдастарын қонақ етуге тиіс, сөйтіп кешірім сұрау керек. Олай етпесе, бұл дүниенің ол үшін қызығы да жоқ...» — деп бір қам еткісі келді Вәзирдің.

## ӨНЕГЕЛІ ЕНДІ ЖАҚЫП АТАНДЫ

Жақып үйіне қайтып келгенде, шешесі шошып кетті. Айтарға сөз таппай, тұрып қалды. Тамағына әлде не кесе-көлденең тұрып қалғандай. Өнді бір қызырып, бір сұрланды. Әлдебір уақытта есін жиып:

— Ой-бай-ай, өлтіріпті ғой баламды! Өлтіріпті!  
Қандай ғана құтырған ит талаған өзінді, қарағым-  
ау! Ойбай-ай, өлдің-ау, сорлы балам, өлдің ғой...

Жақып жайбақақтап тұр. Өлу деген оның ойына  
кіріп те шығар емес, даусын қаттырақ шығарып:

— Апа, мен жар тасқа секіріп ойнадым! Өте қызық екен, бірақ аяғым сәл тайып кетіп...

Гүлемеш апай оның сезіне құлақ аспастан жер-  
көкті басына көтеріп, айқайын үдете берді.

— Әлгі жұзіқара Вәзирдің әлегі шығар бұл! Қең-  
сеге барып ол сотанақты ақылына келтірмесем, мен  
мен болмай кетейін.

Жаңа ғана жомарттық көрсетіп, рогатка берген  
Вәзирді мұншама қаралап жатқанына Жақып төзе алмады. Оның іші әлденеден күйіп бара жатқандай.

— Апа, Вәзирге тіл тигізуши болма! Ол екеуміз  
доссыз. Маган ешкім тиген жоқ. Өзім тайып жы-  
ғылдым. Өздігінен жығылған кісі—жыламас болар.

Апасы бұрынғыдан бетер өрекпіп:

— Сен өзі жығылатын бала емессің! Жалған айт-  
па! Сол Вәзирдің маңына жуыма, онымен достаса  
көрме,— деп қанша рет қақсадым мен саған!

Жақып не десе де шешесінің санасына кіріп шы-  
ғар емес. Осыны аңғарған шақта, оған өжет бір ой  
сап ете тусти.

— Олай болса,— деді ол,— міне өзің көр де тұр.  
Мен қазір ана шегіршіннің басына шығамын да се-  
кіріп түсемін. Тіпті ыңқ етпеймін.— Жақып осыны  
айтты да, шарбақтың жанында тұрган жалғыз ше-  
гіршінге тұра жүгірді. Жақып шегіршіннің төменгі  
бұтағына жармаса бергенде-ақ, шешесі қуып жетіп,  
құшақтай алды.

Расын айту керек, Жақып осынау ағаштың басы-  
на шығуға талай рет әрекет жасағанмен шыға ал-  
майтын. Бұл жолы да шығу, шықпауы екі талай.

Дегенмен, баласының мына бір өжет қимылы шешесін қатты сескенткен еді.

— Ақымақ болма, балам,— деп шешесі шыр ете түсті. Даусы қалтырап кетті. Ұлын қапсыра құшақтап, ағаштан аулақ әкетпек болып сүйрелей бастады.

«Сірә, баланың есі ауысқан болар!» — деген қорқынышты ой келді анаға.

Шынында да, Жақыптың мынау қылышы адам таңқаларлық. Бұл құнге дейін ол бала болып шешесінің айтқанын екі етіп көрген емес.

— Құлымым!.. Құлымым!..— деп бебеу қақты Гүлемеш апай. Зәресі ұшып, қатты састы.

Жақып болса, еш нәрсе тыңдар емес, ағашқа қарай жұлқынып тұр. Шешесінің құшағынан сыйылдып шықпақ.

— Жібер деймін мені! Жібер, секірем деген соң секірем!

Гүлемеш апай баласымен жұлышамын деп әбден әлі құрыды. Бұл бала бір пәлеге тап болған шығар деп жорыды. Бұрынғыдай емес, даусы бәсендеді. Баланы ерегістіріп алмайын дегендей, енді сыбырлап қана ақырын сөйледі.

— Секіресің, балам, секіресің. Тек бүгін емес, жарай ма? Жүр, қазір үйге барайық. Қаймақ берейін, шәк-шәк берейін...

Жақыптың қарны ашып қалған еді. Тәтті тағамдардың аты аталған шақта бала бәлсінуді қойды. Шешесіне тосын ой келіп шошынғанын ол, әрине, аңғарған жоқ. Шешесін өз ырқына көндіргеніне мәз. «Секіре алатынма бәлемнің көзі жетті білем!» — деп ойлады.

Гүлемеш апай баласын құшағынан босатар емес, сол құшақтаған бойы үйіне алып келді.

Жақып үйге келген соң бір кесе қаймақты бір-ақ сімірді де, үйме шәк-шәкті әп-сәтте-ақ соғып алды. Болса тағы да жер еді, тек сұрауга ұялды.

Гүлемеш апайдың екі көзі ұлында. Эрбір қимылын аңдып отыр. Қатты шошынды. Терең ойга қалды. «Не істеу керек? Қайда кеткенін кім білсін, әкесі де жоғалды. Ойда жоқта мынадай қасірет тап болды...»

— Жараларың ауырмай ма, балам? — деп сүрады шешесі, мұңайып.

— Жоқ,— деді Жақып. Мандайындағы көгеріп тұрған ісікті қолымен бір сипап қойып.

Гүлемеш апайдың жүргегі тағы да зу ете тұсті. «Шынымен-ақ басы соншама қатты айналып тұр ма екен, тіпті жанына батқан ауруын да сезер емес қой өзі?...» — деп ойлады ана.

— Балам, жатып аздал демал, шаршаган боларсың,— деді де төсек сала бастады.

Таңертенен бастап өзінің «әнегелілігіне» қарсы күрескен Жақып, шынында да қалжыраған еді. Сол себепті жатуға қарсы болған жоқ. Төсекке барып жатты. Сол сәтте қабырғасына әлдебір зат батты. Қолымен сипап қараса, онысы баяғы рогаткасы екен. Демек, рогатка қалтада. Жақыптың қалжырап шаршаганы әпсәтте жоқ болды. Орнынан атып тұрғысы келді, бірақ... тұрмады. Ұйықтап кеткен кісіші еki көзін тарс жұмақтады. Қатты ұйықтап кеткен жанша, тіпті қорқор етеді.

— Ұлының ұйықтап кеткенін көргесін Гүлемеш апай, аяғын ақырын басып, есікке қарай бет алды. Осы ауылдан бір километр жерде орманшы тұратын. Гүлемеш апай соган бармақ. Сол орманшы қарттың



қызы дәрігер, қалада жұмыс істейтін. Демалыс алып, кеше әкесінің үйіне келген-ді, балаларын да ала келіпті. Гүлемеш енді сол дәрігерді шақырып келмек.

Гүлемеш апай есікті жауып сыртқа шықты. Одан кейін сырт етіп қақпа да жабылды. Сол-ақ мұң екен, Жақып та орнынан қарғып тұрып, қорага шықты. Зaborдың тесігінен сығалап қарады, шешесінің қай жаққа бет алғанын айқын көрді. Мына беталысында шешесі кеңсеге де, Вәзирдің үйіне де баар тұрі жоқ. Ауылдың арғы бетіне қарай зытып барады. Жақыптың көnlі енді жай тапты. Қалтасындағы рогатканы суырып алды. Ер жігіттің қолына не түспейді дерсің! Жақып рогатканың қызыл сабына сүйсінен қарайды. Енді іске кірісу керек. Үй алдына ұсақ тас аралас құм төгілген. Жақып басындағы фуражкасын шешіп алды да, оған ұсақ тас толтырды. Оナン соң сенектің үстіне шығып, жайласып отырды. Енді көздейтін нысана керек. Қөп ойлайтын не бар! Қойма жанындағы бағана басында көк шелек төңкеру-лі тұр.

Жақып жұмыр тасты рогатқаға салды да әлгі шелекті көздей бастады. Ұзақ көздеді. Бірсесе оң көзін қысты, бірсесе сол көзін қысып көрді. Соңан соң рогатканың резинкасын кере тартты. Резинка жіпжішке болған шақта, лып еткізіп қоя берді. Тастың қайда ұшып кеткенін өзі де сезбей қалды. Оған тіпті мұршасы да келген жоқ. Кере тартылған резинканы лып еткізіп босатқан шақта, ол жаралы саусағына сарт ете тусти, сол сәтте Жақыптың көз алдында қызыл от жарқ етіп, қолын қаң-қақсатты. Егер ертеректе дәл осылай болса, Жақып рогатканы лақтырып жіберіп, шешесіне мәнірей жүгірер еди. Ол мезгіл енді келмеске кетті. Қазір тіпті налыған жоқ, бармағын бір-екі рет үрлеп алды да, қайтадан өз ісіне кіріsti.

Екінші рет атты, үш атты, бес атты, көк шелек сол қалпында міз бақпайды, қозғалар емес. Тіпті ызың етпейді!

Енді Жақып сенектің үстінен түсіп, қоймаға екі қадамдай жақындаған келді. Алтыншы рет атқанда,

тиді білем, шелек зың ете түсті, жұмыр тас көк шелектің бір бүйірін жалап өтіп, шөпке түсті.

— Бір құймақты майладық! — деп масаттанды Жақып.

Осынау сөздерді ол Вәзирдің аузынан жиі естигін, міне енді рахаттана қайталап тұр.

Әйткенмен, «екінші құймақ» көпке дейін «майланбай» қойды. Жақыптың еңсесі түсе бастады, көк шелек міз бағар емес, әлі тұр! Сол бір сэтте Жақыптың атқан тасы басқа бір нысананаға дөп тиді. Қойма терезесінің жоғарғы әйнегі сылдыр етіп жерге түсті. Осы мезетте сықыр етіп қақпа ашылды. Жақып әбден құмартып, еш нәрсе есітер емес. Қақпаның ашылғанын байқаған да жоқ. Ол шелекті тағы да атты, тағы да сылдыр етіп әйнек сыйнды. Бұл жолы әлгі терезенің төменгі көзінің күл-талқаны шықты.

Қақпадан кіріп келген Гүлемеш апай мен дәрігер аң-таң, абыржып тұр. Гүлемеш апай шошып кетті білем, бар даусымен айқай салып, Жақыптың қолынан шап беріп ұстай алды.

— Балам!

Жақып лып еткізіп рогатканы қалтасына тыға қойды. Шошынған ананың рогаткамен ісі болған жоқ.

— Ауру балаңыз осы ма! — деп сұрады дәрігер Гүлемеш апайдың қасына келіп.

— Ия, ия, осы менің жалғызыым!..

Екеуі Жақыпты үйге алып келді. Дәрігер оның тамағын, көзін көрді. Төсекке жатқызып, қарның сипады. Екі құлағына жіңішке резинка тығып, балаңың көкірегін, арқасын тыңдады, сонан соң тағы бір рет көзін көрді де.

— Балаңыздың дені сап-сау,— деді.

— Дені сау бала осындай бола ма? Тұла бойында сау жері жоқ — жарапанған, көгерген.

— Ауру бала — секірмес болар, ал егер секірмесе — жығылмаған да болар еді. Солай емес пе, жігіт? — деп күлді дәрігер.

«Жігіт» басын изеді.

Ал шешесі өз дегенінен қайтар емес.

— Мынау жараға қандай дәрі жағу керек?

— Ешқандай дәрінің керегі жоқ. Өзі-ақ жазылыш кетеді...

«Мына доктор қуыс кеуде болар сірә», — деп ойлады Гүлемеш апай. Ал доктор ондай адам емес еді! Аса мейірімді, тек болмашы нәрсеге айқай-шу көтеретін адамдарды жаны сүймейтін. Дәрігер аспаптарын жинап, қол сандығына салды да, қош айтысып, үйден шығып кетті.

«Не істейін енді? Сейткен жөн болар», — деп ойлады зәресі бір ұшқан Гүлемеш апай. Кешке дейін ұлын ауладан шығармады, әрбір басқан ізін аңдыды да отырды. Тек кешқұрым бұзауы жайылымнан қайтпаған соң, сол бұзауды іздеуге шықты. Кетер алдында ұлына қатты ескертті:

— Ауладан аяқ аттап шығушы болма! — Осынау сөздерді айтарын айтса да, ұлына сене қойған жоқ. Сол себепті, Гүлемеш апай есікті сыртынан мықтап бекітіп кетті. Егер, Гүлемеш апай есікті сырттан бекітпей кетсе, Жақып бәлкім, тіл алып, үйде отырган болар еді-ау. Қораға қамалған лақтай, бекітулі үйдің ішінде кім тыныш отыра алар! Жақып терезеден секіріп шықты. Жаттығу үшін бастық бұған үш күн мерзім берген болатын. Оның бір күні міне өтіп барады. Бекітулі үйде бүйтіп отыра берсе, Жақыптың жаттығып үйрене алмайтын түрі бар. Сол себепті ол өз ісіне қайта кірісті. Шешесі қайтқанша, рогатқадан әлденеше рет атып, талай-талай нәрсені бұлдірді. Ең алдымен моншаның моржасына кигізіліп қойған қаңылтырды атып тусірді, үйдің он жақ бұрышында тұрған қыш құмыраны қиаратты, көрші Қүйінбике кемпірдің жез құмғанының бүйірін майыстырды...

Қүйінбике кемпір ештеңені көрген де, естіген де жоқты. Сол мезетте екінші көрші ашуланып, айқайлап, Жақыпты ұрса бастады.

— Сен де екінші Вәзир болдың ба, оңбаган ба-ла? Жақсыдан жаман туган неме? Тәртіп дегеннің не екенін білмейсің бе, доңыз! Тұра тұр бәлем, шешең келсін! Жүгірмек келгір, тәртіпсіз!

«Тәртіпсіз» деген сөзді Жақыптың өмірінде естүі осы бірінші рет. Бұған ол ренжіген жоқ, қайта

іштей қуанды. «Тәртіпсіз», «оңбаған» баланы енді ешкім де мақтамайды, басқаларға өнеге етпейді, олай болса, бұл ауылдың балалары Жақыпты бұдан былай «өнегелі» деп мазақтауын қояды.

## АЙДЫН КӨЛДЕ БАЛЫҚ ОЙНАЙДЫ...

Күн батуга жақын. Көл айдынында ерке толқын, біресе жарға келіп соғып, енді бірде серпіліп кейін қайтып күні бойы дамылсыз асыр салды. Тек кешкісін ғана діңкесі құрығандай кенет тына қалды. Толқынды тербелткен тынымсыз жел еді, сол жел енді көлге бір сәт тыныс беріп, тау бектерінен аттанды. Бұл маңда қалың қарагайды шарлап олардың ұзын инедей қалқандарын шайқамақ. Желге қашанда болса іс табылады ғой. Жел жер таңдал, мезгіл таңдал көрген емес.

Ал құстар болса қай мезгілде сайрайтынын біледі. Күн шыжыған талма түсте құс атаулы үн шығарып көрген емес. Ал жанға жайлы самал есіп, кешкі салқын түскен шақта, Қылышкөлінің жағасындағы қалың бұтаққа қонып алған әрбір құс та-мылжытып өз әнін шырқайды. Тек рахаттана тында да отыр! Судағы балықтардың да еркінситін кезі ерте мен кеш; балықтар асыр салып ойнағанда, мөпмөлдір айдын су бетін шолпылдатып көпіршітіп жібереді. Кейбір өжеттері көл бетіне секіріп шығып, ақ тенгелерін жарқ-жүрқ еткізіп, мақтанғандай! «Ми-не, көріп қойыңыздар, біз осындаі құлумыз!» — дегісі келетін сияқты.

Бұл күнде қаннен-қаперсіз, ойнақшып жүрген осынау шабақтардың, қызыл қанатты балықтардың көбінің көп ұзамай өз көлімен қоштасып, Қереметтің басындағы жат көлге баруына тұра келеді. Соңан соң бұл балықтар Қылышкөлге ешқашан да қайтып оралмақ емес. Бұл жайында бишара балықтар ештеңде де білмейді. Егер, сәл де болса сезсе, мұншалық бейқам еркінсімес пе еді.

Құстардың жайы басқаша. Құстарды қаншама алысқа, ну орманға алып барсаң да, бәрі бір өз ұя-

сына қайтып келеді. Жер бетінде өмір сұру рақат-ақ! Су астында өмір сүруден мұлде басқаша. Жарайды, балықтар суда жүзе берсін, құстар сайрай берсін, ал біз көл жағасындағы бұтақтың арасына көз салайық. Ең алдымен біз көмірдей қап-қара бір басты көреміз, оның қасынан тағы бір жириен басты көреміз. Қалың қамыстың арасынан бұл кімнің басы екенін тосын адамның аңғаруы, әрине, қын. Ал біз болсақ, көп нәрседен хабардармыз гой. Бақсақ, Габдолла бастық адад досы Айдарды осында ертіп келіпті. Бұлар бекерден-бекер жүретін балалар емес. Шаруасы болуға тиіс. Шынында да солай екен. «Таганың» екі мүшесі үн-түнсіз тал өріп отыр. Қазіргі істің басталысы сәл өзгешелеу. Габдолланың бастық екені өздеріңізге мәлім. Эйтсе де осынау шақта, ол жай, өзірлік жұмысын атқарып отыр. Айдардың қолы епті де өнерлі. Габдолла әжесінен сұрап алыш шыққан пышағымен ең солқылдақ шыбықты кесіп алады да, бұтағын тазартып Айдарға береді, Айдардың қолы қолына тиер емес, жас талды таспадай өреді.

— Қандай ісмер баласың, інішек! — дейді Габдолла. Оның жолдасына білдірген құрметінен, оған аздал жағынып тұр-ау деп ойлап қалуға да болады. Амал қанша, қолың өнер білмеген соң осылай болады, жолдасыңа көмектесуге, оның ісіне ынтыға қаруага тұра келеді.

Шынында да, Айдардың осынау ісі жан сүйсін-дірерлік. Оның жарылып кеткен қолдары тыным табар емес. Тоқып отырғаны тал шыбық деуге аузың бармайды, торғындай тәгіліп, саусақтарының епті қимылына тіпті көз ілеспейді. Осыншама өнері бола тұрса да, Айдар бала болып мақтанып көрген емес. Өз ісіне масаттанудың нышаны да сезілмейді. Арапкідік танауын бір тартып қойып, бар ықыласымен өз ісін істей береді, істей береді.

Шын өнерпаз осындағы болар!

Суда балық ойнайды, орманда құстар сайрайды, мынау екі бала тал өріп отыр. Осы бір шақта, көл жағалауында бұқпантайлап келе жатқан жалаңаш балаға назар аударған жан болған жоқ. Рас, талдың

жіңішке бұталары әлгі баланың жалаңаш иығынан тартқылап, түртіп-түртіп қояды. Құлағына сыбырлайды. Әлде не айтқысы келген сияқты, бірақ сол сыбырға ешкім де құлақ аспады. Әлгі бала біраз жүріп келді де, қамыс арасына тығылып, етбетінен жатты. Екі көзі тал өріп отырған жолдастарында. Құн нұры түсіп тұра қаратпай көзін дамылсыз жыпылықтата берді. Сөйтсе де оның көзінен ештеңе таса қалған жоқ. Маңайындағының бәрін де көрді, бәрін де байқады... Енді бір қорытындыға келген сияқты. Ол қалың қара өлең шөпті бір уыстап алды да, түбінен жұлмастан, аттың құйрығы сияқтандырып шорт буды. Біздің орманды жерде тұратын адамдар ізін жоғалтпай, келген жерін тез қайта табу үшін осындей белгі қалдырады. Жаңағы келген бала да, сірә осынау жерді белгілеп кеткісі келсе керек. Қылыш жағалауының ұшы-қызыры жоқ. Қай жаққа көз салсаң да ит мұрыны батпайтын қалың қамыс. Бөтен адамның адасып кетуі де ықтимал.

Жазды күні дене шынықтырып, жалаңаш жүрген балалар аз емес. Ал дәл мынадай епті де сақ бала бүкіл Бұркіті аулында некен-саяқ. Бұл өзі мысықтай басқан ізін жан білмейтін қағлез, екі көзі дамылсыз жыпылықтайты да тұрады. Домалақ бет осынау баланы бір көрген жан, мынау өзіміздің Вәзир ғой деп жазбай таниды.

Вәзир өзіне керектің бәрін барлап болған соң, жай басып, қалың орманға қарай ығысты, бөденедей жылт етіп, қалың шөптің ішіне қойып кетті де жоқ болды...

Бұл кезде Ғабдолла мен Айдар талдан себет тоқып болған. Енді өз қолымен жасаған бүйімдарына сүйсіне қарап, дем алып отыр. Себет өте жақсы, қандай әдемі болып шықты десенші! Айдар құдды іс-мер. Қолдан шыққан жұмысын ыжданаттап қарап шықты. Ол себеттің қақпағын бірнеше рет ашып, жауып көріп, асты-үстін айнала қарап қойды. Мұнан соң балалар шалбарларын шешті де суға қарай беттеді.

Балалар ауыр тас тауып алды да, себет түбіне салып, суға алып келді. Себет суға бірден батып

кеткен жоқ, сол себепті төмен тартып, қамысқа байлап қойды. Балалар себетке шаян кіріп кетпеу жағын да алдын ала ойластырды, қакпағын мықтап жауып, бекітіп тастады. Балықшылар аса тәжірибелі келеді, балық аулау кәсібінің бүге-шүгесіне жетік. Жаздың бұл мезгілінде адасқан балық себетке өздігінен келіп түседі деп күтіп отыру — өзін өзі алдағандық екенін олар біледі. Егер адасқан балық себетке өз бетімен келіп түсер деп күте берсе жаз етеді. Жоқ, олай етуге болмайды! Төрт қармақты алып, күні ертең-ақ іске кіріскен жөн. Тек қармаққа ілінген балықтың қармақты жұтып қоймауына абай болған жөн, бұл үшін жіті қарап, қармақты судан дер кезінде тартып алу керек, егер балық қармақты жұтып қойса, өліп қалады, ал өлген балықтан не пайдада!

Әне, қара су бетінде қанша балық қаптап жүр. Жалт-жұлт етіп, ойнақ салады. Көл іші сыңсыған балық. Олардың көз алдында секіріп, ойнақ салған балықтардың бәрі қармақты қабуға асығып жүрген тәрізді. Бәлкім, бұл балықтар жаңа көлге баратынын күн ілгері сезіп, қуанатын шығар. Саяхат жасауды, дүние кезуді жаны сүймейтін, сірә, кім бар?

— Ойнандар, ойнаңдар! — деді Габдолла балықтарға сүйсіне қарап.— Бұдан да қызықты ойнар күндерің әлі алда.

Балалар үлкен ісін тәмәм етіп, ауылға қайтты.

## ТАҢҒЫ ЖАҢБЫР

Біздің жақта жазды күні де жаңбыр ұзақ жауады. Бір бастап алса-ақ болды сіркірейді де тұрады. Күн демей, түн демей жауа береді, жауа береді, Соған орай, мұндай жаңбырды ұзақ жауды деседі. Оның есесіне жердің сусыны еркін қанып, бір рахаттып қалады, майлыш бөкпен жеген баланың ерніндей, қара жер бүйраланып жалтырап жатады.

Түн ортасында басталған жаңбыр таңертең де толастамады. Әйтсе де, төрт үйдегі төрт бала текке қарап отырған жоқ. Габдолла тоқал құнажынды

өріске шыққан малға апарып қосқан соң Айдарға келді. Олар төрт қармақ жасады, ескі аудан қап тікті. Қойманың артына барып, бір қалбыр құрт қазып алды.

— Біздің сорымызға мына жаңбыр ұдайы сіркіреді де тұрды. Тоқтар түрі жок,— деп ренжіді Габдолла.— Қасақана көрдің бе, жауар кезін тапқанын!

Әрбір істі жақсыға жоруга дағыланған Айдар досының көңілін тыныштандырығысы келіп:

— Жаңбыр жауса, жаусын! Сорғалап, сорғалап тоқтар. Егін жақсы еседі. Ертеңгі күн де біздің уысымыздан кетпес. Жаңбырдан кейін дәйім балық қармақты жақсы қабады.

— Саған бәрі де жақсы! Өз басыңмен ештеңде де ойлап таппайсың! — деп ашуланды Габдолла. — Қайықты қайдан аламыз? Осыны бір ойлап көрдің бе сен?

— Қайықтың қажеті не? Жағалаудағы балық та жетеді бізге!

— Жо-жоқ! Шабақ аулаған кішкене балалар сијекты, жағалауда жарбиып отыру жараспас,— деді Габдолла.

— Ол заман әлдеқашан өткен ғой,— деді салмақпен тағы да.

Шынында да біздің Қылышкөлінде балық аулаитын, өзін балықшымын деп санайтын кіслер, қолына қармақ алдып, жағалауда жарбиып отырмайтын. Балықтың ірісі — тереңде жүзеді, шын балықшы — қайыққа мініп алдып, айдын көлдің ортасында жүрер болар.

— Жарайды! Оның да бір амалын табармыз,— деп келісті Айдар.— Айтпақшы Өнегелінің атасы қалаға қонаққа кеткен. Қайығын үлкен құлыш салып, тығып қойса керек. Соны ашатын кілт тапсақ...

Габдолла бастық жаңа бір әмір берді.

— Қайық табу өнегелі Жақыпқа тапсырылсын.

Осы бір шақта Вәзиридің үйінде мынадай бір жағымды әңгіме болып жатқан-ды.

— Бүгін ертемен тұрып, наң ашытып қойып едім,— деді Құрбанбике апай.— Құймақ пісіріп,

балаларымды бір тойғызайын. Қазір дүрілдетіп пеш жағып жіберейінші.

— Апа,— деді Нәсиф,— құймақтың қай жағын майлайсыз, астын ба, үстін бе?

— Екі жағын да майлаймын, балам! Жұғіріп барып бір құшақ құрғақ отын алып келе қойшы!

— Охо, құймақ тәтті болады екен! — деп аузын бір салп еткізді де, Нәсиф аулаға жұғіріп барып, бір құшақ құрғақ отын алып келді.

Шешесі Вәзирге де жұмыс тауып берді.

— Кәне, Вәзир, сен Ямлегул әжейдікіне жұғіріп бар да, табасын сұрап алып кел. Екі табамен тез пісіріп алайын. Вәзир, жұғір, жұғір. Аяғың аннан-соннан бір тисін!

Басқа бірдеңеге жұмсаса, Вәзир бәлки «Ана Нәсиф барсын» — деп қасарысып қалған болар еді. Тәтті құймақтың қуанышы Вәзирді лып еткізді. Ол тіпті сөзге келген жоқ. Әкесінің етігін қоңылтаяқ сұға салды да, аулаға жұғіріп шықты.

— Вәзир! — деп айқай салды оның соңынан Құрбанбике.— Далада жаңбыр құйып тұр. Жалаңаш қайда барасың, көрген жан құлер сенің мына түріне! Әкеңнің сырма кеудешесін болса да кие кет!

Вәзир қайрылып қараған да жоқ. Ол үшін Нәсиф жауап берді.

— Апа, оған кеудемше ки деп қайтесің. Ол дене шынықтырып жүр. Вәзир ағайым батырлардай күшті болады. Әлі-ақ көрерсің! Егер оған біздің ауылдағы сүзеген бұқа кездесетін болса, Вәзир бір бармактымен-ақ тұртіп, ұшырып жібереді!

— «Ұшырар, ұшырар!..» Салқын тиіп ауырып қалатын болса, күрк-күрк етіп жатпаса қайтсын...

— Батырларға сұық тимейді!

— Міне тағы бір ақымақ шықты! Осы еді жетпей тұрганы! Мылжың екенсін!

Құрбанбике апайдың бүгін көңлі көтеріңкі еді. Уфадан келген көзілдірікті өкіл оның жұмысын қатты мақтаған-ды.

— Жұмысың өте жақсы екен! Сен, Құрбанбике, аудандагы алдыңғылардың қатарына жетіп қалыпсын,— деген болатын ол.

Қуанышы қойнына сыймаған Құрбанбике:

— Рахмет, рахмет, жақсы сөз жарым ырыс — деген гой,— деді оған.

Сөйтіп, сол қуаныштың буымен Құрбанбике құймаққа арнап кеше наң ашытып қойған еді. Өз жұмысын мактаған соң, құймақ пісіріп беріп, балаларын бір қуантқысы келсе керек. Дүрілдеп пеш жағылды. Табада шыжылдаپ сары құймақ та пісіп жатыр. Тек Вәзир үшті-күйді жоқ.

### ҚАЙЫҚҚА ЖҰЗУ ҮЙРЕТИП ЖУРМІН...

Бұл ауылдағы барлық үй көшені бойлай қаз-қатар салынған. Бір ғана Ямлегүл әженің кішкене үйі енесінен адасқан лақтай, көлдің арғы шетіндегі жарбасында оңаша тұр. Әлде, осынау үй бір нәрсеге өкпелеп, сырт айналып тұр ма еken? Олай болуы мүмкін емес. Бүкіл Бұркітті аулы Ямлегүл әжейді аяғынан тік тұрып сыйлайды. Көршілер ол кісіні дәм-тұзынан қалдырмай, дайым қонаққа шақырып тұрады.

Бұл үйдің өз тарихы, өз тағдыры бар. Үйдің әуелті қожасы Мырзабай атақты балықшы болған кісі. Ол: «балықшының мекені су бойында болуға тиіс» — деп, үйін осынау жарбасына салған-ды. Ямлегүл екеуі тату-тәтті өмір суріп, ұлдарын өсірді. Құндердің бір күнінде көл айданында мамырлап толқын есіп жатқан шақта, Мырзабайдың үйі үлкен қасиетке тап болды.— Ямлегүлдің екі бірдей ұлы соғысқа кетті. Екеуінің бірде-бірі үйіне қайтып оралған жоқ. Женіс құндерінің қарсаңында Мырзабай қарт дүние салды. Соғыс бітіп, ауыл ісі алға басқан кезде, колхоз басқармасы Мырзабайдың үйін орталықтағы бос орынға көшіруді үйғарды. Бұған Ямлегүл әжей келіспеген-ди. «Ұлдарым өсіп-ержеткен жерден үйімді қозғалтпаймын» — деді ол.

Егер сол кезде Ямлегүл әжей келісім берген болса, оның үйі бұл күнде Құрбанбикенің іргесінде тұrap еді, әлгінде таба әкелуге кеткен Вәзир әлдеқашан-ақ қайтып келген болар еді. Міне енді, жым-жылас ол да жоқ...

Вәзир үйден шықты да, батпақты шолп-шолп басып, көшениң басына жетті. Көл жаққа көз тастау үшін Ямлегул әжейдің үйінің алдына келіп тоқтады. Жағалауда үрпісіп қаздар отыр екен. Қалың қамыс көлге бас иген жағалаудан сәл әріекте жалғыз қайық жүзіп жүр, жай жүзіп жүрген жоқ, біреуесе оң жаққа, біреуесе сол жаққа аунақшып төңкеріліп кете жаздайды. Вәзирдің жіті көзі қалың жаңбырынан арасынан таныс адамның денесін көріп қалды. Әлгі адамның ескекке ебдейсіздігі көрініп-ақ тұр.

— Бәрекелде. Мынау Жақып қой!

Сол заматта-ақ құймақ та, таба да естен шығып кетті. Қайықта жүрген Жақыпты жақындаш барып көрмейінше, Вәзир кете алар емес. Қайдан мойын бұрсын! Жаңбыр шелектеп құйып тұрғанда, өнегелі Жақыптың қайыққа мініп алып, көлді шарлап жүргенін кім көрді дейсің!

Вәзир көл жағасына жүгіріп келді. Қамысты тасалап, жолдасына біраз қарап тұрды.

Жақып жағалауға көз салмады, Вәзирдің келгендін де көрген жоқ. Бар күшін салып, ескекпен арпалысада. Қайық Жақыптың ырқына көнер емес. Алға да баспайды, артқа да жылжымайды, шайқалақтап бір орнында шыр айналып тұр, жағалаудан ескен жел әлгі қайықтың көл ортасына қарай баю ығыстырып барады.

Вәзир шыдап тұра алмады.

— Эй, Өнегелі, не істеп жүрсің? — деп айқайсалды.

Жақып сасқалақтап жалт қарады да, лезде-ақ есін жиып:

— Атамның жаңа қайығына жүзу үйретіп жүрмін! — деп айқайлап, мұдірмей жауап қайтарды.

— Ой үйреткішім-ай! Жалғыз ескекпен отырып есе ме екен? Түрегеліп тұрып есу керек. Тез тұр! — деп бүйірдуды Вәзир!

Жақып қайықтың шетіне жантая беріп, суға үрейлене қарады.

— Су терең ғой, қайық шайқалып тұр...

— Қорықпа, ақымақ, бұл ара терең емес. Сенің тамағыңнан да келмейді...

— Мен қорқып тұрғамын жоқ...

Жақып тәлтіректеп, түрегеліп қайықтың қақ ортасына келіп тұрды.

Вәзир тағы да айқайлады:

— Қайықтың арт жағына шық! Қақ ортада тұрып кім есуші еді?

Жақып ептең артқа қарай шегінді.

— Жарайды,— деп мақұлдаپ қойды Вәзир,— енді ескегінді ес! Алдымен оң жағынды ес! Оң жағынды,— дедім ғой! Сен өзің оң мен солынды білмеймісің? Бері қара, оң жақ мынау!

Вәзир Жақыпқа қарсы қарап тұрған болатын. Сол себепті оның оң жақ деп көрсеткені Жақыпқа сол жақ болып көрінді. Мұнысын Вәзир тез аңғарды да, сыр білдірген жоқ. Іле тағы да кеңес берді:

— Ей, Жақып! Өз білгеніңше есе бер, естідің бе? Жарайды, өз білгеніңше есе бер деймін!

Жақып біресе оң жағын, біресе сол жағын есе берді. Вәзир екі қолымен кезек-кезек көрсетіп, асыға әмір етеді, балшықты шалпылдатып, белшеден кешіп жағалауда жүгіріп жүр.

— Ана жағынды ес! Енді мына жағынды! Солай, солай! Ана жағынды! Мына жағынды! Тағы да анау жағынды!

Қайық шайқалып, айналсоқтай жағалауға қарай ілбіп жақындал келеді. Сөйтсе де бұған Вәзирдің көңілі толмады. Қайық есуді де білмейтін адамға селқос қарай алмады ол.

— Ескегінді суга батырма. Сен картоп қазып жатқан жоқсың ғой! Қенірек серме! Қенірек, дедім ғой! Тенселме, былғақтама! Тік тұр! Міне, міне! — деп, ашына айқайлап тұр Вәзир!

Жақып Вәзирдің әрбір әмірін мұлтіксіз орындауды: енді үйреніп болған шығармын деген шақта, кеңет тағы бір пәле тап болды.

— Қенірек серме! — деп тағы да айқайлады Вәзир. — Қане, кенірек!

Батыр боп алған Жақып ескекті қаттырақ сермен, суга терең батыра бергенде, қайық қайқаңдал барып ауып кетті де бала ғұлғақтап барып, өзін өзі ұстай алмай, суга гүмп берді.

— Отыр! — деп бар даусымен айқай салды Вәзир, бірақ бұл мезетте қайықта ешкім де жоқ болатын...

Толқын бетінде Жақыптың шақпақ кепкасыға на қалқып қалды. Сол кепкадан көзін алмастан аңырайып, Вәзир жағада селтиіп түрді да қалды.

Әлгі кепка суға енді бата бастаған шақта, сол маңдан Жақыптың қалықтап басы шықты. Сонда барып Вәзир есін жиып, рогаткадан атылған тастай суға зып етіп қойып кетті. Оның аяғындағы етігі тұрған жерінде балшыққа батып, серейіп тұр. Вәзир мұны аңғарған жоқ. Оның есі-дерті қайық аударылып, Жақыптың басы бір батып, бір көрінген жерге жету еді. Бұл жер онша терең емес-ті. Жақыптың құлағынан ғана келетін. Ал жүзе білмейтін адамның суға кетуіне осы тереңдіктің өзі де жеткілікті еді...

Вәзир ебедейсіз ескекшінің жанына жүзіп келді де, жағасынан алышп, жағаға қарай сүйреді. Бұл екеуі жағалауға жеткен кезде, Жақыптың өнді аппақ шүберектей болышп кеткен еді.



Вәзир оны аяғынан тік тұрғызып қойды да көгеріп кеткен ернін жалай түсіп, әзілдеп:

— Қалай, көл сұы тәтті ме екен? — деді.

Жақып басын ғана шайқады. Сірә, көл сұы онша тәтті болмаған болуы керек.

— Бар, жағаға шыға бер! — деді Вәзир.— Мен тағы бір сұңгіп, сенің кепкаңды іздейін!

Сонда ғана Жақып тілге келіп:

— Іздеме, керегі жоқ,— деді, даусы қалтырап зорға шығып, ерні ерніне әзер тимей.— Керегі жоқ. Бас аман болса кепка табылар.

Суық сұға қайтадан тұсуге Вәзириң өзінің де зауқы болмай тұрған-ды.

— Кепкаң кепка-ау,— деді ол ойланып. Бірақ кенет көлге жалт қарап, алақанымен екі санын шарт еткізді де,— қайық пен ескек кетіп барады,— деп айқайлады жүгіріп бара жатып, сұға гүмп етіп түсті де, қайыққа қарай құлаш ұрды. Ең алдымен толқынмен су бетінде жылмандаپ жүрген ескекті ұстап алды. Онан соң қайықтың жиегіне қолы жетіп, үстіне қарғып шықты. Ескек оның қолына тигенде үршықша үйіріліп, еркін есіп жағаға қарай келе жатыр.

Зәресі ұшқан Жақып, тоңғандықтан қалтырап, Вәзириң әрбір қимылына қадала қызыға қарап қалыпты.

«Шіркін, Вәзириң жүзе білер ме еді»,— деді ол ішінен.

Үсті-басынан су сорғалаған Вәзир қайықты судан сүйреп шығарды. Енді етікті тауып алуға кірісті. Оны тауып алу да оңайға соқпады. Мана көл шетіндегі сазға батып қалған етіктің қонышы ғана сорайып тұр еді. Ішіне су толып қалыпты. Вәзир етіктің ішіндегі суды төгіп тастады да көңілдене сөйлеп:

— Жақсы болды-ау. Экемнің етігі өзінен-өзі та зарыпты. Енді үйге тек жалаң аяқ баруым керек. Таза етікті қайта былғауға болмас!

Жақып баяғы орнында тапжылмай әлі тұрғанды. Вәзир оның жанына келді де, арқасынан қағып, оның көңілін көтере:

— Сенен түбі бірдене шығады. Эзірге икемің шамалы, орашолақсың. Бірақ бірдене шығатыны анық,— деді.

— Рас айтасың ба? — деп Жақып қуанып кетті.

— «Рас, рас!» — дейсің деп Вәзир оны мазақтады да,— менің сірә бекер айтқан кезім болып па еді?

— Эрине, бекер айтқан жерің болған емес.

— Жарайды. Енді не істейміз?

— Білмеймін... Атамның қайығын орнына апарған жөн болар еді.— Балалар қайықты қайтадан суға итеріп түсірді.

— Ескекті ал да, асықпай ес,— деді ұстазы шәкіртіне.

Жақып қайықты жағалаумен алыш келеді. Вәзир әлі де нұсқау берумен келеді.

Жауынгерлік алғашқы қыындықты бастан кешірген Жақып, енді өзі де қайықты сеніммен жүргізіп келеді. Едәуір жерге тез келіп қалғанын өзі де байқамай қалды.

Олар қайықты жағаға сүйреп шығарып, шынжырын бағанаға таңып, құлышп салып бола берген кезде, аяқ астынан Жақыптың шешесі шыға келді. Ол дереу қарғап-сілеп, айқайға басты:

— О, сор қайнаған! Сен мені отқа да, суға да салдыңғой! Балам-ау, түріңе қарашы, не болғансың, судан шыққан тышқандайсыңғой! Осының бәрі мына Вәзирдің әлегі! Қазір басқармаға барып айтпасам — атым Гүлемеш болмай кетсін! Вәзир, саған айтам, естімісің? Неге азапқа саласың баланы? Кепкасын қайда жібердің?

Гүлемеш апай Жақыптың білегінен ұстайын деп еді, ол жұлқынып ұстаппады.

— Апа, егер Вәзирге тағы да тіл тигізетін болсаң, мен барғой... Мен қазір қайыққа отырам да бір алысқа кетемін де қаламын! Егер қайықпен жүзіп кете қалсам, қайтып оралмайтынымды біліп қой!

Гүлемеш апай үн-түнсіз тұрған Вәзирге ала көзімен бір қарады да, сөз төркінін өзгерте қойды:

— Жарайды, жарайды, ештеңе демей-ақ қояйын, сениң айтқаның-ақ болсын. Тек жүр, үйге барайық!

Шешесі тағы да баласының білегінен үстап, же-  
тектемекші болып еді:

— Мені жетектеме,— деді ұлы қарсылық көрс-  
тіп.— Мен өзім-ақ барам. Тек Вәзирге тіл тигізуі  
болма!

— Жарайды, жарайды! Айттым ғой, ештеңе де-  
мей-ақ қояйын.— Шешесі мен баласы үйіне кетті.  
Етікті қолтығына қыстырган Вәзир көл жағасында  
қалды. Ол ешқайда да асықпады. Баяғы табаны да,  
үйдегі құймақты да әлдеқашан естен шығарған.

### ЖАҢБЫРДАН СОН

Күні бойы жауған жаңбыр кешке қарай тыйыл-  
ды. Бұл аспанды біржола қаптағандай болып еді,  
әп-сәтте-ақ ыдырады. Жаңа ғана аспанды торлаған  
нөсерлі жаңбыр тыйылып, күн көзі көріне бастады.  
Тек әлдеқалай жаңбыр қалдығы анда-санда бір та-  
мады. Бәлкім, сіркіреген бұл тамшылар ірі жауын-  
ның балалары шығар, олар аспан ойынының қызы-  
ғына түсіп, ірі тамшылармен бірге түсіп, ұлғіре ал-  
май қалуы мүмкін. Қалай дегенмен, баланың аты  
бала емес пе: ойынмен бір алданып кетсе, дүниеде-  
гінің бәрін де ұмытады ғой.

Осы бір сіркіреген жауын тамшылары жұп-жұм-  
сақ, алақаныңды жайып, тосып тұрсаң, секіріп ала-  
қаныңда қонады да саусақтарыңың арасынан сусып  
өте шыгады.

Бұлар осындай ерке келеді.

— Ехе, іліндің бе қармағыма! — дейді Гүлнұр,  
алақанына түскен тамшыға қарап.— Сен неге сон-  
дай жұп-жұмсақ, жып-жылдысың? Күнге жақын бол-  
ғандығыңдан шығар.

Гүлнұр алақанын жайып, аспанға көтеріп, бас-  
қа тамшыларды шақырады.

— Тама ғой, тағы бір тамшы! — деп, сылқ-сылқ  
куледі кішкентай қыз.

Гүлнұр дуал жанындағы жуан бөрененің бір ба-  
сында тамшымен ойнап отыр. Өзімен-әзі мәз. Еш-  
кіммен де ісі жоқ. Ал бөрененің екінші басында Фаб-

долла мен Айдар отыр. Бұл екеуі күбір-күбір сөйлес-  
келі қашан.

Балалардың түрінде кейіс бар. Шалшық сумен  
ойнап, арықты жалдап шауып жүрген кішкене бала-  
ларға да, алақанына тамшы жинап, дамылсыз сы-  
қылықтап күліп отырған Гүлнүрға да бұл екеуі көз  
қырын салар емес.

Өз маشاқаттарымен әуре.

— Сол Өнегеліңнен ештеңе шықпайды-ау осы,—  
деді Айдар.— Керек емес шақта көз алдыңнан кет-  
пейді де керек кезде жым-жылас. Сүмелек!

Габдолла аузындағы түкірігін тісінің арасынан  
шырт еткізді. Оның қатты ашуланғанда осылай іс-  
тейтін әдеті бар-ды.

Айдар біраз үндемей отырды да, тағы да:

— Сірә, ол қорыққан болар. Ал шалдың қайығы  
ен жақсы қайық. Бір тамшы да су өткізбейді.

Габдолла кенет:

— Сен осы мені бастық деп санаймысың? — деп  
сұрады.

— Эрине, санаймын,— деді Айдар.

— Санасаң қазір бар да, сол Өнегеліні осында  
шақырып кел.

— Мен баруын барамын. Ал егер оның шешесі  
мені көріп қойса, ойбай салып, Жақыпты үйден шы-  
ғармай қояды ғой!

Айдар қарындастына қарады. Кішкене Гүлнүр  
жаңбырдан кейін жаптырылып қалған шөппен сөй-  
лесіп отыр.

— Шөп, әй шөп, басыңды көтерші, күн көзіне  
қараши,— деп жалынады ол шөптерге.

— Қарындастым, ақылгөйім, Гүлнүрым,— деді  
Айдар.— Өзің білесің ғой, мен саған торғайдың екі  
балапаның ұстап берем деп едім ғой.

Гүлнүр ағасының жанына жүгіріп келді.

— Білем, тек сен ұстай алмайсың ғой.

— Көр де түр. Ұстаймын. Әдемі қызыл көйлегің-  
ді тігіп болғанда, ұстап әкеп берейін жарай ма?

— Жарайды.

Басын изеп, Гүлнүр орнына барып, қайта отыру-  
ға ыңғайланып еді. Бірақ ағасы оны жібермей:

— Торғай балапандарына сымнан тор жасап беремін, оны көк бояумен әдемілеп бояймын,— деп тоқтатты.

— Мен балапандарға дән себемін,— деп, Гүлнұр көңілденіп қалды.

— Эрине, себесің. Тек сен менің айтқанымды тыңда. Сен үлкенсің ғой.

Осы шақта Гүлнұрдың үлкен болғысы келген жоқ-ты. Өйткені торғай баласы керек-ақ. Әлфина деген қыздың балапаны бар. Ал Гүлнұрдың осы уақытқа дейін балапаны жоқ.

Қызы ағасына үмітпен, қуана қарады.

— Бара ғой, жаным, жүгіріп барып, Жақыпты шақырып келе ғойшы,— деді Айдар.— Байқа, шешесі естіп қойып жүрмесін.

Гүлнұр жалаң аяғымен шалшық суды шашыратып, Жақыптың үйіне қарай тұра жүгірді. Қақпата барды да тоқтай қалып, дуалдың саңылауынан сығалады. Жақып үолі жатқан отынның жанында бірдеңе жонып отыр. Бар ықыласы түсіп кетсе керек, тіпті басын көтерер емес. Дауыстап шақырса, Жақыптың шешесі естіп қоюы мүмкін. Аз ойлап тұрды да жерден жұдырықтай тасты алып, аяғының ұшынан тұрып, дуалдан асыра лақтырып жіберді. Тас шалшық суга шолп ете түсті. Жақып селк етіп, жалт қарады. Дуалдың саңылауынан қызарған саусақ сияқты бірдеңе көрінгендей болды. Жақының рақ келді. Әлгі саусақтар тықырлатып, тақтайды тырнай бастады.

— Бұл кім? — деп сыйырлады Жақып.

— Мен,— деп шіңк ете түсті Гүлнұр.— Айдар ағам мен Ғабдолла сені шақырып жатыр. Тез келсін,— деді. Егер тез бармасаң, олар ашуланып, осы Өнегеліден ештеңе шықпайды, деп тағы да айтады... Олар біздің үйдің жанындағы бөренеде отыр.

— Жарайды. Көп сөйлеме. Кет жөніңе!

— Кеттім.

Гүлнұр мұлде басқа жаққа кетті. Тігуге берген көйлегі есіне түсті. Көйлектің не халде екенін білу керек. Міне енді Ямлиха апайдікіне қарай жүгіріп

барады. Бірден екі қуанышқа тап болғалы тұр ғой. Көйлек те кимек, екі балапан алмақ! Тағы да торғай қамайтын тор болады. Тіпті ол төрт қуанышқа тап болады екен ғой.

\* \* \*

Жақып көп күттірген жоқ. Ол картоп бақшасының үстімен, көлдің жағалауына шығып, көшени бойлай жүрді. Бұл жол алыс, алыс болса да қауіпсіз еді. Неге десеніз, Гүлемеш апайдың сықырлауық қақпасы кірген, шыққан адамды, дереу үй иесіне хабарлап тұрады. Ғабдолла мен Айдардың Жақыпты көрмегеніне екі күн болған. Осы уақыттың ішінде ол аздап жүдеу тартыпты, маңдайындағы ісігі сарғайыпты, өсіп, тіпті тіктеніп қалған тәрізді.

Бастық Жақыпқа таңдана қарап:

- Сені мұнша әдемілеп қойған кім?
- Өзім дә.
- Алдамасаң қайтеді.
- Нан ұрсын! Өнегеліліктен құлантаза арылдым. Қия тастан секіруді үйрендім. Өзің айтып едің ғой. Тек жүзе білмеймін.
- Бір-екі шелек су жұтсаң, үйреніп кетесің.
- Әрине, үйренем,— деді Жақып, таңертең жұтқан көл сүйнан жүрегі әлі айнып тұрған болатын оның.

Жақып істегендерінің бәрін бастан-аяқ ретімен айтып бергісі келіп-ақ еді, Бастық одан ештеңе де сұрамады, сол себепті Жақып та үндеген жоқ.

- Атаң қашан қайтады? — деп сұрады Айдар.
- Атам тез қайта қоймас. Немене?
- Атаңың қайығының кілті қайда?
- Білмеймін...
- Сен «білмеймінді» қой! Түсінікті ме? — деді Бастық түсін сүйтеп.— Ертең таң сәріден көлге шығу керек. Таң қылаң берісімен Ямлегүл әжейдің моншасының артына жиналадыз. Кештен бастап қайығың дайын болсын.

Жолдастарының оған ісі түскеніне Жақып қатты қуанды. Қалай қуанбасын, барлық бала сырт айналып кеткен адамға, кенет «Үш тағанның» Басты-

ғы осындай жауапты іс тапсырып отыр. Жақып қуанып кетті, жаңа ғана боп-боз еді, міне енді екі беті қызыарып, көзі жылт-жылт етеді. Құрдастарының қатарында олармен өзін тең сезіну жақсы-ақ екен.

— Құп болады, қайық әзір! — деді Жақып, қуанышы қойнына сыймай, — тіпті қазір-ақ отырып, жүзіп кетуге болады!

— Қалай әзір болсын! Қос қолдай құлып салулы түр ғой!

— Тұра берсін! Құлып қанша үлкен болғанымен, үрмейтін де, қаппайтын да ит сияқты. Атам құлыпты жай көзге абай болсын деп іліп қояды.

— Атаң кейіннен ұрсып жүрмей ме? — деді Айдар, келешектің қамын ойлап.

— Ұрса қоймас! Өз атам ғой, неге ұрыссын.

«Үш тағанның» үш мүшесі осылай әңгімелесіп тұрғанда, көшениң арғы жағынан Вәзир өтіп бара жатты. Екі қолы қалтасында, ешкіммен де ісі жоқ сияқты. Ысқырып, әлде бір әнді салып барады, шүйіркелесіп тұрған мынау үш балаға ол мұлде енжар қарайтын сияқты, өз ісін түгел тындырып болған, дүниеге риза жандай, ал енді жай көшеге шығып, денесін шынықтырып жүрген болып көрінді.

Вәзир жай жүріп көшениң арғы жағына, одан кейін бергі жағына өтті. Бірақ оған ешкім қараған жоқ. Дұрысырақ айтсақ, қарауын қарады-ау, тек сыр білдірмеді. Отырған ушеудің бірде-біреуі Вәзирдің атын атамады, көшпеде жүрген олардың бұрынғы досы емес, бейне бір адасқан қозы тәрізді. Жоқ, қозыға да теңеуге болмайды, неге десеніз адасқан қозыны көрген әркім-ақ қақпасын ашып, қораға кіргізіп алады ғой!

Енді бірде кері қайтқанда, Вәзир көшениң әлгі үш бала отырған жағымен жүрді. «Үш тағанға» жақындалп келгенде, қолын қалтасынан шығарып, мүсептери қалды. Жолдастарының алдында тізе бұгы оған қыын-ақ. Өзінің аянышты халін ойлағанда, еңіреп жылап жібере жаздады ол. Жолдастарымен қалай да татуласу керек. Басқаша жол жоқ. Сол себепті өзін-өзі зорлап, балалардың жанына келді де, Бастықтың алдына тоқтады.

— Ғабдолла,— деді ол жаймен ғана, даусы қалтырап, әзер-әзер шығып,— әне күнгі пышақты дереу апарып бердім. Сенбесең Шарифолланың өзінен сұра. Бұдан былай біреудің бұйымына тисем қолым қырқылсын!

Вәзир осыны айтып, ең алдымен Ғабдолланың бетін бері қаратпақ. Айдар болса, Бастықтың айтқанынан шыға қоймас еді.

Ғабдолла зекіп, Вәзирдің бетін қайтарып тастамақ болып, қатулана қарап еді... айтартға сөз таппай аңырып тұрып қалды. Қарсы алдында Вәзир тұр. Бишараның екі көзі жыптылықтап, жоғарғы ерні дірдір етеді. Екі білегі көкпеңбек. Жалаңаш омырауы тілім-тілім. Бұл таңтертең Жақыптың қайығын құттарған кезде түскен соны жара.

Ғабдолла да үн-түнсіз жолдасына қараумен отыр, Вәзирдің аянышты халін көргенде, оған деген ыза жайына қала берді. Ол ол ма, тіпті Ғабдолланың оған жаңы ашып, көз алдына бұрынғы Вәзир емес, құйттайынан ойнап-күліп бірге өскен, шат көңілді, жарқын жұзді досы келді. Осындай бір сәтте өткендегінің бәрі еске түсе қояды ғой. Ғабдолла сонау бір кезді есіне алды: балалар орман ішінде кепка лақтырып ойнаған-ды. Ғабдолланың кепкасы ағаштың ең биік бұтағына ілініп қалды. Балалар таслақтырды, таяқ лақтырды. Кепканы түсіре алмады. Енді ағаш басына өрмелеп шығуға тұра келді. Сонда Вәзирден басқа бірде-бір бала ағаш басына шыға алған жоқ еді. Ол қолы-басын ағаш ысып кеткеніне қарамастан, өрмелеп шығып кепканы түсірді. Жерге түсе бергенде, қолы босап кетіп, құлап та қалды. Жай құлаган жоқ, қатты құлады. Сонда да бала болып жылаган емес. Құдды үлкендерше: «Жүрмеген жан ғана құламайды», — дей салды.

Ғабдолла Вәзир екеуі талай рет бірге балық аулағанын есіне түсірді. Балық аулауға келгенде, Ғабдолланың салымы жоқ-ты. Вәзир екі-үш балық алғанда, Ғабдолланың қармағын балық та қаппайтын. Сөите тұрса да кешкे ауылға қайтар кезде, Вәзир сенікі-менікі демей, ауланған балықтың бәрін үлкенін де, кішісін де тең бөлісетін-ді.

Ал өткен жылы мынадай бір оқиға болды. Мейірімсіз біреу мысықтың баласын терең құдыққа тастапты. Мысықтың баласы суга батып кетпей, құдықтың ішпіндегі бір мүйіске жабысып алғып, миаулап шыр-шыр етеді. Делбенің ұшына шелек байлад, құдыққа түсірсе, мысықтың баласы, оған жақсылық істеп тұрганын қайдан білсін, шелекке жуымайды. Мысықтың баласын құтқару үшін үлкендер де, балалар да көп әрекет жасады. Бірақ мысықтың баласын құдықтан шығара алмай-ақ қойды. Осынау шакта ұзын арқан сүйреп Вәзир келді. Ол арқанның бір ұшын бағанаға байлады да, арқанды ұстап, тубі қап-қараңғы терең құдыққа қорықластан түсіп кетті. Вәзир бір қолымен арқанды ұстап, екінші қолын мысыққа созғанда, Габдолланың зәресі ұшты. Вәзир мысықты ұстап алды да шелекке салды. Сонан соң арқанмен өрмелеп құдықтан өзі шықты...

Осынау ұмытылmas оқиғалардың бәрі қазір Габдолланың кез алдынан бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Міне қазір жолдастарының алдына келліп, тізе бүккендей, үнсіз кешірім сұрап тұрган шынымен-ақ батыл да өжет досы сол Вәзир ме? Габдолла да, Айдар да оған кешірім беруге өзір. Тек «Уш тағаннның» намысына дақ түсірген адамға Бастық Габдолланың кешірім беріп, жаны ашуға хакы жоқ. «Мұндай ретте қатал болу керек!» — деп ойлады Габдолла, сол себепті түсін суытып, енжар үнімен:

— Саган не керек? — деді.

— Ештеңде де керек емес? — деді Вәзир жалтақтап.

— Олай болса, мұнда нағып тұрсың?

— Маған сіздер керек, — Вәзирдің даусы қалтырап, көзі жыптылғық-жыптылғық етеді.

Жақып Вәзирді аяп кетті, тіпті жылап жібере жаздағалы тұр. Өжеттігі, батылдығы өзгеден артық осынау баланың соншама не қылмыс істегенін ешбір ұға алмай-ақ қойды ол. Бүкіл көшеге беделі бар Вәзир қалайша осындай бишаралық халге келген? Не себепті жолдастары оны сыртқа тебеді?

Жақып қалтасындағы қызыл сапты рогатканы бір ұстап қойды. Дәл осы рогаткамен атқанда мұлт

жіберіп көрген емес, мына Вәзир. Жақып досына жаны ашып, мұсіркеп-ақ тұр.

— Ұрыссаңдар да, ұрсаңдар да еріктерің білсін,— деді Вәзир.— Тек мениң бір-екі ауыз айттар сөзім бар, соны тыңдаңдаршы!

— Жарайды, тез айт! Біздің уақытымыз жоқ! — деді Ғабдолла, қабагын түйіп.

— Біздің үйдің сарайында бір қызық нәрсе бар. Эрине, қызық дейтін онша қызық та емес... Дегенмен, жүріңдер, барып көрейік.

— Бәлкім, әлдебір айлакерлік шығар,— деп шұбаланды Айдар.

— Жоқ, айлакерлік емес.

— Онда немене?

— Барған соң көресіңдер ғой!

«Тағанның» үш мүшесі біріне-бірі қарады. Әлбетте төрелікті бастық айтуға тиіс. Ол айтты да:

— Барсақ та, сені сынау үшін барамыз. Есінде болсын, егер әлдебір айлакерлік істейтін болсан, бізге өкпелеме!

Осыны айтты да Бастық жұдырығын көрсетіп қойды.

— Айттым ғой, өлтірсендер де, өртесендер де еріктерің.

Ғабдолла «Тағанға» әмір берді.

— Жүріңдер, барып көрейік!

Вәзир Жақыпты шақырғысы келген жоқ-ты. Шақыру былай тұрсын, мұндай құрметті қоғамның қатарында болуга Өнегелі лайықсыз деп есептеді ол.

— Жақып, сен бармасаң да болады! — деді Вәзир.

Жақып көзі жаудырап, Ғабдоллаға қарады. Ол үшін бастықтың өзі жауап берді.

— Жоқ, Жақып та бізben бірге барады! Ол біздің үшінші мүшеміз.

Вәзирдің жүрегі зу ете тұсті, әйтсе де сыр білдірген жоқ.

— Жарайды, барса барсын! — деген болды. Сол мезетте-ақ ішінен: егер Ғабдолла мен Айдарға үш пряникten келсе, Жақып екеуіне бір пряникten келеді еken деген есепті шығарды. Егер тең бөлсе, кісі басына екі пряникten айналмақ.

## ВӘЗИРДІҢ ЕКІНШІ АФАТТЫҒЫ

Сарайға барғаннан-ақ Вәзир еркін сезінді. Даусы да қаттырақ шыға бастады. Қалай дегенмен де, бұгін ол сыйлық жасайдығой.

— Балалар,— деді ол салтанатпен,— сендерге арнаған аз ғана сыйым бар! Аз да болса, көптей көріндер! — Бұл сөздерді ол үйге қонақ келгенде, әкесінің аузынан талай естігени барды.

«Қандай сыйлық болар екен?» — деп, балалардың көзі жалтырап кетті. Дәмді тамақ күткен Жақып сілекейі шұбырып, тамсанып та қойды.

— Соншама таңғажайып сый емес,— деді Вәзир қуанышы қойнына сыймай.— Жақып, фуражканды берші!

Жақыптың басындағы әкесінің ескі фуражкасы болатын.

Вәзир фуражканы алып, сарайдың қараңғы түкпіріне қарай кетті. Шарбақ дуалдың арасына қолын жүгіртіп әлденені іздең жатыр. Алты көз оның әрбір қимылын аңдып, қадала қарап тұр.

— Ә, қолға түстің бе, тәттілерім! — пряниктің бірінен соң бірін фуражкаға салып, сөйлеп тұр Вәзир.— Түстің бе! Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз... Габдолла мен Айдарға үш пряниктен, қалғандарымызға бірден, ешкімнің де өкпесі жоқ!

Сый, балалардың күткенінен артық болып шықты. Құтпеген жерден мұншама пряник әрдайым ауызға іліге бермейді. Жақып тағы бір тамсанып қойды. Басқаларының да тамағы жыбырлай бастады.

Вәзир дәмді тағам салынған фуражканы бүріп үстап алды. Қонақтарды сарайдың ішінде сыйлау ыңғайсызғой. Сарайда тамақ ішіп отыратын олар бұзау емес.

Қонақтар сый иесінің сөзін жыққан жоқ.

Сарайдың артында үлкен жалпақ тас барды. Мұны балалардың бәрі де білетін. Сол тастың үсті тіпті той жасауға да жарайды. Өте ыңғайлыш. Міне қазір Вәзир бар сыйын сол тастың үстіне жайып салмақ. Қонақ күткіш жандар сияқты ол қонақтарынан қысылмай, қымтырылмай отыруды өтін-

бекші. Жақыпқа ғана онша қыла қоймайтын шыгар-ау.

Бұл дүниеде қонақ сыйлағаннан артық не жақсылық бар десендерші?

Бұлардың бәрі сарайдың артына шыққанда, Вәзир фуражкасының ішіндегісінің бәрін тастың үстіне төкті де, менсінбеген пішінмен Жақыптың фуражкасын өзіне лақтырып жіберді. Бірақ мынау қонақтарға не болған? Жаңа ғана ыржып тұрган еріндері дүрдиіп, қабақтары тұксип кетіпті. Бір жақсылық күтіп жылтырап тұрган көздері тұнжырап қалыпты... Не болды бұларға? Сый иесінің өзі де міз қақпай тұрып қалды... не болды екен?

Бақсақ тас үстінде шашылып жатқан пряніктің бірде-бір бүтіні жоқ. Бәрін де тышқан кеміріп тастапты: бірінің шеті кемірілген, бәз біреуінің айналасынан түк қалмаған, екі пряніктің ортасын тесіп тастапты. Прянікті тек балалар ғана жақсы көрмейді екен; тышқандар да ұнатады екен-ау, тышқан біткен екі күндей емін-еркін тойлапты!

— Тышқаннан қалған сыйынды өзің-ақ же! — деді ренжіп Бастық.

Вәзир нажағай кеп ұргандай болды. Адамның басына әр түрлі пәле келе береді екен-ау, ал бір адамның басына мұнша пәленің үйіліп-төгілуі тым ауыр-ақ!

— Мен бұл прянікті кеше ғана әкеп қойған едім,— деді ол міңгірлеп.— Егер сенбесендер...

Жақып істің бет алысын оңға бастырмак болды:

— Тышқаннан қалғанды жесен, тісің өте мықты болады,— деген бар гой,— деді ол.

Айдар оның бетін бірден қайтарып:

— Біздің тісіміз онсыз да мықты. Біз сен сияқты аузымыздан қант кетпей өскеміз жоқ!

Балалар әбден күйінді! Соншама күтіп, үміт еткенде, ақыры мынау...

— Рахмет, сыйың керемет болды,— деді Ғабдолла, сол замат «Үш тағанға»: — Кеттік! — деп әмір етті.

Ренжіген қонақтар жай басып кете берді. Вәзир тас үстінде жатқан прянікке қадала қарап тұрды.

Мұнан кейін, бірінен соң бірін огородқа лақтырып, құлашын сермеген сайын, ызалана:

— Мәсаған! Мәсаған! — деп түр. Бұл сөздердің кімге айтылғаны: тышқанға ма, жолдастарына ма, әлде өзіне ме ол жағы белгісіз. Ең соңғы прянікті лақтырып жіберген соң, ол тастың үстіне етбетінен жата қалып, еңіреп жылап жіберді. Вәзир ұзак жылады. Ол көптен бері бала болып біреуге шағым айтып, жылап көрген емес-ті. Дәл осы бір жолы көз жасы сарқылғанша жылады. Қаншама әуре болды, қаншама тырысты — бәрі де зая кетті. Шешесінің ақшасын да алды, сонда да іс оңға басқан жоқ.

### ҚАПТЫҢ БА, БАЛЫҚ, ҚАРМАҚТЫ!

Біздің Қылышкөлді күн шыққан шақта көргенің бар ма? Сірә, көрмеген боларсың? Мұндай таңғажайып кереметті бір-ақ рет көрсөн, өмірінде қайтып есінен кетпес! Мен мұны мақтану үшін айтып отырғам жоқ. Қылышкөлін де, оның таңтертеңгі әдемі көрінісін де біз қолдан жасаған емеспіз — мұның бәрін табиғат өзі жасаған. Оның көркіне мен өзім ерен сүйсінem. Өз көзіммен көргендерімнің бәрін сіздерге де айтып беріп, қуанышымды ортага салмақпын.

Күн нұры ең алдымен Қылышкөлдің аржағындағы жартасқа келіп шағылады. Сонан соң, шашырап, жан-жаққа тарайды. Бұл уақытта көл сүттей аппақ тұманды бүркеніп, ұйықтап жатады. Осы мезетте шырқ үйқыда жатқан көлді тіпті таң жарығы да оята алмайды. Қайта ол бас-аяғын қытап, бұрынғыдан да бетер бүркене түседі. Көлдің мұншама бүркнетін себебі де бар. Біздің жақта тау арасындағы жазғы таң өте салқын. Күн шыққан кездеғана біздің Қылышкөл қынабынан суырған семсердей жарқылдайды.

— Ұзак ұйықтайсың, Қылыш, — деп жазғырады оны Құн. — Қандай түс көрдің?»

«Заман тыныш болған соң, Қылыш ұйықтауга тиіс, — деп қалжындаиды көл. — Жақсы түс көрем, Құн. Рахмет саған!»

Күн онан әрі өз жөнімен кете барады. Кездескен-нің бәрімен ұзақ сөйлесе берсе, бір күн ішінде жер жүзін айналып шыға алар ма ол!

Күн жоғары көтерілген сайын, көлдің суы да күлім қағып, құлпырып кетеді, беті төп-тегіс. Сол тегістікке адам қызығарлық, тіпті жалаң аяқ сол тегістік үстінен жүгіргің келеді. Жаңа күн туса, жаңа қуаныш та, жаңа үміт те туады. Бұл мезгілде тек тұманғана тұнеріп, мұлгиді. Оның да себебі бар — тұманның өмірі ұзақ емес. Әйтсе де сол тұман әр қамысқа, әрбір талға, балдырган жапырақтарына жармасып бағады, амалын тауып, көл бетінде көбірек болғысы келеді. Онысы бекер әурешілік. Тұман мен Күн қатар өмір сүре алмайды. Бұл әр-кімге-ақ аян.

Таң қылаң бергеннен әтештер қиқу салып, ауылды басына көтерді, осы бір сәтте, үш бала қайыққа отырды. Бұл тұні Габдолла мен Айдар шөп сарайында бірге үйіктаған болатын. Олардың тұрганын да, кеткенін де көрген жан болған жоқ. Ал Жақып өз үйінен дыбыс білдірмей кете алмады. Ол таң қылаң бергеннен-ақ оянды. Былқ етпей ұзақ жатты. Шешесінің әрбір тыныс алудын аңдыды. Онан соң ақырындан киіне бастады. Шалбарының бір балағын кие бергенде, шешесі оянып кетті.

— Балам, мұнша неге ерте ояндың? Әлде жаман тұс көрдің бе?

— Тұс көргем жоқ. Біз балалармен бірге балық аулауга барамыз.

— Балыққа? Көлге? — деп, Гүлемеш апай тәсегінен атып тұрды.

— Апа, балық көлде ғана болады,— деді Жақып.

— Аузыңа да алушы болма! Енді қалғаны сол еді!

— Апа, мен жолдастарыма уәде бергем. Ал уәдені бұзуға болмайды.

— Уәденің де уәдесі бар. Уәде біткеннің бәрін бірдей орындаған бермес болар. Үйден аяғыңды аттап шықпайсың! Міне, солай!

— Апа, осы мен басқалардан кеммін бе? Басқаларға болғанда маған неге болмайды?

— Басқаларда менің ісім жоқ. Менің ұлым жалғыз, — деп ашуға басты Гүлемеш апай.

Жақып шешесінің сырын жақсы біледі. Қорқытса болды, шешесінің зәресі ұшып кететіні өзіне әм аян.

— Апа, білесің бе, егер сен мені жолдастарыммен бірге жібермесең, атамның қайығына отырамын да, жалғыз өзім алысқа кетем. Қор де тұр! Сен мені кішкене баладай көресің, бәріне де тыйым саласың, ал мен болсам, әлдеқашан ержеттім!

Гүлемеш апайдың тіпті көзі қарауытып кетті. Бұл балаға не болған? Қандай ғана зұлымның көзі тиді екен? Қозыдай момақан бала еді, екі-үш күннің ішінде қолдан шықты. «Егер оны қазір өз еркінмен жібермесең бәрі бір айтқанын істейді. Расында да, қайыққа мініп кетіп те қалар», — деп ойлады аны. Ол сәл бөгеліп, баласынан сыр тартқысы келді.

— Сенің жолдастарың кім? Әлгі Вәзир шығар...

— Габдолла мен Айдар,— деп масаттана жауап берді Жақып.


Гүлемеш апай ұзак салғыласты, ақыры жылайықтай, амалсыздан көнді. Бұл Жақыптың алғашқы жеңісі еді.

— Байқа, балам, көлде сақ бол, алды-артыңа қарап жүр,— деп қала берді.

Міне Жақып қазір қолына ескек алғып, қайықтың артында тұр. Габдолла ортаға, Айдар қайықтың басына отырды. Ескекші оңтайлы-ақ, еркін есе бастады. Қайық жағамен жайлап жылжып, біраздан соң тұман ішіне енді де, біржолата көрінбей кетті. Балалар Қылыштың аргы жағына барды да қамыстың арасына кірді, себет қойылған жерге қайықты байлап, суға қармақ салды. Бұл уақытта күн шығып, көл беті тұманнан арылған болатын.

Әуелгі кезде балық қармақты жақсы қапты. Айдар әп-әдемі сегіз шабак, ірі екі алабұға, бір қызыл қанат балық алды. Ал Габдолла кішіректеу болса да алты-жеті балық ұстады. Жақып қана бірде-бір балық алған жоқ. Ол балық жемге тие бере қармақты жұлдып тартып қалғандықтан балықтар ілікпеді.

Аулаған әрбір балық қайық кемеріне байлап



қойылған тор қапқа салына берді. Балықтар көлге қайта келіп түскен екеміз деп ойласа керек, асыр салып, секіріп жүзіп жүр.

Балық аулаған кезде шулауға болмайды. Біздің жақта қармақ салғанда, сиқырлы сез айтады. Бұл сөздер шулағандық деп есептелген емес.

— Ал, балық, аузыңа сал, балық,— дейді Габдолла, әрдайым қармағын суға салған сайын.

Айдар қызыл қанат балықты алғаш алғанда, балықтың аузына бір түкіріп, күбірлей жөнелді.

— Қызыл қанат, қарағым, шешеңді шақыр, әкенді шақыр, ағанды шақыр, апаңды шақыр. Жалықпа, бәрін шақыр. Қызыл қанат, қап, қап!

Олардан Жақып тақалысқан жоқ:

— Қап-қап қармақты, қапсаң келіп қармақты, ілігерсің бармаққа, ілікпесең бармаққа, айналарсың акымаққа!

Әрбір балық бармаққа ілікпей-ақ акымақ болғанын жөн көрді.

Олар Жақыптың жазғырғанына құлақ та асқан жоқ. Бәлкім, құлағына асар да еді-ау, тек балықта құлақ жоқ қой.

Күн жоғары көтерілген сайын балықтың ілігуйде сиреп кетті. Балықшылар әлденеше рет бір орыннан екінші орынға көшіп те көрді. Эйтсе де, сез байласқандай, балықтар қармаққа ілігер емес. Енді

отыра беруден пайда жоқ, қолда бар балықты есенсауында себетке апарып салу керек. Бұған қоса іште шұрқырап, қарын аша бастады.

Себет тығылған қамыстың қақ жарып, қайық түмсығы жағаға келіп тірелді. Ғабдолла мен Айдар шалбарларын шешіп, себет тұрган жерге ұмтылды. Себет қойылған орында тұр екен. Тоқта! Тоқта! Себет маңындағы қамыстар қозғала ма қалай? Балалар мелшиіп тұрып қалды... Себеттің ішінде ірі-ірі шабақтар, қызыл қанаттар, алабұғалар шыптырлады жүр. Кемінде он бес болар, тіпті жиырма шақты! Бұл балықтар себет ішіне қалай түскен? Міне, ғажап! Себеттің қақпағы баяғы өздері жауып кеткен қалпында. Балық себет ішіне өздігінен кіре алмайды. Олай болса, мұның өзі адам қолымен істелген нәрсе ғой.

Кейде ауланған балықты бөтен себеттен ұрлап алғып кететіндер болады. Жасырақ шағында Айдар мен Ғабдолланың бөтен біреулердің ауына бір-екі рет сұғанақтың еткені бар-ды. Вәзир жайында тіпті айтып жатудың да қажеті жоқ. Ал басқаның себетіне әкеп біреудің балық салғанын бұлар бұрын-соңды көрген де емес, құлақ та естіген жоқ! Мұны біреуге айта қойсан, бүкіл Бүркіттіде бұған сене қояр адам табылар ма екен. Тіпті өзінді өтірікші деп шығарар еді ғой.

— Міне қария әженің айтқаны келді: береке келсе қолыңа, шығарып қояр жолыңа! Мейлі, уақасы жоқ! Бардың залалы тие қоймас! — деді Ғабдолла.

— Бәлкім, әлдебіреулер біздің себетті өз себеті деп ойлад, қателесіп балық салып кеткен болар? — деп өз ойын айтты Айдар.

— Ондай қателесетін жан бола қоймас!

— Қателеспесе, бұл бір айлакерлік шығар, — деп, Айдар тағы да күмәнданады.

— Саған-ақ осы айлакерлік елестейді де жүреді екен, — деп ажуалады оны Ғабдолла.

— Мұны кім істегенің білесіңдер ме? — деді жағада тұрган Жақып. — Балықшыларға құт беретін қызыдыр!

— Қайдагы қыдыр! Пионер бола тұрып қайдагы қыдырға иланасың,— деп, оған Айдар бірден кейіп тастады.

Балалар осылайша дел-сал болды. Осынау жайтың сырын Бастықтың өзі де түсіне алмады. Жұмбак шешілмеді.

Екінші күні біздің балықшылардың кәсібі онға басты: жарты шелектей балық алды. Оның есесіне бұлар кешегіден де бетер таң қалды: себеттегі балықтағы да көбейген. Солардың ішінде тіпті ірі уш сары табан балық жүр. Бұл жолы балалар не дерін де білмеді.

Қуана ма, қайғыра ма? Балық кемісе бір жөн. Онда: «Әлдебіреу сұғанақтық істеді» — дер еді. Әлбетте, ең алдымен Вәзирден күдіктенер еді.

— Балалар,— деді Жақып.— Жақсылап ойлаңайық. Бәлкім бізге құт келген болар. Біз біреудің балығын ұрлағанымыз жоқ қой.

— Еңбек етпей табылған нәрсе, бәрібір — ұрлық,— деп тұжырды Бастық.

— Олай болса, өзіміз ұстаған балықты танимыз гой. Бөтен балықтарды қоя берейік. Сонымен іс бітеді де! — деген бітім айтты Айдар.

Ал енді осынау өрескел ұсынысты жүзеге асыруға балалардың батылы барап емес. Жалт-жұлт еткен әдемі балықтарды көздері қызып қалайша қолдан жібере қоймақ? Бұл барып тұрған ақмақтық болар еді!

— Біз осы не үшін балық аулап журміз, өздерің ойлап көріңдерші? Ыстық табага салып қуырып, жегіміз келіп жүрген жоқ қой? — деді Бастық.

— Эрине, шықырлатып шайнағымыз келіп журген жоқ,— деп қостады Айдар.

— Олай болса, мына балықтар өзірге себette жүре берсін. Ақырын күтелік.

— Егер күнәдан қорықсандар, мен-ақ мойныма алайын, бәрібір мениң ұстаған балығым жоқ қой,— деді Жақып.

— Біздерде «Сенікі», «Менікі» жоқ! Бірлесіп істейміз, бірге жауап береміз. Баршамызға ортақ іс,— деді Ғабдолла.

Қалай дегенмен де осынау құпия сыр балалардың мазасын кетірді. Әйтсе де, біздің балықшылар ашық ауыз емес-ті.

Үшінші күні олар балық аулаган сиық көрсетіп жүрді де, бірсек көлдің ортасына жүзіп шықты, бірсек қамыстың арасына кірді. Ақырында, жағаға шықты. Қайықты қамыс арасына тықты да, олар себетке таяу жердегі қалың қофаның арасына келіп жасырынды. Олар бұл құлықты кеше ойластырган еді. Балалардың шыдамы жетер емес, не де болса бұл құлықтың сырын білу керек.

Балалар көл бетінен көз алмай, көп жатты.

Ешбір сыйбыс естілмеді. Қамыстың үкілі басы, ағаш жапырағы, өлең қияқтары таңертеңгі үйқысынан әлі оянған жоқ. Әр бұтаға бір қонып, сайраған құстарға балалар назар аударған да жоқ. Құстармен олардың ісі де болмады.

Міне, таңғы самал да есіп, ізінше көл беті бедерленді, қамыстар «мені неге оятасың?» — деп бұларды кінәлап тұрған сияқты.

Самал жел енді ағаш жапырақтарын да тербелтті. Ағаш жапырақтары көктемде өте нәзік келеді, олар керіспейді, біріне-бірі қошаметпен сәлем береді. Самал желден кейін айнала жым-жырт бола қалды. Тіпті көбелектің қанат қаққаны да естіледі.

Екі, мүмкін үш сағаттай уақыт өткен болар. Балалардың қол сағаты да, қалта сағаты да жоқ. Балалардың сағаты қарны. Егер қарның ашса, не таңертеңгі, не түскі тамақ немесе кешкі тамақ ішер мезгіл болғаны. Балалардың сол қарын-сағаты бойынша таңертеңгі тамақ ішер мезгілі әлдеқашан өтіп, сәске түске таяп қалса керек. Мұндайда шыдамның да шегі болуга тиіс қой.

— Жоқтан үміт күтіп қашанғы жатамыз, — деп күрсінді Жақып. Айдар басындағы тақиясын алды да Жақыптың аузын жаба қойды. Сонан соң жұдырығын түйді. Жақып қайтып аузын ашқан жоқ.

Кенет бірдене сықыр ете түсті. Сыйбыс аяқ астынан шыққандай. Бұл сықыр балықшы атаулыға аян. Ескек дыбысы ғана осындей... Балалар құлағын түре қалды. Қамыс сылдырлап, су шылп-шылп етті...

Ескекшінің арам ниеті бар болса керек, ол әлденеден сескенетін сияқты, әрбір қымылында аса бір сақтық бар. Балалар қамысқа жасырына түсті. Астаудай қайық үстінен Вәзир көрінді. Ол алак-жұлак етіп жан-жағына қарап алды да, бұл манда тірі жан жоқ екеніне көзі жеткендей қайығын жағаға жақындасты. Қайықтың артына бір қап байланған, сол қап су ішінде сүйреліп келеді. Қап ішінде әлде не қымылдап, суды шолп-шолп еткізеді. Вәзир қайықтан қарғып түсті де, қапты шешіп алып, себет жатқан жерге апарды.

«Ия! Енді түсінікті болды! Өзі аулап алған балығы Вәзирге аз көрінсе керек. Енді бөтен балықты алмақ! Құныққан екен батырың! Жоқ, бұл ойың іске аса қоймас, Вәзир! Сенің әрбір басқан қадамыңды алты көз андып жатыр! Тек қол тигізіп көр!» — Балаларды ашу кернеп өздерін-өздері әрең билеп жатыр. Әлдебіреу балаларға жасырып жәрдем беріп жургенде, Вәзир керісінше ұрлап әкетпек! Қарай көрмұны!

Ғабдолла, оның жолдастары өздеріне өздері дән риза. Міне қазір олар ұрыны ұстап алып, масқарала-мақ. «Вәзирдің сазайын береміз!» — деп ойлады бұғып жатқан баланың әрқайсысы да. Олар ұрыны қылмыс үстінде ұстап алмақ. Ол үшін сабыр керек, сәл күте тұру қажет.

Вәзир ақырын ғана себеттің қақпағын ашты. Жагалауда бұғып жатқан балалар Вәзирдің ту сыртында. Қаншама қадала қараса да, Вәзирдің не істеп жатқанын көре алмады. Оның есесіне балықтың шолпылдаған дыбысы айқын естілді оларға... Ия, ол қазір себеттегі балықты бір-бірлеп қабына салып жатқан шығар? Енді бұғып жата беретін не бар, атып тұратын мезгіл жеткен жоқ па? Балалар Ғабдоллаға қарады, ол сабыр етіндер деп белгі берді.

Ұры өз ісін бітірді де, себеттің бетін мықтап жапты. Орнынан енді қозгала бергенде, Ғабдолланың қаһарлы үні саңқ ете түсті.

— Үрлықшы, қолға түстің бе бәлем!

Вәзир селк етіп, жалт қарады. Қарсы алдынан үш жолдасы шыға келді. Бұларды көргенде, Вәзир-

дің көзі жыптылықтап кетті, сасқанынан ыржандап, езу тартты. Мұның осы бір ыржаңы балаларды бұрынғыдан бетер ызаландырды. Ғабдолла суды шолпылдатып жүгіріп келді де, құлашын сермен Вәзирді жақтан беріп жіберді. Айдар да бір-екі рет төпеп алды. Вәзир қарсы қол көтерген жоқ. Былқ етпей мелшиіп тұр.

— Балық жегің келді ме? Тәтті тамақты оңай тапқан екенсің! — деп екілене ақырды Бастық.— Олай болса, мә, тағы бір шортанды ал! — Ол Вәзирге тағы да жұдырығын сермен қалды.

Бұл жолы Вәзир төмөн иліп, су ішінен бос қапты суырып алды. Су сорғалап ағып тұр, қаптың ішінде қимылдаған іштеңе жоқ, боп-бос.

— Балық қайда? Қасақана көлге қоя бердің бе? — деп Ғабдолла тағы да кіжінді.

— Көлге жібергем жоқ! Сенбесең себетті қара.

Ғабдолла мен Айдар себетке төнді. Ол екеуі қос қолдап ұстап себетті зорға көтеріп, анырып тұрып қалды: себет толы балық, кешегіден бүгін әлдеқайда көп.

— Қайдан алдың?

— Менің өз себетім бар, балығы көп жерде жатыр,— деді Вәзир.

Жағада тұрган Жақып қуанғаннан алақанын шапалақтап, тіпті ысқырып жіберді. Осынау сэтте ауыр себет балалардың қолынан сырғып түсіп, суға батты... Себет ішіндегі балықтар жалт-жұлт етіп, тулат жүр.

Ақыры міне қалай болып шықты! Ғабдолла мен Айдарда үн жоқ. Мелшиіп, Вәзирге қарап тұр. Оның жүзінде Баstryқтың қолының таңбасы қалып қойыпты, жағы қызыарып тұр. Ол да бұларға тесірейе қарап қапты. Осынау қарасымен «Эх, сендер...» — деп кінәлап тұр Вәзир. Жолдастарының абыржып қалғанын ол да сезді білем. Отыра қалып, қарқылданап күле бастады. Құлғен сайын жалаңаш қарны бұлк-бұлк етіп, су бетін шайқалтып жіберді, бейне бір билеп тұрган тәрізді ол. Мұны көргенде енді, Айдар да күлкісін тыя алмады. Бұларға қоса Ғабдолла да күлді.

Су ішінде белуарынан тұрған үш баланың сақылдаған құлкісі бүкіл көл бойын жаңғыртты. Олар бірін-бірі итеріп, секіріп, ұзак құлді. Сол бір минутта бұларды сырттай байқаған жан болса, «бұл неғылған есерлер» — деп ойлар еді-ау. Бәрінен де Жақып қатты қуанып, шаттанды. Осы заматқа дейін ол өзін екі оттың арасында тұрғандай сезініп келген-ди.

— Ура! — деп айқайлады ол.— Ура! Қалай керемет болып шықты.

— Кеше де сен салдың ба? — деп сұрады Ғабдолла, көңлі жай тапқан соң.

— Ия,— деп басын изеді Вәзир!

— Бұрнағы күні де ме?

— Ия.

— Неге өйттің? — деді жолдастары жағаға шыққан соң.

— Жай... Себет тезірек толсын дедім...

Вәзир жағын сипады.

— Дегенмен қолың тастай екен, Ғабдолла,— деді ол зілсіз.

— Ия, жарап енді,— деп қысылды Ғабдолла айыбын мойындағандай.— Бәрі де осы жерде қалсын. Сен өзің гой...

— Балық аулаганда Вәзирдің қолының құты бар,— деп дереу әңгімеге араласты Жақып, енді ол сөзді басқа жаққа бұрғысы келді білем.— Қөрдің бе, алғанының бәрі де ірі балық!

— Кіші-гірім балықтың бәрін мен суға қайта қоя беремін...

Осынау сәтте Бастықта тамаша бір ой келді.

— «Тағаның» тіреуі нешеу болады?

Ғабдолланың бұл сұрауын зерек Айдар бірден-ақ аңғарды.

— Қанша тіреу қойсан, сонша болмақ. Бәрі де тіреушінің өз еркінде. Керек десең он тіреу қой!

Бұл жолы Бастық бұйрық берген жоқ. Кішіпейілдік көрсетпек. Жолдастарымен ақылдаспақ ойы бар. Вәзирді аямай қатты ұрғанын айып көрді Ғабдолла. Қысылып-ақ тұр. Өзіне өзі налыды. Бұл жолы оның бұйрық берер де жөні жоқ. Бастық кісі сабырлы, ұстамды болғаны жөн гой.

— Балалар,— деді ол,— Вәзирді «Тағанға» қайта қабылдасақ, қандай жақсы болар еді. Кімде-кім бұған риза болса, қолын көтерсін.

Балалар бір кісідей қол көтерді. Жолдастарының ақ ниетіне риза болып кетсе керек, Вәзирдің өзі де қолын қоса көтерді. Бәрі де риза, бәрінің де көңлі шат. Тек сыртқа шығаруды артық санайтын сияқты. Сонымен көп қындық көрген «Таған» міне енді қайтадан нық басты. Бұл жолы төрт тағандап тік тұр.

Балалар киімдерінің суын сықты да, қайта киді. Вәзир бәрінен бұрын киіп үлгерді. Оның бар киімі — жалғыз шалбар.

— Сенің басқа жейдең жоқ па? — деп қамқорлық көрсетті Бастық.— Жаңбырда да жалаңаш жүресің бе?

— Жейдем бар. Сандақта жатыр. Мен денемді шынықтыру үшін әдейі жалаңаш жүрмін!

Вәзирдің бұлайша дene шынықтырып жүргенін жолдастары білген жоқты. Осы бір шақта оған күдіктене қарады.

Қайтып келе жатып балалар қиялға шомды. Қеремет көлді жандандыратын күн енді алыс емес! Жолға шығу бүрсігүнге белгіленді. Олар күн шыққанын күтпей-ақ, таң сәріден аттанбақ. Ал әзірге екі қайық ауылға қарай баяу жүзіп келеді. Атайдың кең қайығында үш бала, кішкене қайықта бір бала отыр.

Қайықтар көл ортасына жеткен кезде, сазды, әсем жыр естілді. Бұл Айдардың даусы еді. Біздің Айдар өте жақсы жырлайды. Оның әжесі әрдайым былай дейтін:

— Өте жақсы жырлайсың, бақытсыз болып журмесең жарап еді.

Айдар неге бақытсыз болмақ! Адамға асқақ үн біткен соң, оның айтқан жыры жүрекке жылы тиіп, қайығыны сейілтіп, адамның көңлін көтерсе, мұның өзі ұлы бақыт емес пе? Міне, қазірде Айдардың қүй-қылжытып айтқан жыры айдын суды тербелтіп, жазық жағаны желпінті, таудағы құз жартасты жаңғыртты. Жоқ, бұл жыр жағанығана желпінтіп

қойған жоқ, адамның да құлағынан кіріп, жүргегін елжіретті.

Қайда бармас, нелер көрмес,  
Ер жігіт пен ат-көлік...

## БҮҚАМЕН АРПАЛЫС

Өрістен қайтқан мал ауылға жақындаған қалыпты. Ең алдында Ямлегүл әжейдің жалғыз мүйізді шұбар серкесі алшаң басып келеді. Бұкіл Бұркіттіде бұл серкенің алдына мал түсіп көрген емес. Тіпті асыр салып ойнаған қозылар да әлгі серкеден озып кетуге батылы бармайды. Тек ауылға келген кезде, шұбар серке бір шетке шығып тұрды да, өз еркімен басқаларға жол береді. Осы бір мезетті күтіп келе жатқан қойлар алға қарай жамырай жөнеледі.

Сол сәтте, бұкіл көшени азан-қазан қылыш, бала-лар да бар дауысымен айқай салады:

— Мал келе жатыр! Мал келе жатыр!

Балалардың айқайлаған дауысы көшеден көшеге, ауладан аулаға тараиды. Бұл дауыс жеткенде, әр ауладан бір адам шығып, қақпа алдында өз малын күтіп тұрады. Баласы жоқтар немесе жұмыстан қайтып үлгере алмағандар болса, олардың малын көрші-көлемнің балалары алдынан шығып қайырады. Біздің Бұркіттіде баяғыдан бері осындай дәстүр бар.

Көрі де, жас та әр құлы дауыспен өз малын шақырады:

— Пышау-пышау!

— Шөре-шөре!

— Әукім-әукім!

Бұғін Фабдолла да малдың алдынан шықты. Әжесі үйде жоқ болатын. Жаңа ғана оның жанына Жақып келген-ді. Ол Вәзир берген рогатканы Бастыққа көрсетпек. Бұған дейін Вәзиримен қатынасы барын жолдастарына айтуға оның батылы бармайтын. Қазір ол дән риза. Бұлар енді дос. Жасыратын да ештеңелері жоқ. Міне рогаткасын қалтасынан сурып алып, мақтанып тұр. Бұған Фабдолла кейіген жоқ.

Қайта, Жақып рогаткадан атуды үйренгенін көрсөтіп, нысанаға дәл тигізгенде, Бастық оны мақтады. Бұғін екеуі малдың алдынан шықты.

Бұлар Ғабдолланың сиырын, екі қойын қораға кіргізді. Сонан кейін де балалар үйге кірген жоқ. Бүркіттіде әркім осылай істейді. Өз малым түгел деп бұрылып кете бермейді. Қақпа алдында тұрып, бөтен малдарды да қайырысады, бәлкім көршіге көмектесу керек болар. Өз қорасына кірмейтін қашаған сиыр, қой да болады. Мұндай малды жан-жақтан қамажаулау керек. Қой маңырап, сиыр мөнірекен осынау ымырт шағы ауыл өміріндегі қызықты бір думан. Барлық малдың соңында, тіпті ең мама сиырлардан да жүз қадамдай кейін екі қөзі қанталағандай қып-қызыл, сұр бұқа келе жатты. Оның иесі тәменгі жақтағы көшеде тұрады білем. Бұл бұқа онша зор емес, дегенмен де, өзі аса сүзеген еді. Сол себепті осы бұқа көрінсе болғаны балалар тымтырақай тұра қашады. Қашып барып, бәз біреулері қақпаның артына тығылса, енді біреулері дуалдың үстіне шығып кетеді. Міне, қазірде әлгі бұқа көрінісімен Ғабдолла мен Жақып шарбақтың үстіне шығып алды. Бұлар бұқадан қорқа қоймаса да, үйреншікті дағды бойынша осылай етуге тұра келді. Жақып қалтасындағы рогаткасын алып, оған жұмыр тас салды: алда не боларын кім біледі, бәлкім мұның қажеті болып қалар.

Сол сәтте кенет бір оқиға болды.

Әлгі бұқа Ғабдолланың қақпасының алдынан өте бергенде, көрші үйдің алдындағы ағаштың тасасынан Гүлнұр жүгіріп шықты. Ол жаңа қызыл көйлегін киіп, тігіншіден қайтып келе жатқан беті болатын. Гүлнұрдың тәбесі көкке жеткендей. Ол біресе оңға, біресе солға бұрылады, көйлегіне қадаған әдемі түймелерді ұстап-ұстап көреді. Көйлегінің бүрмелерін иіліп-иіліп, сипап қояды. Айналасына қарап емес. Өзімен-өзі мәз. Былдырлап, әлденені айтып келеді:

— Э-ә-ә... Гүлнұр! Көйлегің өте әдемі екен. Құтты болсын. Қуанышыңа көркің сай. Өзіңе жарасып-ақ тұр екен. Үстінде тозсын... — Осынау сөздерді

оған әлгінде ғана бір апай айтқан болатын. Сол сөздер оның құлағынан әлі кеткен жоқ-ты.

Гүлнұрдың кейлегі шынында да әдемі-ақ, көз тартарлық. Қөшениң қақ ортасымен жалғыз келе жатқан сұр бұқа да қызыл көйлекке көз салмай өте алмады. Таң қалғандай мелшиіп тұр. Қөзі шарасынан шығып, бұрынғыдан бетер қанталап кетті. Әдемі бурмелері көлендеген қызыл көйлек бұқаның ызасына тиғендей. Соңан соң сұр бұқа басын төмен салып жіберіп, жайлап Гүлнұрга қарай жақындалды.

— Гүлнұр, қаш! — деп айқай салды Габдолла.


Гүлнұр селк ете түсті. Дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Бірақ бір пәленің төніп тұрғанын аңғарған жоқ. Бұл мезетте оған әдемі кейлегінен артық бұл дүниеде ештеңе жоқ болатын. Сол арада бұқа кішкене арықтан аттап өтті, басы бұрынғыдан да төмен салбырап кетті, өкіріп, Гүлнұрга тап берді. Эне-міне дегенше, найзадай үшкір қос мүйіз қызыл көйлекті кішкене қызды іліп алып, аспанға лақтырмақ. Сәбидің зәресі ұшты, шыр етіп бар даусымен айқай салды.

— Мама, мамашым!

Габдолла атқан оқтай, шарбақтан секіріп түсті. Бұқаның мүйізі енді тие бергенде, Гүлнұрды жұлып алып, шарбақтың ар жағынан асырып жіберді. Долы бұқа енді Габдоллаға тап берді. Баланың жалтаруына мұрша берген жоқ. Габдолланың қеудесі екі мүйіздің арасына тура келіп қалды. Ашынған бұқа енді басын тік көтеріп, сілкіп қалғанда, Габдолла мұрттай ұшты. Ұшып барып, жол бойында жатқан қырлы үлкен тастың үстіне сылқ ете түсті. Бұқа сәл шегінді де, аяғымен жер тарпып, өкіре Габдоллаға қайта ұмтыла бергенде, қанталаған көзіне бір тас сарт ете түсті. Бұқа бұрынғыдан бетер өкірді. Бұл тасты рогатқадан Жақып атқан болатын. Бұқа басын шайқап, шыр айналды да, қөшени бойлай қаша жөнелді.

Осының бәрі көзді ашып-жұмғандай ғана арада болды. Жан-жақтан адамдар жиналыш қалды.

Габдолла бүктүсіп жатыр. Өні қағаздай аппақ болып кетіпті, ол ыңғырсып үн шығармауға тырысып



бақты, жейдесінің етегін шайнап жатыр. Келген жандар баланы айнала қоршап тұр. Әлдекім оны жерден көтеріп алмақ болды:

— Қолым... Қолым!.. — деп айқайладап жіберді Габдолла. Бір ернінің шетінен иегіне қарай сыздықтап қан аға бастады.

Мұны көрген Гүлнұр шырылдалп, жылап жіберді.

— Бақырма! — деп зекірді оған жаңа ғана келген Айдар.

Жиналған халық у-шу. Әркім өз сөзін тыңдатуға, өз ақылын айтуда әрекеттенуде. Бәз біреу бұқаны қарғап-сілесе, бәз біреу оның иесін ұрсып жатыр.

— Мал иесіне тартады деген осы.

— Бұл бұқаның иесінің өзі де сүр жыландаі не-ме еді!

— Жарайсың, Габдолла, жігіт екенсің, қызды ажалдан аман алыш қалдың!

— Қарап жүріп баланы азапқа салғанын көрдің бе?..

— Бекерге тіл безеп не керек, тезірек бір харекет істейік!

- Дереу ауруханаға жөнелту керек!
- Қалай жөнелтеміз, бірде-бір машина жок!
- Бар, Яумбаев, тезірек ат жек!

Жақып пен Айдар Бастығына қадалып қарап тұр. Жақыптың бетінен сорғалаған көз жасы тыйылар емес.

Айдар өзін өзі зорға ұстап түрғандай. Қаннен-қаперсіз көшеде келе жатқан Вәзир жиналған топты көргенде, жүртты кимелей келіп, сұлап жатқан Ғабдолланы көрді де жүрегі су ете түсті:

— Бәрің бірдей сілейіп не ғып тұрсындар? Дереу ауруханаға жөнелту керек! — деп бар даусымен айқай салып, қалың топты қақ жарып, қайта шықты.— Ат керек! Машина керек! Қазір мен бәрін де табам!

Одан бұрын Шарифолла әрекет жасап, көшеден өтіп бара жатқан қарт арбакешті тоқтатып, алып келді.

- Мына баланы бұқа сүзіп, мертіктіріп кетті.
- Бұқа... бұқа... сүзді.
- Тезірек ауруханаға апару керек,— деп жамыраса шуласты дүйім топ.
- Бала өз қақласының алдында тұр еді. Аяқ астынан қызыл көйлекті қыз жүгіріп шықты... Бұқа қызға тап берді...

Жолшы оқиғаның егжей-тегжейін тындалап тұрмады.

— Баланы дереу арбаға салындар,— деп әмір етті ол.

Қалың топ қақ жарылды. Тез қымылдады. Әлде-кім қолма-қол арбаға жұмсақ етіп пішен төседі. Шарифолла баланы ептең көтеріп алды да, арбаға әкеліп салды. Ғабдолла жейдесінің етегін жұмырлап аузына тығып, дыбыс шығармауга тырысып жатыр. Әйтсе де оның ауырган жері жанына батып, қатты қиналғаны мөлдірекен қара көзінен, сұрлалып кеткен жүзінен айқын сезіліп-ақ тұр...

Жолдастары арбаға жанап жақын келді. Жандары ашып, көз алмай қарайды. Олар бастығының осынау азабын ә десе-ақ болды, өз бастарына алуға қай-қайсысы болса да әзір.

— Кәне, жүру керек! Баламен бірге кім барады? — деп сұрады арбакеш.

— Біз... біз барамыз! Бұл біздің жолдасымыз! — деп шу ете түсті балалар.

Бұл кезде Шарифолла арбакештің жанына отырып та алған еді.

— Эжесі үйде жоқ еді... Менсіз іс біте қоймас! Кәне, кеттік! — деді ол.

Арба ақырында қозгала бастады. Баар жер алыс. Қөлтабан аулы жиырма бес километр. Арба көлдің арғы жағын айналып өтті де, көзден гайып болды. Халық бірте-бірте тарай бастады. Тек үш дос әлі де қозгалар емес. Олар тау асып, Қөлтабан аулына баратын алыс жолдан көз алмай, қарап тұр. Өз көздерімен көргендеріне сенерін де, сенбесін де білмейді. Бұл қалай? Құні кеше өздерімен бірге асыр салып ойнап жүрген, талай рет жарысып, көлге барған, әмір берген сайын сақылдаш шығатын үні әлі де құлақтан кетпеген Ғабдолла міне бүгін қапқа салған сұлыдай арбаның үстінде бара жатыр. Шарифолла атай оны әлдеқайда қиядағы ауруханаға әкетіп барады. Түсініксіз, әрі қорқынышты сияқты. Балалар Ғабдолланың қақпасының алдында тұрып, тау арасына сіңіп, жоқ бол кеткен жолға ұзак қарап тұрды.

Осы бір сэтте бұл үшеуді енесін мысық жеп, жетім қалған торғай балапанына өте-мөте ұқсас еді.

## ХАТ

Ғабдолланы әкеткен соң балалар балық аулауды қойды. Бірақ құн сайын барып, себеттегі балықтарына жем апарып беріп тұратын болды.

Құн артынан құн өте берді. Ауылда ауызға аларлық оқиға болған жоқ. Тек сүзеген сүр бұқаны қожайыны алып ұрып сойды да, етін қасап жасады. Бәлкім, сүр бұқаның қожасы соймас па еді, бірақ халық шулап, оның мазасын алды:

— Егер соймасаң, бұқанды тартып аламыз, өзіңді сотқа береміз,— деді.

Айта кету керек, бұл уақыттың ішінде тағы бір тамаша оқиға болды: Айдар Гүлнұрға берген уәдесін орындағы. Ферманың үйінің үстінен торғайтың ұясын тауып алды да екі балапан ұстап берді. Тек ағасы сымнан тор жасап ұлгірмей жатып-ақ Гүлнұр әлгі екі балапанды ұшырып жіберді.

Вәзирдің де жаңалығы бар. Оның шешесі сары сатиннен жейде тігіп берді. Вәзир болса жаңа жейдесін әлі киген жоқ. Сабан тойда бір-ақ кимек. Жақыптың шекесіндегі көгерген ескі ісіктері әлдекашан жазылған, бірақ жаңадан қосылғандары да бар. Ол «Өнегеліліктен» біржола арылмақ болып жүр. Бұкіл ауылда, ауылға емес-ау, ауылға жақын маңда Жақып өрмелемеген бірде-бір ағаш, Жақып шықпаган бірде-бір жартас қалмады білем. Жақып секірмеген бірде-бір шұқыр немесе ор да қалған жоқ. Бұған тіпті шешесінің өзі де кем-кемнен үндемейтін болды.

Ғабдолла жайындағы хабар жайлауда жұмыс істеп жүрген шешесіне де жетті. Ол жылап-еніреп ертеңінде-ақ ауылға келді де, атын доғармastaн Көлтабанға бір-ақ тартты. Оның ауылға келгенін ешкім де көрген жоқ, Ғабдолланың әжесі ғана білетінге ұқсайды, ол да көз жасын көл ғып отыр. Ана екі өкпесін қолына алып, аурұханаға да жетті. Ұлының тірі екенін өз көзімен көргеннен кейін барып, оның көnlі жай тапты. Ғабдолланың екі қабыргасы, сол қолы сынған екен.

— Жас сүйек қой, тез-ақ бітіп кетеді,— деді доктор, соны айтты да, әлгі доктор Ғабдолланы мақтай бастады.— Балаңыз өте шыдамды екен. Ержеткенде нағыз батыр жігіт болар.

Ана қуанғаннан көзіне жас алып: «Аумаған әкесі! Өжет те батыр... Тайсалмай, бұқаға тап бергенін қарашы, қызды ажалдан аман алып қалды»,— деп ойлады.

Ұлының ерлігі шешесін де ширатып жіберді білем: ана енді жылауды қойды. Ғабдолламен қоштарда тіпті қынқ еткен жоқ. Жайлауга қайтып, баласының жағдайын жолдастарына айтқанда да ұлын мақтан ете сөйледі ана:

— Балам әкесіне айнымай тартқан екен...

Ауылда да бұл күндерде Ғабдолланың есімі үлкендердің де, балалардың да аузынан түспей жүр. Гүлнұрдың шешесі тыным таппай кетті. Үйден үйге қыдырып жүреді де қояды, сондағы бітірген шаруасы көзіне жас ала отырып, Ғабдолланы жер-көкке сыйғызбай мақтау:

— Біз бұл балаға мәңгі қарыздармыз. Егер Ғабдолла ара түспесе, менің қызыым қазір тірі жүрмес еді.

Гүлнұрдың шешесі сол күннен бастап жатпай-тұрмай жұмыртқа жинап, май сақтай бастады. Ондағы ойы — жазылып келген соң Ғабдолланы қонақ етпек.

Нагима әжей қайғы-қасіретті, барша ауыртпалақты үндемей бастан кешіруге дағдыланған жаңғой. Ол ешқашан да сыр білдіріп көрген емес-ті. Оңашадағана егіле жылап, іш құсадан бір жеңіліп қалатын:

— Ғабдолланы алып кетті, қиналып жатқан болар! Алданышым, қуанышым — жалғызылған айрылып қалмасам жарап еді.

Нагима әжей қанша қайғырып, қасірет шегіп жүрсе де, өз ұлы Мұхаммедтің медалін әр бейсенбі сайын тазартып қою дағдысынан бір де жаңылып көрген емес.

Арада он күн өткенде Ғабдолладан хат келді. Нагима әжей хат танымайтын. Дегенмен төзімі жеткен жоқ... Ол ақырындаған конвертті өз қолымен ашты да, жарыққа апарып немересінің иректеп жазғанына ұзақ қарап тұрды. Сонан соң Ғабдолланың уш жолдасын шақырып алды. Бұлардың ішіндегі ең жақсы оқитыны Жақып. Тыңдаушылар сөкі үстінде көкірек кере үйип тыңдай қалыпты. Жақып хатты түрегеп тұрып оқуды үйғарды. Ол тамағын қырнап алып, салтанатты үнмен оқи бастады.

«Сәлем айтам, жауап күтем!

Аса қадірлі, құрметті әже! Осы уақытқа дейін неге хат жазбадың деп сұрарсыз? Бұл сұрағыныңға жауап берейін. Менің екі қабыргам, сол қолым сын-

ган екен. Бұған қоса мен үш күн қан түкіріп жаттым. Іши-бауырым қозғалып тамағыма келіп тығылған болса керек. Енді қайтадан орнына түсті білем. Мені керуетке жатқызды да, мұлде қозғалтпай қойды. Зәру қысса да қозғалтқан жоқ. Ұялғаннан не істерімді білмедім. Сол қолымды ақ балышықпен сылап, қатырып тастады, көтеріп көріп едім — зілдей ауыр екен. Қазір қолым ауырмайды, бірақ балышықтың асты қышып, мазамды кетіріп жүр. Қаттырақ дем алсам, сол жақ қабыргамның асты шашады. Шанышқанмен бұрынғыдай онша жаныма батпайды. Мен, ақырындан қана дем алуға тырысам.

Жейдемді, шалбарымды шешіп алып қойды. Маган үлкен ақ дамбал, ақ жейде кигізді. Сестра апай үзын дамбалды жара таңатын ақ марлямен байлап берді. Аурухананың іші өте ыстық. Шыбын кіріп кетпесін деп, терезеге марля ұстап қояды. Шыбын сонда да кіріп кетеді. Мұнда тамақ соңынан тәтті жеміс сүйн береді. Оны компот деп атайды. Компот өте тәтті болады екен».

Бұл сөздерді оқығанда, Жақыптың аузынан сілекейі шұбырып, ернін сылп еткізді.

«Әже, мұндағы докторлар жақсы адамдар. Үлкен доктор менімен әрдайым күлімсіреп, әзілдесе сөйлеседі. Палатаға кіріп келгенде-ақ маган:

«Батыр, хал жақсы ма?» — дейді.

Менің шашымды машинамен тақырлап алып тастады. Машинка шашты ешбір ауыртпай алады екен. Ал Аллаберді ағай менің шашымды ұстарамен алғанда көзімнен от жарқылдайтын.

Бір бөлmede үшеуміз. Терезе алдына жатқан ағайдың ішегі ішегіне жабысып қалыпты. Неге десеніз ол кісі жаңылысып, арақтың орнына қағаз жасыратын сұйық желімді ішіп қойыпты. Қазір оның ішек-қарның жуса керек. Радио қабылдағыштың қасында тағы бір ағай жатыр. Орманда жүргенде оның үстіне ағаш құлап кетіпті, сонда тілін тістеп алған екен. Қазір ол кісі сөйлей алмайды.

Мен мұнда жата-жата жалығып болдым. Ауыл-

ды сағына-сағына ауырып қалам ба деп қорқам.  
Егер жейдем мен шалбарымды берсе, бүгін-ақ үйге  
қашып кетер едім.

Әже! Бұл хатты саған Айдар немесе Жақып  
оқып берер. Кім оқыса да оған айт: балыққа жиі-  
жі барып, жем беріп тұрсын. Әйтпесе балықтар өліп  
қалар. Гүлнұрдің халі қалай екенін апамнан сұрау-  
ды ұмытып кетіппін. Гүлнұрдың аяқ-қолы сау ма?

Әже! Саған арнап аздаған сәлемдеме: он бір пе-  
ченье, сегіз конфет, он кесек қант жинап қойдым.  
Мен өз тамағымнан жырып қалдырган болар деп  
ойлап жүрме. Бұл артып қалғаны.

Хат соңында айтарым: туған-туысқандарға, дос-  
тарға менен сәлем. Өзіңе сәлем. Апама сәлем, тағы  
да Вәзирге, Айдарға, Жақыпқа ерекше сәлем. Әже,  
енді мен үшін қайғырма. «Батыр жарасыз бол-  
мас!» — деді доктор.

Осылмен хатты аяқтаймын. Хатты алушы әжем,  
жөнелтуші Фабдолла. 9 июль 1950 жыл».

Хатты тыңдал болған соң Нагима әжей Жақып-  
қа бос конверт берді.

— Мә, балам, қарашы сыртында бірдене жазыл-  
ған ба?

Бұл конверттің сыртында мынадай жазу бар  
екен:

Бұл конвертті әлгі желім ішіп қойған ағай берді.  
Маркасы да конвертке жапсырылған.

Нагима әжей хатты тыңдай отырып, немересі  
Фабдолланың он екі жылдық бүкіл өмірін көз ал-  
дынан елестетті. Бәрі де күні кешегі сияқты. Әуел  
баста аяғын қашан тап басар екен деп ойлаған бо-  
латын, онаң соң қашан балбырап сейлей бастар екен,  
қашан мектепке барап екен... деп ойлаған-ды. Міне,  
қазір шалғай жатқан сонау Қөлтабан аулынан сол  
немересі келістіріп осындай хат жазып отыр.

Бұл Фабдолланың өз қолымен жазған тұңғыш  
хаты.

Әлгі хатқа жауап жазу ұзаққа созылған жоқ. Ең алдымен Нагима әжей Айдарға ақша берді де, конверт пен марка сатып әкелу үшін почтальонға жіберді. Ғабдолланың жазылып бітпеген дәптерінен бір парақ ақ қағаз жыртылып алынды. Бірақ бұл үйде қалам да, сия да жоқ болып шықты. Бастық құннты адам емес еді. Жақып үйіне жүгіріп барып, қарындаш алып келді.

Вәзирдің жазуы бәрінен де әдемі болатын. Сол себепті хатты сол жазды. Әрине, хаттың сөздерін ол өзі басынан ойлад шығарған жоқ. Оған Нагима әжей әрбір сөзді тәптіштеп айтып отыр.

— «Физатты әм құрметті, балам Ғабдолла...»  
Жаздың ба? — деп сұрады әжей.

Вәзир желкесін қасыды.

— Жазуын жаздым. Тек мына «Физатты» деген сөзді қалай жазу керек? Екі «з» жазыла ма, әлде бір «з» жете ме?

— Нешеу керек болса, сонша жаз. Жетпей жатқаннан гөрі артық болғаны жөн. Екеу жаз!

— «Физатты» деген — не деген сөз?

— Балам, ол жайын мен өзім де білмеймін. Эйтеуір бұл сөзсіз хат басталмайды. Келіспей тұрады. Және де сен көп сұрай берме. Айтқанымды жаза бер. Қане, басынан қайта бастайық!

*«Физатты әм құрметті балам Ғабдолла!»*

Көкірегімді кернеген көңілімдегі сөздерімді айтпас бұрын, сен жатқан Қөлтабанға зарығып, қарай-қарай екі көзі төрт болған әжеңнен сансыз көп сағынышты сәлем. Сенің тез сауығып, аман-есен келуінді асыға күтем. Және де Жайық бойындағы жайлалауда сауынши болып жұмыс істеп жүрген, күндіз де түнде де сени ойлад күйіп-жанып жүрген анаңнан сәлем. Сенің әкеңнің де, шешенің де кіндік шешесі болған, күні бугінге дейін өз үйінде де, бүкіл ауылда зор құрметке бөленіп отырган Ямлегүл әжеңнен сәлем. Сенің аталарыңмен бірге аң аулаған досы Аллаберді атаңның барша үй-ішінен сәлем. Ұлы басын кішірей-

*тін, жоқ уақытын бар етіп, сені ауруханаға апарып,* өз қолынан доктордың қолына табыс еткен Шарифолла атаңан көп-көп сәлем. Сенің әкеңнің ең жақын досы, бұл күнде колхоздың кеңесесінде сарт-сұрт еткізіп счет соғып отырган ақсақ Сақылпекерейден сәлем. Біздің ең жақын, аса жанашыр тату-тәтті көршілеріміздің баршасынан сәлем. Осымен саған сәлем айтуды доғарам.

— А, бізден? — деп сұрады Жақып.

Нагима әжей осы арада мұлт кеткенін тез аңгарды. Онысын өзі-ақ қолма-қол түзетті.

— «Доғарам» деген сөздің алдынан тағы да байлай деп жаз деді: «Өзіңмен бірге тай-құлышында тебісін, бірге ойнап өскен құрдастарың Вәзириден, Жақыптан, «Айдардан көп-көп сәлем. Осымен сәлем тамам...»

Балам Габдолла! Сенің жібектен асыл, алтыннан қымбат хатынды мың тоғыз жұз елуінші жылғы он екінші шіоль күні тал түste алдым. Құрдастарың Айдармен, Жақыппен, және Вәзири мен бірге ақырғы сөзіне дейін әлденеше рет қайталап оқып шықтық. Сенің асыл сүйектерің сырқырағанда, менің жүрегім елжіреп босқа ауырмаган екен. Жарайды, ақыры қайырлы болсын енді. Сен бір сәбиді ажалдан аман алып қалып, талай адамды қайғы-қасіреттен құтқардың! Егер сол баланы сенің көзіңше бұқа сузіп өлтірсе, сенің ғұмыр бойы жаның жай таппас еді. Жаназабы — тән азабынан ауыр. Неге десен, ауырған тән жазылып кетеді, ал арың таза болмаса, жаның өмір бойы азап көреді. Ал енді сен сабырлы бол, доктордың айтқанын тыңда. Сауықтан соң телефонның желісі арқылы дереу хабар бер. Колхоз председателі саған ең жақсы аргымақты жіберем деді. Мұндай аргымаққа баяғыда тек губернаторлар гана мініп жүретін.

«Білегім қышииды», — депсің. Мұмкін қайың жаңырағымен бұлау керек болар. Докторыңа айт, монша жақтырып, қайың сыпырығышпен буласын. Тек монша өте ыстық болып жүрмесін. Маған арнап жинаған сәлемдемене рахмет. Сол сөздеріңнің өзі-ақ маған барша сәлемдемеден артық. Ішің пысқанда сол

сәлемдемені өзің же. Әжем жіберген сәлемдеме еді деп жегейсің. Саған бір құмырша қаймақ, он шақты жұмыртқа жіберейін деген едім. Колхоз председателі Дәулет: «Жібермей-ақ қой, ауруханада тамақ мол», — деді.

Тағы бір айтарым сол — біздің үй-жай, қорапсы, мал-мұлік, тауық, қаз, үйрек түгел аман. Тауықтар жұмыртқалап жур. Әлгі шұбар тауық он екі балапан басып шыгарды. Сиырдың да суті арта бастады. Әнебір күні Ямлегүл әжең екеуміз ішіміз пысып, егіс басына барып қайттық. Егін қаулаپ бітік өсіп тұр. Бәрі де жақсы, тыныштық. Тек төменгі жақ қошедегі Әмірханның моншасы өртеніп кетті. Енді сенің сау-сәлемет, аман-есен қайтуыңды күтеміз. Қайтқаннан кейін әкеңнің медалін саған беремін деп ойлад жүрмін. Бірер күн омырауыңа тағып жүрерсің. Бірер күн емес-ау, сен әкеңнің медалін үялмастан тағып жүрерліктей ерлік істедің ғой, қаралым.

Гұлнұрдың халін сұраган екенсің. Ол сау-сәлемет, жүгіріп жур. Құс тіліндей ғана хатымды аяқтаймын. Саған сәлем жолдаң, оң сапар тілеп қалушы — әжең».

Нағима әжей осыны айтып, ун! — деп демін бір-ақ алды да, Вәзирге ымдап әмір етті.

— Қане хатты бүкте.— Осы кезде балалар шу ете түсті.

— Әже-ау, балықтар жайын айтпадық қой?

— Мана сұрайын деп едім. Ұмытып кетіппін. Ол неғылған балық.

Балалар үндеғен жок, біріне-бірі қарады.

— Әже, оны айтуға болмайды — құпия сыр.

— Сыр болса білгендеріңше қосып жазыңдар. Сендердің сырларыңың ұшы-қыры болмас!

Балалар Вәзирге ым қақты. Вәзир хатқа қысқаша былай деп жазды:

«Габдолла, балықтар үшін қам жеме. Балықтар түгел аман-есен. Тезірек қайт.

Бұл хаттың сөзін айтқан — әжең, жазған Вәзир».

Конверттің сыртына Вәзир баспа әріптерімен әде-

мілеп адрес жазды. «Габдолла Жоламановқа тапсырылсын» — деген сөздердің астын сызып қойды.

— Кәне, әже, тез жүгіріп барып, почта жәшігіне салып келейін,— деді Жақып.

— Рахмет, балалар, жол-жөнекей өзім-ақ салам. Сол жаққа өзім де барайын деп отыр едім,— деді Нагима әже. Пештің артынан алты жұмыртқа алды да, әр балаға екіден жұмыртқа берді.

Балалар жұмыртқаны алмайын деп ойлап еді, алмасқа болмады. Сыйлап бергеннен бас тартпас болар. Мұндай дәстүрді бұзу — Бүркіттіде үлкен айып.

— Жақып, біраздан кейін келіп, Габдолланың хатын тағы да оқып бер,— деп қалды Нагима әже, балаларды шығарып салғанда.

Балалар үйден шығып кеткен соң, Нагима әже сандықты ашты да, оның ішінен ұзын шұбар көйлегін, жасыл барқыт камзолын алды. Бұларды үстіне киіп, жаңа кашемир жаулығын басына байлады. Эженің басқа барап жері жоқ. Немересіне хатты өз қолынан жөнелтпек. Міне осындей қуанышты іске бола ол мейрамдағыдай сәнді киініп шықты.

Нагима әже жүріп отырып, клубтың жанына келді. Есіктің сол жағында почта жәшігі тұр. Почтада істейтін кісілер неткен салақ: жәшікті қалың шаң басып қалған. Нагима әже әуел баста жәшік үстіндегі шаңды үрлеп жібермек болды. Одан ештеңе шығар емес. Оナン соң қамзолының қалтасынан қол орамалын алды да, жәшікті асықпай сүртіп, әбден тазартты. Соңан кейін барып жәшіктің кішкене қақпағын ашып, ардақты хатын салды.

Хатты салып болған соң да Нагима әже кете қоймады. Сәл кідіріп, қарт қолымен әлгі жәшікті сипап қойып, ақырын ғана:

— Хатым, құс қанаты жолдасың болсын,— деді сыбырлап.

## ЖОЛ

Егер жете ойластырса, түйіні табылmas іс жоқ, қой. Бір күні кешке жақын, сиыр бағып жүрген кезде, балалар көптен бері толғагы піскен бір ой

жайында мынадай тоқтамға келді. Ғабдолланың ауруханадан сауығып келгенін ауылда күтіп жата бермей, күні ертең-ақ оған өздеріміз баруымыз керек. Шынында да, бұл қалай? «Таганнның» бастығы бейнет шегіп ауруханада жатыр. Ал бұлар болса, ештеңе болмағандай, жайбарақат ауылды шарлап ойнап жүр! Бұл неқылған достық! Эрине Ғабдоллаға дереу барған жөн! Осыншама жай нәрсе бұлардың ойына ертерек түспегенін қарашы? Үш бала үйлеріне қайтқан соң, ертең таң сәріден жолға шығатындарын шешелеріне айтты.

Ғабдолланың есімін естігенде, ата-аналардың бірде-бірі қарсы болған жоқ. Гүлемеш апай ойланып-толғанбай-ақ бірден келісті. Ал Айдардың апасы тіпті қуанып кетті.

— Әлдеқашан баруларың керек еді ғой! Бекерден-бекер сенделіп жүргенше,— деді ол. Өз балаларының аузынан айырып Ғабдоллаға жұмыртқа, май берді.

Жақыптың шешесі кішкене банкеге бал салып, бірнеше шелпек орады. Құрбанбике жеңгей бір білем қарақат қағын берді.

— Шайға салып ішсін, қарақат сүйектің сырқырауын жеңілдетеді,— деді ол.

Бастықтың міндетін уақытша өз мойнына алған Айдар кештен бастап-ақ жолдастарына әр түрлі әмір берді. Жақыптың киім-кешегі түгел болатын. Сол себепті оған жейде мен шалбарды қос-қостап киүоді әмір етті.

— Ыстық болады,— деп қарсылық білдірді ол.

— Ештеңе етпейді, ыстық — сүйек сындырмайды.

Жақып бұл әмірдің себебін білгісі келді.

— Қос жейде мен шалбардың маған керегі не?

— Керек болып қалар,— деп қысқа қайырды Айдар.

Бұл жолы Вәзиридің де сары сәтен жейдесін киүине тұра келді. Әлдеқайдағы бәтен ауылға жалаңаш бару ыңғайсыз ғой. Әр нәрсенің шегі болса керек.

Таң шапағы таудан асқан шақта, қолдарында түйіншегі бар үш бала жолда келе жатты. Әуел бас-

та олар аяқтарын сергек басып сүйт журді, еңіске келгенде жарысып, шапқылап та кетеді. Құн көтөрілген сайын, жолаушылардың адымы тарыла берді. Тау арасынан аққан бір бастаудың жанына келіп отырып, мұздай сүйк су ішті.

Сылдыр су жүрек жалғауга жарамады. Бұлардың қарны ашты.

— Балалар, жүрек жалғап алайық,— деді Вәзир.

Мезгілінде айтылған мұндай орынды ұсынысқа ешкім де қарсы болған жоқ.

Балалар бастаудың жанына отырып, «жүрек жалғай» бастаганда, бір күндік азықтарын бірден-ақ жоқ етті.

— Ештеңе етпейді,— деді Айдар,— күндік азық енді қарнымызда сақталмақ!

Тағы да су ішіп алып, балалар жолға шықты. Бұлардың жолы жүз дала арқылы өтетін, бірде-бір машина, бірде-бір ат-арба балалардан озып, ілгері өткен жоқ. Олар таудан асып, орманды басып өтіп, үлкен тас жолға түсті. Вәзир осы жолды жақсы билетін. Ол өткен жылы әкесімен бірге Қөлтабан базарына екі рет барған-ды. Балалар жарты жолды өткенде, бөрене тиеген, тіркемесі бар жүк машинасы құып жетті.

Үшеуі де қолдарын бірден көтерді. Машина тоқтай қалды. Шофер жас жігіт еken, машинасының есігін кеңінен ашты.

— Жігіттер, қайда жол тарттыңдар!

— Қөлтабанға! — деп шу ете түсті балалар.

— Қөлтабанда нелерің бар еді?

— Жолдасымыз ауруханада жатыр. Оны бұқа сүзген еді. Соның көңілін сұрай бара жатырмыз. Ағай, бізді ала барыңызшы!

— Жүк өте ауыр,— деп қалжыннады шофер.— Сендерді машина тарта алса жарап еді!

— Тартады! Біз өте жеңілміз,— деді Жақып.

— Жарайды, егер ондай жеңіл болсаңдар отырындар! Кабинаға екеуден артық сия алмайсыздар. Біреуіңе кузовқа шығуға тұра келеді.

— Үшеуміз де кузовқа отырайық, ағай!

— Өздерің біл. Тек тыныш отырындар. Бөрене-

нің үстінен ұшып кетіп жүрмендер. Ұшып кетсөндер, басқа түсер бәле өздерінен де ауыр болып жүрер! — деп қатал ескертті шофер.

Балалар лып етіп, машинаның кузовына шығып алды. Балалардың бетіндегі шаңды жел қағып, шаршағандарын ұмытты. Көңілдері көтерілді. Дала жолы теп-тегіс, жап-жайлы, жұмсақ. Машина ақырын тербеп отырғандай зулап келеді. Жолдың екі жағында бітік егін жайқалады. Самал жел соққан сайын егін теңіздей толқиды. Асқар тау мұнарланып, алтыста қалып барады. Солармен бірге Бүркітті де көзден файып болды. Қалың түтін өнірінен шұбап биікке көтерілді. Бұл түтін малшылардың жазғы жайлауындағы отынан шығып жатыр. Солардың арасынан Кереметтің жалтыраған ақ басы басқалардан өзгеше, асқақ көрінеді. Біздің жақта Кереметті таулар патшасы деп атайды.

Бейтаныс жаңа жерге балалар ынтыға қарап келді. Айдардың көңлі тасып кетті білем, жырлап та жіберді:

Кір жуып кіндік кескен, қайран жерім,  
Жамбастап, жылжысам да қайтар едім...

Жыр деген рақат қой. Жырлаған кезде бұл дүниедегінің бәрін де ұмытасың. Міне біздің Айдар да жырлап отыр. Жыр ырғағына еліктеп, қолындағы түйіншегін былғаң-былғаң еткізеді. Сол түйіншегін машина үстіндегі әлдебір қатты затқа соғып алғанын да байқаған жоқ. Ақ шүберектен бір нәрсенің тамшылай бастағаны қашан... Сірә, Ғабдоллаға арналған жұмыртқаның қабығы жұқа болса керек. Эн салған Айдар да, басқалары да мұны байқар емес. Бұған күн көзі де көмектесіп тұр. Күн жылуы тамған тамшыны әп-сәтте-ақ сарғайтып, кептіріп жіберді. Сейтіп, әлгі болымсыз қолайсыз жайттың ізі өзінен өзі жабылды, Қөлтабанға таяу қалғанда, шофер машинаны тоқтатты.

— Мен ауылға соқпаймын, тура кетем. Сәлғана жеткізіп салмағаныма ренжімендер, жігіттер! — деді ол кабинадан басын шығарып күлімдей сөйлеп, — жырларың үшін рахмет. Қалай тез жеткенімді байқамай қалдым. Эдемі эн салған қайсысың?

Жақып Айдарды саусағымен нұсқап:

— Міне, мұнау,— деді.

— Жарайсың, жігітім! — деп мақтады шофер. Балалар машинадан секіріп түсті.

— Рахмет, ағай!

— Рахмет сізге! — десіп жамыраса алғыс айтты олар шоферге.

Айдар мұлде ағынан жарылды. Ғабдоллаға арналған жұмыртқадан шоферға екі жұмыртқа бергісі келді. Сол замат: «мүмкін алмас, алмай жүрсе ұят болар», — деген ой келді. Соңан соң түйіншегін арқалап алды да, тағы алғыс айтты.

— Рахмет, ағай!

— Алғыс айтудың қажеті жоқ. Жалғыз зерігіп келе жатыр едім, маған да көнілді болды. Қош болындар, балалар! Орталық көшемен тұра барындар. Аурухана ауылдың арғы шетінде.— Осыны айтты да, шофер балаларға басын изеп, қоштасып жүріп кетті.

Аурухана онша алыс емес-ті. Балалар арықтың бойына келіп тоқтады да, киімдеріне қонған шаңды қақты. Жақсылап жуынды. Шаң-тозаңнан тазарып алған жөн. Олар мал қорасына кетіп бара жатқан жоқ қой, ауруханага бара жатыр. Әрбір істің өз тәртібі бар.

Аурухана кең дәлізді ағаш үйде екен. Оның алдында ақ халат киген бір әйел шәлі тоқып отыр. Әріректе осындай тағы бір ағаш үй көрінді. Оның жанында бір келіншек баласын емізіп отыр. Сонау жуан қарагайдың түбінде екі ерекк жантайып жатыр. Аула ішіндегі бағаналарға арқан керіліп қойылыпты. Сол арқан үстінде самсал ақ простиля ілулі түр. Шәлі тоқып отырган әйел оқта-текте ілулі тұрған кірге көз салып қояды. Сірә осы маңда жайылып жүрген ешкілерден кірді күзетіп отырса керек. Ешкі малы ақ кірді шайнауға жаны құмар келетіні бар ғой.

— Апай,— деді Вәзир, аса ілтипатпен әлгі әйелге.— Біз жолдасымыздың көнілін сұрайық деп келіп едік. Оның есімі, Ғабдолла Жоламанов.

— Жоламановтың халі өте жақсы. Төртінші

палатада жалғыз өзі жатыр. Тек қазір кіруге болмайды. Науқастар ұйықтайтын мезгіл. Тұрган соң өзі-ақ шығады. Біздегі тәртіп — осындай.

Бұл тәртіп балаларға ұнаған жок. Алыс жолдан асығып келгенде, науқастардың оянғанын күтіп, сарғайып тағы қалай отырсын.

— Ардақты апай, бізді жіберіңізші,— деп жалынды Жақып.— Біз ақырынғана, дыбыс білдірмей, аяғымыздың ұшынан басып кіреміз!

— Аяқтың ұшынан басып та, өкшеңмен басып та кіруге болмайды! Барыңдар, барыңдар! Кейінірек келесіңдер! — деп кесіп айтты әлгі әйел.

— Апай, біз алыстан келдік... Бүркітті аулынан келдік!

— Бүркіттіден бе, Қарғалыдан ба, мен үшін бәрі бір! Болмайды деген соң, болмайды!

Балалар ауладан шықты да, үлкен қайыңның көлеңкесіне барып жатты.

— Ия, хал онша жақсы емес! Бір күн текке өтетін болды,— дейді Айдар.

— Жолымыз сәтті болмады! — деп күрсінді Жақып.

— Жол болмады деп уәлеп, аhlай беретін болсақ, ештеңде де шықпайды. Бір амал табу керек,— деді Вәзир.

Жолшылар бір-біріне жақындай түсіп, пыш-пыш сыйырласты да, аурухананың ауласына қарай қайтадан бет алды. Баяғы әйел шәлісін тоқып әлі отыр.

— Уақыт өтер емес, апай,— деді Вәзир.— Бекерден-бекер қарап отырган соң адамның іші пысады екен... Біз істейтін бір шаруаңыз жоқ па? Есінеп отыра бергенше, бірдене істеп тастайық.

— Жұмыстан именбейтін жанға ол шіркін табылмай ма? — деді әйел тоқымасынан көзін алмай.

— Шаруа болса тезірек атаңыз, біз үшеуlep, көзді ашып-жұмғанша жайап тастайық.

— Олай болса — жарайды,— деді әйел. Кенет мейірленіп.— Ерінбесендер, барыңдар, ана ілулі тұрган кірді жинап әкеліндер, өзі қурап та кеткен болар. Мына тоқымасы құрғырдан қолым босар емес. Сол кірді жинап, сарайға кіргізсендер мен сендерге

рахмет айтар едім... — Әуелгідей емес, әлгі әйелдің бұл жолы жүзі жылып, күлімдей сөйледі. — Өздерің де білетін шығарсыңдар «бір рахмет мың пәледен құтқарады», — деген мәтел бар. Қәне, бір қайрат көрсетіп жіберіңдерші. Тек кірді жерге түсіріп алыш, былғап жүрмендер.

— Апай, біз ептең жинаймыз...

Балалар қолма-қол іске кірісті. Олар ызбарлы апайдың көңлін тапқысы-ақ келіп жүр. Кірді өреден ептең жинап алыш, сарайға апарды.

«Жақсы балалар бар-ау,— деп ойлады, балалардың ісіне риза болған әйел.— Менің баламды жұмсаң тіл алғыза алмайсың, ал мына балалар өздері-ақ құлшынып тұр».

— Рахмет, қарақтарым! Жақсы балалар екен-сіндер! — деп мақтады әйел кір түгел жиналған кезде. — Рахмет, балаларым!

— Рахметіңізді алдық қой, апа! Сол рахметіңіз енді бізді тағы бір пәледен құтқарсын да! Біз жолдасымызға барып жолығуымыз керек! — деді Айдар.

— Қара, бұлардың қуын! Менің тіпті ойыма да келменті-ау! — деп күлді әйел.— Енді қайттім? Дәрігер көріп қойса, бәріміздің де сорымызды қайнатады!

— Апай, біз одан қорықпаймыз.

— Жоқ, жоқ, болмайды... Үшеуіңді бірден жібере алмаймын.

— Екеуімізді ғана жіберіңіз. Ал мынау, — Вәзирдің жеңінен тартып көрсетті Айдар, — аулада қала тұрады.

— Жарайды. Тек дыбыстарыңды шығарушы болмандар! — Әйел жан-жағына қарап алыш, сыбырлады, — төртінші палата, кірісімен он жақтағы екінші есік...

Айдар мен Жақып аяқтарының ұшынан басып, үйге кірді де есікті жапты.

Вәзір шәлі тоқып отырган әйелдің қасында қалды.

— Осыншама әдемі шәліні кімге тоқып отырысыз! — деп сұрады Вәзир.

— Қызым бар, соған тоқып отырмын. Өзі бұзау бағады. Қолы тимейді,— деп түсіндірді әйел.

— Менің шешем тауық фермасында істейді,— деп әңгімені соза түсті Вәзир.

— Тауықтары жұмыртқа таба ма?

— Тапқанда қандай! Бірінен бірі асып түседі! Домалатады да жатады! Біз тіпті жинап үлгере алмаймыз! — деп бөстіріп жіберді Вәзир.

— Тамаша екен!

Әйел өте сөзқор екен. Әңгімелесе келе мұлде ағынан жарылды. Откен-кеткеннің бәрін жасырмай айтып жатыр. Вәзирге керегі де осы болатын. Әйелдің сөзін қостап, ара-тұра сұрақ та беріп қояды. Әйелдің әңгімесі таусылар емес. Өмірінде көрмегені де, істемеген жұмысы да болмаса керек.

Шәлі де тоқыпты, пеш те салып, көйлек те тіккен, пима да басты, артист болып театрда ойнаса керек, жас шағында жігіттерден қалыспай, талай-талај сабан тойда атқа да шауыпты... Айтып-айтпай не керек, заманында ерен өжет, өте батыл қыз болыпты-ау бұл апаң!

### КҮТПЕГЕН ҚОНАҚ

Айдар мен Жақып палатаға келіп кіргенде, Ғабдолла іші пысып зеріккен соң үйдің төбесіне жабысқан шыбынды санап жатыр еді. Жолдастарын көргенде, селк өте түсті. Жалма-жан көзін уқалап, қайтадан қадала қарады. Келгендер де сасып қалды, есік алдында состып тұр.

— Немене, келдіңдер ме? — деді Ғабдолла, аузына басқа сөз түспей.

— Келдік! Сен жазылдың ба?

— Жазылдым.

— Қолың ауырмай ма?

— Жоқ, ауырмайды.

Балалар бірінен соң бірі қол беріп, амандасты.

— Ғабдолла, амансың ба?

— Аманбысың.

— Вәзир неге келмеді? — деп сұрады Ғабдолла, қол алып жатып.

- Келді. Оны жіберген жоқ. Сыртта қалды.
- Біз саған сәлемдеме әкелдік. Мынау — қақ.
- Вәзир берді,— деді Айдар түйіншекті Ғабдоллаға беріп жатып.
- Сәлемдемелерің үшін рақмет. Тіпті, тамағымнан ас өтер емес. Үйді сағындым, қайтқым келеді. Эжем аман ба? Балықтар қалай? Тірі ме?
- Тірі болғанда қандай? Асыр салып секіріп жүр? Сені қашан жібереді?
- Тағы да он күннен кейін,— деп тұр. Бір аптадан соң білегімдегі балшықты алмақ.
- Oho-ho!
- Құс болсам, әлдеқашан-ақ терезеден шығып, ұшып кетер едім! Шалбар бермейді,— деп, Ғабдолла терезенің алдына келді. Терезе орман жақта болатын, марля ұстап қойыпты.
- Мына пердені сыйдырып тастап, далаға зытып шықсан, бірде-бір жан көрмес еді-ау.
- Айдар жалма-жан жауап берді:
- Киім дегенің бізде жетерлік. Жақыптың үстіндегі киімі қос-қостан.
- Мұнан соң балалар бос сөз айтып, уақыт оздырған жоқ. Ғабдолланың үстіндегі ақ көйлек-дамбалды шешіп алды. Онан соң шалбар киоіне жәрдемдесті. Шалбар шақ екен. Тек көйлек тар, гипсталген қолға жеңі сыймай қойды. Балалар бұған бола абыржыған жоқ. Жақып жеңді сар еткізіп сөгіп жіберді.
- Үйге барған соң шешем тігіп берер,— деді ол.
- Ғабдолланың әжесіне деп жинаған сәлемдемесін түйіншектің ішіне салды. Айдар терезенің пердесін қызырын ғана алды. Терезеден секіруге енді ыңғайланғанда, Ғабдолла жолдастарын кілт тоқтатты.
- Қоштаспай кетуге болмас.
- Ол түмбочкадан бір жапырақ қағаз беріп қарындаш алыш, жаза бастады.

«Қадірлі доктор ағай! Сізге көптен-көп рахмет. Мен біржолата жазылдым. Енді аулыма қайтып барадам. Жолдастарым киімімді алыш келіпті. Білегім-

*дегі балшықты алатын мезгіл жеткенде, бір аптадан соң өзім келем. Айыпқа бұйырып журменіз.*

*Габдолла Жоламанов».*

Терезе жерден онша биік емес-ті. Бірінші болып Айдар секірді. Онан соң абайлап Габдолла түсті. Жерде тұрган Айдар оның белінен құшактап көтеріп алды. Ең соңынан Жақып секірді. Ол секірем деп құлап түсті. Қарағайдың тамырына тізесін соғып, ауыртып алды. Тізесі қаң-қақсап, жанына қатты батты. Бірақ Жақып қынқ еткен де жоқ.

Балалар жан-жаққа қарады. Ешкім көрінбеді. Енді олар орманға қарай зытты. Орман арасына еніп, кісі көзінен таса болған кезде аялдады. Айдар құс даусына ұқсатып, ұзақ бір ысқырды. Осынау үн Вәзирдің зерек құлағына сазды музыкадай естілді. Эйтсе де ол сыр білдірген жоқ. Жолдастарының белгісін естігенде, отырған орнынан атып тұрып, зыта жөнелмеді.

— Анау бұтаның артына барып келейінші,— деді ол жай ғана.

Әңгімелесіп отырған эйел дәл осы мезетте клубқа қойған соңғы ойын жайындағы сөзін өлі аяқтап біткен жоқ-ты.

— Тұра тұр,— деді эйел,— қазір айтып болам.

— Ол ойынды мен көргенмін. Біздің ауылға қойған болатын,— деді шыдамсызданып Вәзир.

— Көрген болсаң, әлгіде-ақ айтсаң болмай ма! Мен саған басқасын айттар едім. Ал енді әлгі бай баласы жайындағы спектакльді тыңдашы өзің...

Орман жақтан құстың даусы тағы да естілді.

— Шіркін жаз айлары не деген тамаша! — деп күрсінді әлгі әйел.— Құстар сайраганда, көңілім көтеріледі.

— Ой, ішім! — деп ыңырсыды кенет Вәзир.

— Ойбай, онда бара гой, жүгір,— деді әлгі әйел. Вәзир ішін ұстап алды да орманға қарай зытты...

Қайтқан кезде балаларға арба да, ат та кездескен жоқ. Олар ұзақ жолда жаяу келе жатыр. Жолжөнекей балалар әңгіме соғып, шаршаганын сезбеді.

Габдолла ауруханада жатып, іші пысқанын айтты.

— Эжемнен хат алған шақта, қуанышым қойныма сыймады,— деп есіне алды өткен күнді ол.

— Ол хатты жазған мен,— деп мақтанып қойды Вәзир.

— Жазуың әдемі-ақ,— деді оған Габдолла.

— Сол хатта Нагима әже әкеңнің медалін саған берем, күні бойы омырауыңа тағып жүресің, деп жазғызған болатын,— деді Айдар.

— Ия, солай деп жазылыпты,— деп мақұллады Габдолла.— Эжемнің ол сөзіне рахмет. Тек мен медальді тақпаймын,— деді ол.

— Неге! Сондай зор құрметтен қалай бас тартасың? — деп таңдауды балалар.

Габдолла басын шайқады.

— Эке даңқы балаға қонбас болар. Даңқ — бөрік емес,— деді ол.

Балалар үндемей қалды. Өз басшысына аса бір ілтиппен қарады олар.

— Солай да болар,— деді Айдар.— Даңқ қонбайды. Бірак, бала батыр әкесіне тарта береді. Шарифолла атайдың өзі осылай деген болатын!

— Рас, батыр әкеге тартып ұл туады! — деп мақұллады Вәзир, қолын көкіргіне қойып.

— Мына біздің Габдолла әкесіне тартқан,— деп масаттанды Жақып.

— Бұл ақиқат! — деді аса бір мақтаныш сезіммен балалар. Габдолла қос құлашын кере жайып, жолдастарын құшақтады. Төрт дос құшақтасып, қазқатар келе жатыр.

Әне Керемет, қараңдаршы!

Жол үстінде келе жатқан төрт бала үлкен төбенің үстіне шықты. Бұл уақытта күн бар әлемге нұрын шашып, Кереметтің үшар басында түрған болатын. Осы бір сөтте Керемет нарттай қызыл жалын шашқан жанартауға үқсайды. Балалар өздерінің Кереметтіне шаттана қарап тұр. Айдар тебіреніп кетті білем, сызылтып жырлап та жіберді:

Алystan сонау көрінген,  
Кереметтің ақ тасы,

Жүрмейді қайда ер жігіт,  
Арынды болса ат басы.

Айдардың ізінше балалар да жырға қосылды.

Алда Керемет. Міне енді «Үш таған» үш тағанмен емес, төрт аяғымен басып тұр. Бірнеше күннен кейін олар жолға шықпақ. Тау басында мұлгіп жатқан көлге жан бермек. Тәуекелге бел байлап, жолға шыққан ер-азамат қынышылықтан тайсалып, көздеген мақсатына жетпей кері қайтып көрген емес. «Үш таған» да алған бетінен кері қайтпайды. Олар сонау таудың зәулім басына әлі-ақ шығады. Ол-ол ма, не-лер асқар-асқар асудан да асар.

Жылдар өтер. Осынау біздің жас ұландар күні ертең-ақ тепсе темір үзетін жігіт болады. Сол шақта, олар Кереметтен де зәулім таулардың басына шығып, талай-талай көлге жан береді, олар тек жер бетін ғана емес, көкті де гүл жайнатады.

Сіз бұған сенесіз бе? Мен сенем.

## КІТАП ОҚУШЫЛАРҒА БІРЕР СӨЗ

Бұркітті аулындағы жас достарыммен менің де қоштасар мезгілім жетті. Кітап оқығандар, осынау кітаптың соңғы бетін жапқан шақта, олармен сендер де қоштасасындар. Достарыңды қоштасқанда қимайсын. Міне қазір мен де достарымды қимай отырмын. Сен ше?

Кітапта өзгеше ештеңе бола қойған жоқ. Кейіп-керлердің бәрі де аман-есен. Ғабдолла ғана аздал жараланды. Басқалары түгел сау-сәлемет. Ғабдолланың жарасы да ұзаққа созылған жоқ, жазылып кетті. Менің қаһармандарым ерекше ерлік көрсетіп үлгере алған жоқ. Туып-өскен аулының даңқын да, өздерінің даңқын да әлі шығарған жоқ. Дегенмен, олар аса маңызды бір іс істеді. Жазғы бірнеше аптаның ішінде балалар көп нәрсені ой таразысынан өткізді. Өздері де әжептәуір өзгерді. Ерлік іске әзір екендіктерін көрсетті. Қажет болса, олар қандай да болсын ерлік жасай алады.

Ерлік демекші, ерлік жайында айта кетейікші. Менің ойымша, ерлікті ешкім де алдын ала ойластырып жасамақ емес: «Міне, қазір мен ерлік жасап, адамдарды таң қалдырамын», — деп айта алатын адам сірә табыла қоймас. Еңбекте болсын, ұрыста болсын әрбір адам алдын ала есеп жасамастан, туған елі, өз халқы алдындағы борышын орындау жолында бар күшін аямай жұмсайды. Ерлік дегенді іздемес болар. Жан қиярлық, қажырлылық қажет болған шақта, ерлік көрсетілді. Ерлік дегеніміз тек ерекше жағдайда, айталық Александр Матросовтың немесе Зоя Космодемьянскаяның ерлік көрсеткені силяқты жағдайда ғана туда бермейді. Бір қарағанда, тіпті жай нәрсе силяқты көрінетін, әрбір істе-ақ ерлік туда береді. Менің ойымша, ерлікке бастайтын ең басты нәрсе — алдымен ер жүрек болу қажет, жастан бастап қажымас-қажырлы қасиетті бойға сіңіріп, құнделікті істе, жүріс-тұрыста адал, өжет те батыл болу керек.

Майданда болған кездегі мынадай бір оқиға есімде сақталып қалыпты. 1944 жылғы көктем кезі еді. Днестр өзенінің арғы бетіндегі шағын ғана бекініске орналасқан біздің артиллеристеріміздің бір расчеты жау боратып оқ жаудырып тұрган шақта, фашистердің шабуыл жасап келе жатқан танктерін атқылап жатты. Айналада оқ зу-зу етеді. Снарядтар гүрс-гүрс жарылышып жатыр. Сол заматта зеңбіректі оқтаушыға көзім түсті. Қарасам, оның жүзінде сасқалақтаап, үрейленушіліктің нышаны да жоқ. Аспай-саспай, зеңбірекке снарядты бірінен соң бірін салып жатыр. Ол құдды үйінде отырып, пешке томар салып отырған адам силяқты. Осынау шақта ол ерлік жайында, даңқ жайында ойлаған да жоқ. Артиллерист-жаянгер міндеттін аспай-саспай, мұлтіксіз орындағы. Сөйті тұра ерлік істеді.

Мен аздал әңгіменің бетін басқа жаққа бұрып әкеттім-ау, бірақ жас достарым жайында ұмытқам жоқ. Осы кітапты жазған кезімде, мен де бір оқиғаға тап болдым. Осынау балалар маған өте ұнады. Мен олармен достасып кеттім. Айнымас дос болдық. Өздерің-ақ ойландаршы, мұның өзі де аз іс емес.

Кымбатты оқушым, осынау балалармен егер сендер де дос болып кетсөндер, менің қуанышымның шегі болмас еді-ау. Сұранып дос болмайтынын мен, әрине, білем. Достық деген біздің еркімізбен санастып жатпайды, өздігінен туады.

Сіздің менен былай деп сұрауыңызға да қақыңыз бар: «Олар Керемет тауына барды ма, айдыны құрып бара жатқан көлді жандандырды ма?» Олардың ойға алған ісінің бәрін де орындағандығы маган кәміл. Олай болмаса, мен олармен дос болмас та едім. Қолынан түк келмейтін мылжыңдарды, тұрлаусыз, қиялшыл жалқауларды жаным сүймейді. Ондайлар үшін осыншама қағаз бен сияны қор етпеген де болар едім.

Маган қолынан келетін істі ойластыратын, ойға алған ісін орындалап шыға алатын адамдар ұнайды.

Осымен айтарым тамам. Көріскенше қош болыңдар, достар!

Автор



## МА ЗМҰНЫ

Бұркітті аулы . . . . .	3
Кекірек таудағы әңгіме . . . . .	6
Бастық сайлау . . . . .	8
Вәзирдің алғашқы ағаттығы . . . . .	18
Үй шаруасы . . . . .	21
Үшінші тіреу . . . . .	26
Данқ — әке бөркі емес . . . . .	31
Өнегелі өзгере бастады . . . . .	33
Тарқалшы, жібім, айнала . . . . .	38
Өнегелі енді Жақып атанды . . . . .	45
Айдын көлде балық ойнайды . . . . .	51
Таңғы жаңбыр . . . . .	54
Қайыққа жүзу үйретіп жүрмін . . . . .	57
Жаңбырдан соң . . . . .	63
Вәзирдің екінші ағаттығы . . . . .	71
Қаптың ба, балық, қармақты . . . . .	73
Бұқамен арпалыс . . . . .	84
Хат . . . . .	89
Жауап . . . . .	94
Жол . . . . .	97
Күтпеген қонақ . . . . .	104
Кітап оқушыларға бірер сөз . . . . .	108

Қымбатты оқушым, осынау балалармен егер сендер де дос болып кетсендер, менің қуанышымның шегі болмас еді-ау. Сұранып дос болмайтынын мен, әрине, білем. Достық деген біздің еркімізben санасып жатпайды, өздігінен туады.

Сіздің менен былай деп сұрауыңызға да қақыңыз бар: «Олар Қеремет тауына барды ма, айдыны құрып бара жатқан көлді жандандырды ма?» Олардың ойға алған ісінің бәрін де орындағандығы маган кәміл. Олай болмаса, мен олармен дос болмас та едім. Қолынан түк келмейтін мылжындарды, тұрлаусыз, қиялшыл жалқауларды жаным сүймейді. Ондайлар үшін осыншама қағаз бен сияны қор етпеген де болар едім.

Маган қолынан келетін істі ойластыратын, ойға алған ісін орындашыға алатын адамдар ұнайды.

Осымен айтарым тамам. Қөріскеңше қош болыңдар, достар!

Автор



## МА З МҰНЫ

Бұркітті аулы . . . . .	3
Кекірек таудағы әңгіме . . . . .	6
Бастық сайлау . . . . .	8
Вәзирдің алғашқы ағаттығы . . . . .	18
Үй шаруасы . . . . .	21
Үшінші тіреу . . . . .	26
Даңқ — әке бөркі емес . . . . .	31
Өнегелі өзгере бастады . . . . .	33
Тарқалыш, жібім, айнала . . . . .	38
Өнегелі енді Жақып атанды . . . . .	45
Айдын көлде балық ойнайды . . . . .	51
Таңғы жаңбыр . . . . .	54
Қайыққа жұзу үйретіп журмін . . . . .	57
Жаңбырдан соң . . . . .	63
Вәзирдің екінші ағаттығы . . . . .	71
Қаптың ба, балық, қармақты . . . . .	73
Бұқамен арпалыс . . . . .	84
Хат . . . . .	89
Жауап . . . . .	94
Жол . . . . .	97
Күтпеген қонақ . . . . .	104
Кітап оқушыларға бірер сөз . . . . .	108

*Кәрім Мұстай*  
**ҮШ ТАҒАН.**  
Ауд. І. Төребаев.  
Алматы, «Жазушы», 1965  
112 бет.

*Мұстай Карим*  
**ТАГАНOK**  
(На казахском языке)  
Издание издательства  
«Жазушы» — 1965

*Редактор К. Копишиев*  
*Художник Т. Говорова*  
*Худож. редактор А. Гурьев*  
*Технич. редактор П. Вальчук*  
*Корректор М. Рзагалиева*

Сдано в производство 30/VI-65 г.  
Издат. № 212. Подписано к печати  
27/VIII-65 г. Формат бумаги  
 $84 \times 108^{1/32} = 3,5$  печ. листа — 5,88. Усл.  
печ. листа. (Уч.-изд. 5,23 листа).  
Тираж 7500 экз. Цена 17 коп.

Алма-Ата, Типография № 2 Глав-  
полиграфпрома Государственного  
комитета Совета Министров Казах-  
ской ССР по печати. Заказ № 754.



17 T.